

Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.
Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ISSN 2410-6690



ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

*Казархский язык и литература
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

4/2015 СӘУІР

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш
САРИЕВА, Пиалаш СУЙІНКИНА.*

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<i>Мұғалімдерге көмек</i>	
Қарлығаш ТАГИМАНОВА.	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудағы басты мақсаттар.....3
Назира КЕКІЛБЕКОВА.	Пунктуацияны оқытудың жолдары.....9
Әшіркүл АХМЕТОВА.	Сынақхаттар жүргізу арқылы оқушылардың сауаттылығын арттыру.....15

<i>Туімді әдіс – баршаға ортақ</i>	
Гүлмира ҚАСЕНОВА.	Оқыту мен оқудағы диалогтік әдістің тиімділігі.....20

<i>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</i>	
Еркін ШЕРИЯЗДАНОВ.	Сүйінбай Аронұлы. «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері».....25
Айжан НҰРМАҒАНБЕТОВА.	Бейімбет Майлиннің «Айт күндері» әңгімесін оқыту.....29

<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>	
Алмагүл СЕЙТАХМЕТОВА.	Қыс. Зат есім.....32
Сәуле БАЛЖАНОВА.	Баспасөз – өмір айнасы.....36
Раушан РЫСҚҰЛОВА.	Қазақ халқының салт-дәстүрлері – ұлттық мұрамыз.....41
Бақыт ЕРЖАНОВА.	Киімдерге қатысты тыйым сөздер.....46
Тамара ТАШЕВА.	Көкшетау өңірі.....49
Жаннагүл ЖҰЛҚАШЕВА.	Тіркесті сөздер.....53
Тана АМАНЖОЛОВА.	Тіл үйрену – өмір талабы.....59
Майрагүл АЙТПАЕВА.	Әбілхан Қастеевтің туындылары.....64
Мейрамгүл ЖАКЕНОВА.	Қазақстанның астаналары.....68
Гүлсара МҰҚАНОВА.	Зат есімнің тәуелденуі.....73
Айгүл ЖҮНІСОВА.	Кім көп біледі?.....77
Роза БЕКЕШОВА.	Спортпен әуестену.....83
Роза ОМАРОВА.	Мектеп асханасы.....89
Нұргүл ҚАЙДАРОВА.	Радионың маңыздылығы.....93
Раушан ЖАҚСЫҒҰЛОВА.	Бәйтерек – Астананың символы.....95
Ұмсыннай ҚАЙЫРЖАНҚЫЗЫ.	Отырарлық ғалым.....98

<i>Білім негізі – бастауышта</i>	
Күнсәду МҰРНИКОВА.	Математика сабағында.....101
Гүлнұр ҚАЙЫПОВА.	Қалалар.....103
Зера ШІЛДЕБАЕВА.	Ертіс өзені.....106
Мереке ИБРАИМОВА.	Үй жануарлары.....112

<i>Білім сынағында</i>	
Айғаным АЙШИКОВА.	Қазақ тілі пәнінен 8-сыныпқа арналған нәтиже сабақ тапсырмалары.....116
Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА.	Деңгейлік тапсырмалар.....127

<i>Литературный вечер</i>	
Асемгүл АСАЙБЕКОВА,	Жемчужина севера.....133
Наталья НАТКЕ.	

<i>Тіл тағдыры – ел тағдыры</i>	
Гүлсім БАЙМҰХАМБЕТОВА.	Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте.....139

Мұғалімдерге көмек

Қарлығаш ТАГИМАНОВА,
Төлеу Шаханов атындағы
№3 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Ақмола облысы,
Ерейментау қаласы.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДАҒЫ БАСТЫ МАҚСАТТАР

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңына “әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту” сияқты өзекті мәселенің енгізілуі – қазіргі заман талабы.

Білім беру саласы – қай елде болмасын, басымдыққа ие салалардың бірі. Халықтың интеллектуалды деңгейінің жоғарылығы – мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуының кепілі екендігі бәріне белгілі. Елбасымыздың «Қазақстан – 2050» ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламасында білім беру саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлер алдына анық мақсат қояды: «... барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. 2020 жылға қарай Қазақстандағы 3-6 жас аралығындағы балаларды

мектепке дейінгі біліммен 100 пайыз қамту жоспарлануда. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс.» Біріншіден, елбасымыз айтқандай, бізге өзіміздің «бірегей білім беру жүйесін» құру қажет. Ол үшін өзге елдердің білім беру жүйесін бірегей етіп, жетістіктерге жеткізіп жатқан ерекшеліктерді танып-білген жөн. «Жалпы білім беретін мектептердің оқыту деңгейін Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек» деген жалпы білім беретін мектептер интеллектуалдық мектептерге айналуы керек деп ұғыну – қате. Жалпы білім беретін мектептерде оқыту қалай жүріп жатыр деген сұраққа жауап іздегеннен кейін елбасымыздың айтқан сөзінің тереңдігі түсінікті болады. Біз балаларға неғұрлым көп білім беруге тырысамыз, олардың өздігімен білім алуына жағдай жасау керектігін ескере бермейміз. Мұғалімдер кімнің неге қабілетті екендігін өздері анықтап, сол қабілетіне қарай өздері тапсырмалар дайындап, орындатады. Оқу барысында оқушылар бір-біріне әсер етіп, өзара үйренісе алатыны ескеріле бермейді. Кембридж жүйесі бойынша үш айлық курстың бағдарламасын тыңдағаннан кейін, балалар білім алу жолдарын білгеннен кейін белгілі бір нәтижеге қол жеткізе алатынын білдім. Сондықтан оқушыларға білім алу жолдарын нұсқаған жөн. Өздері әр түрлі бағыттарды, тәсілдерді таңдау арқылы алдына қойылған мақсатқа жетуге ұмтылады. Бұл оқушылардан шығармашылықты талап етеді.

Тәжірибе көрсететіндей, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға негізделген оқыту технологияларының бірі – оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау философиясының мәні – мәселенің дұрыс-бұрысын анықтау деген сөз емес. Оқушылардың сындарлы ойлау машығын қалыптастыру дегеніміз – ерекше шешім қабылдау, өзгеше көзқарас білдіру деген сөз.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың ғылыми-теориялық негіздемесі

Қазақ тілін оқытуда жеке тұлғаның қабілетінің ашылуына көмектесетін тәсілдерді қолдану шығармашылықпен жұмыс істей алатын балалардың қажеттіліктерін өтейді. Ал ол қандай тәсілдер деген сұрақ туады. Жалаң нұсқау берумен оқушыны шығармашылыққа жұмылдыру мүмкін бе? Жұмыс жүргізудің ондай тәсілі ешқандай нәтиже бермейтінін түсінеміз. Сол үшін сабақ барысында оқушыны жетістікке жеткізу үшін, қандай әдіс-тәсілдерді қолдануға болатынын анықтап, іс-тәжірибеге енгізудің жолдарын қарастыруды алға қойдым. Осы жұмысты іске асыру үшін «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында модульдік технология негізінде оқытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру» деген әдістемелік тақырыпты таңдадым. Орыс сыныптарына арналған қазақ тілі оқулықтары модульдер негізінде құрылған. Сондықтан қазақ тілін орыс мектептерінде оқытуды модульдік-блоктік технологияға икемдеген дұрыс деп санаймын. Әр модульдің кіріспе сабағында сөздікпен жұмыс жүргізуді жөн санаймын. Кейінгі сабақтарда модуль тақырыптары бойынша сөйлесу жүргізіледі. Қорытынды сабақ – нәтижені тексеру сабағы. Бұл – мазмұн берудің қалыбы, яғни, формасы. Ал

мазмұнның өзі шығармашылықты қажет ететін әр түрлі тапсырмалардан құралу керек. Менің ойымша, модульдік технология – оқытудың қалыбы болса, сын тұрғысынан ойлау технологиясы – оқытудың мазмұны. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегияларын мұғалім де, оқушы да білу керек, яғни, оқушы алдында тек үйрену мақсаты ғана емес, сонымен қатар, үйренудің жолдарын білу мақсаты да тұрады. Сондай-ақ, бұл стратегиялар шығармашылыққа, ізденімпаздыққа баулиды.

Шығармашылықты қажет ететін іс-әрекетті ұйымдастыру

Жоғарыда айтылғандай, модульдік технология негізінде құрылған сабақтардың кіріспе сабағында сөздікпен танысу жұмысы жүргізіледі. Мен оқулықтың әр модулі бойынша сөздік құрған едім. Сөздікпен жұмысты тиімді ұйымдастыру – қазақ тілі сабақтарында өте маңызды. Сөздерден сөзжұмбақ, белгілі бір тақырып бойынша бірнеше сөйлем құрау, сөздерге баламалар табу, синонимдік, антонимдік сынарларын табу деген сияқты тапсырмалар беріледі. Оқушыларға өздері дайындаған тапсырмаларын сыныптастарына ұсыну ұнайды.

Мысалы, 5-сыныпта өткізілетін сөздікпен жұмыс реті келесідей болуы мүмкін:

- а) оқушылар дәптерлеріне 1 минут ішінде «Біздің Отанымыз» тақырыбы бойынша білетін сөздерін жазады;
- ә) кім қанша сөз жазғанын санап, жазу тапсырылады.
- б) ең аз сөз жазғандарға сөзжұмбақ шешу тапсырылады.

Бұл сөздер модульдің кіріспе сабағында оқушыларға таныстырылған еді, сондықтан олардың аудармасын оқушылар білуі керек. Осындай сөзжұмбақтарды өздеріне дайындауды тапсыруға болады, кейін бір-бірінің сөзжұмбақтарын шешіп, сөздермен сөйлем құрайды.

3	2	10	6	1					
				5	1	3	4	1	
				4					
	9	1	5	4	1				
		7							
	8	1	3	4	1				

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
а	о	к	т	с	ғ	н	м	л	р

Сөздермен танысқаннан кейін көп қолданылатын жұмыстың түрі – таныстырылған сөздерді пайдаланып, сөз тіркестерін құрау немесе орыс тіліндегі тіркестерді қазақ тіліне аударып, олармен сөйлем құрау. 7-сыныпта «Ұлттық тағамдар» модулі бойынша жұмыс басталғанда, келесі сөздер таныстырылады:

- пісір – вари;*
- қуыр – жарь;*
- бұқтыр – парь;*
- араластыр – смешай;*
- дайында, әзірле – готовь;*
- тазала, аришы – чисти;*
- кес, тура – режь;*
- ұсын – предложи;*
- табақ тарт – угости блюдом;*
- дәм тат – вкуси;*
- шайна – жуи;*
- құнарлы – питательный;*

аш – голодный;
тоқ – сытый;
тәбет – аппетит;
ләззат, рахат – удовольствие;
қанағат – удовлетворение;
күлше нан – лепешка;
кәуап – шашлык.

Бұл сөздер оқушылардың сөздік дәптеріне жазылады да, төмендегідей жұмыс түрлері орындалады:

а) сөздерді пайдаланып, сөз тіркестерін құра (сын есім мен зат есім тіркесі, зат есім мен етістік тіркесі);

ә) сөздіктегі етістіктерді тұйық етістік, болымсыз етістік тұлғасында қолданып, олармен сөйлем құра;

б) етістіктерге ассоциация тап: қуыру – картоп, пісіру – сорпа, шайнау – ет, т.б.

в) сөздерді пайдаланып, сұрақ-жауап құра (оқушылар бір-біріне сұрақ қойып, жауап береді, мысалы, «Сен нені қуырасың?» «Мен ет қуырамын»)

г) сөздерді пайдаланып, «Ас» тақырыбына өзара байланысты 3-4 сөйлем құра. Мысалы, Мен кәуап пісірдім. Досыма кәуап ұсындым. Досым рахат алды.

2012 жылы Т.Артықованың авторлығымен «Атамұра» баспасынан шыққан 7-сынып оқулығының модульдері бойынша тақырыптық сөздік құрастырдым. Сөздікпен жүргізілген сапалы жұмыс кейін мәтін, сурет, жағдаят бойынша берілген тапсырмаларды шығармашылықпен орындауға көп септігін тигізеді.

Оқыту ментәрбиелеу үдерісінде оқушы шығармашылығын дамытудың қажеттілігі қоғам талабынан туындайды. Қоғам қашан да дарынды, қабілетті адамдарға мұқтаж болып келген. Қоғам барған сайын күрделене түсуде. Қазіргі кезеңде мамандық атаулының барлығы бейімділікті, ептілікті, шапшаңдықты, ерекше ой қызметін, мол шығармашылық

мүмкіндікті, өзін қоршаған түрлі жағдайларға тез икемделіп қана қоймай, оларды керекті бағытына шығармашылықпен бұра білу қабілетін де қажет етеді. Шығармашылықпен жұмыс істей алатын адамдар қоғам талаптарына тез бейімделе алады, табысқа жетуге мүмкіндігі мол, ең бастысы, ешкімге тәуелді болмай, дербес өмір сүреді. Ондай азаматтардың өсіп-қалыптасуына мектеп көмектесе алады. Шығармашыл, шешімшіл, тәуекелшіл жастарды тәрбиелеу – тек тіл мен әдебиет пәні мұғалімдерінің міндеті емес, сондай-ақ, барлық білім саласында жүрген қызметкерлердің алдында тұрған мақсат.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Әбдібекқызы. «Оқушылардың көркем шығармашылық қабілетін дамыту». А., «Рауан», 1994.
2. Қ.Қадашева. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі». А., «Мұрагер», 2005.
3. Послание Президента РК 2014 года «Казахстанский путь – 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее».



Назира КЕКІЛБЕКОВА,
Шымкент қаласындағы
Хамза атындағы
№42 орта мектептің мұғалімі.

ПУНКТУАЦИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Бастауыш сынып оқушыларының мәтіннің тыныс белгісін еркін қоюын қамтамасыз ету үшін мұғалімнің

пунктуациялық іскерлігі болуы тиіс. Ондай іскерлікті пунктуацияны оқыту әдістемесі қарастырады.

Бастауыш сыныпта пунктуацияны оқытудың мақсаты – оқушылардың пунктуациялық сауаттылығын, жазуда тыныс белгісін дұрыс қою іскерлігін қалыптастыру. Сауаттылық екі түрлі болады: толық және біршама сауаттылық. Толық сауаттылық – пунктуациялық норманы толық игеру, ал біршама сауаттылық – пунктуациялық ережелердің белгілі бір бөлігін игеру. Бастауыш сыныпта біршама сауаттылық қалыптасты. Біршама сауаттылық деңгейін оқылатын пунктуациялық ережелердің саны мен бағалау нормасының талабы айқындайды. Бастауыш сыныпта пунктуацияны оқытуда: танымдық және практикалық мақсат қойылады.

Танымдық мақсат:

Пунктуациялық норманы меңгеру үшін пунктуациялық іскерлікті қалыптастыратын пунктуациялық білім қажет. Атап айтқанда:

- пунктуациялық, тыныс белгісінің қызметін ашу;
- пунктуацияның негізгі единицасымен таныстыру;
- тыныс белгілерінің қойылу себептерін білу;
- бағдарламадағы пунктуациялық ережелерді меңгеру.

Практикалық мақсат:

- оқушылардың пунктуациялық қырағылығын дамыту;
- оқылған ережелерге сай белгілерін қоя білуге үйрету;

- тыныс белгісін қойып, оны дәлелдеу;
- тыныс белгісінен кеткен қатені тауып, оны түзетуге үйрету.

Пунктуация: логикалық, синтаксистік және интонациялық ұстанымдарды басшылыққа алады. Қазіргі пунктуация негізінен семантика-грамматикалық ұстанымға негізделеді. Бұның компоненттері – сөйлемнің мағынасы мен грамматикалық құрылысы (А.Әбілқаев).

Жеке әдістемелік ұстанымға пунктуацияның синтаксистік құрылымы жатады. Құрылымына қарай бір сөзді (қаратпа, қыстырма сөздердің тыныс белгісі: Кел, балалар, оқылық), сөз тіркесі және сөйлем, мәтін ыңғайында келеді. Тыныс белгісін қоюда мағыналық бөлшектің морфологиялық (одағай, шылау) синтаксистік (үш құрамды, сөйлемдер, қаратпа, қыстырма, бірыңғай мүше, т.б.) дыбыстың, интонациялық, мағыналық ерекшелігі (себеп, қарама-қарсылық) болады.

Тыныс белгісі бір ережеге сай қойылады. Әрбір пунктуациялық ережеге тыныс белгісімен бөлінетін мағыналы бөлшек сай келеді. Тыныс белгісін қоюда позитивті және негативті жағдайлар болады. Мысалы: бірыңғай мүшелердің арасына үтір қойылу керек (позитив) егер олар шылаулармен (және) байланысса, (негатив) қойылмайды. Пунктуациялық ұғымдарға: тыныс белгілері, тыныс белгілерінің қызметі, пунктуациялық-мағыналық бөлшек, тыныс белгісін қоюдағы белгілер, пунктуациялық норма, пунктуациялық қате жатады.

Пунктуациялық норма - ережеге байланысты тыныс белгісін қою және қажет болмаса қоймау. Асан – оқушы. Сызықшаның қойылуы пунктуациялық норма, егер қойылмаса нормадан ауытқу. Тыныс белгісі – жазуда қолданылатын графикалық тәсіл.

Пунктуациялық қырағылық – сөйлемнен тыныс белгіні қажет ететін мағыналық бөлшекті таба білу. Ол үшін жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Пунктуациялық қате – тыныс белгісінің дұрыс қойылмауы.

Бастауыш сыныпта пунктуациялық іскерліктің мынадай түрлері қалыптасуы қажет:

- коммуникативтік единицаны, мағыналық бөлшекті (тыныс белгісін керек ететін) таба білу;
- өтілген ережеге сай тыныс белгісін қоя білу;
- тыныс белгісінің қойылу себебін дәлелдей алу,
- лепті сөйлемді жай сөйлемнен бөле алу;
- интонацияның түрін ажырата білу;
- автор сөзін басқа біреудің сөзінен ажырата білу;
- пунктуациялық талдау жасай білу.

Пунктуацияны оқытуда бастауыш сыныпта негізінен мұғалімнің сөзі, әңгіме, бақылау, талдау, оқушылардың өз бетімен жұмысы, салыстыру, ауыстыру, пунктуациялық талдау, т.б. әдіс, тәсілдер қолданылады. Пунктуациялық талдау толық (сөйлемдегі барлық тыныс белгісіне тоқталу), не ішінара (бір ғана тыныс белгіге тоқталу) жүргізілуі мүмкін.

Пунктуациялық талдауда:

- тыныс белгісі аталады, қызметі айқындалады;
- мағыналық бөлшек оқылады, тыныс белгісі қойылады.

Пунктуациялық іскерлікті қалыптастыруда орындалатын жаттығудың маңызы зор. Жаттығуларға: көшіріп жазу (тыныс белгісін қойып), диктант (белгілі бір тыныс белгісіне қарай) схема арқылы сөйлем құрау, тыныс белгісін қою (құрмалас сөйлемдер құрау) шығармашылық жұмыс (мазмұндама, шығарма жаздырту, тыныс белгісін қойдыру, себебін айтқызу, мәнерлеп оқыту, интонациясын дұрыс қойып оқу), техникалық құралдарды пайдалану (эпидиаскоп арқылы сөйлемді тақтаға түсіріп, оқушыларға тыныс белгісін қойдырту), т.б. жатады.

Бастауыш сынып тәжірибесінде пунктуациялық қатенің үш түрі кездеседі:

1) тыныс белгісін қоймай кету; 2) тыныс белгісін артық қою; 3) тыныс белгісінің қайсысын қоюды білмеу;

Оның себептері:

- пунктуациялық нормасын білмеу;
- мағыналық бөлшектің белгілерін білмеу;
- сөйлемге синтаксистік талдау жасай алмау;
- тыныс белгісінің қызметін білмеу; т.б.

Тыныс белгісінен кеткен қатені есепке алу. Оқушының дәптері тексеріліп, қате кеткен жердің асты сызылады, дәптердің шетіне белгісі қойылады. Оны не мұғалім түзетеді (егер өтілмеген ережеге байланысты болса), немесе, оқушы өзі ізденіп түзетеді. Тыныс белгісінен жіберілген қатені есепке алу мұғалімнің тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Мұғалім жалпы сыныпқа тән қателерді бір бөлек, жеке оқушының қатесін бір бөлек тізеді.

Пунктуациялық қатемен жұмысты мұғалім алдын-ала жоспарлайды. Ол мынандай элементтерде тұруы

мүмкін: дәптерді тексеру, есепке алу қағазын толтыру, сабақ жоспарын жасау. Сабақтың мақсаты тексерілген жұмыстың (бақылау диктанты, тіл дамыту жұмысы, т.б.) сипатына байланысты болады. Осыған орай пунктуациялық қатемен жұмысты жүргізу әдістемесінің 3 түрі болады:

- 1) жаттығу орындауда кеткен қателермен жұмыс;
- 2) бақылау диктантынан кеткен қателермен жұмыс;
- 3) мазмұндама, шығарма жұмыстарынан кеткен қателермен жұмыс.

Сонымен, қорыта айтқанда, пунктуация – сөйлемді және мәтінді коммуникативтік единицаларды жазуда мағыналық бөліктерге бөлудің графикалық тәсілі. Осыған орай пунктуациялық норманы теориялық тұрғыдан меңгерудің маңызы зор. Тыныс белгілерін дұрыс қоя білу – сауаттылықты арттырады, әрі синтаксисті жете меңгеруге көмектеседі. Тіліміздегі сөздер синтаксистік қызмет атқару үшін, сан алуан байланысқа түседі. Сол байланыстарды мағыналық жағынан дәл ажыратып тұратын – тыныс белгілері, тыныс белгілерін «оқудың нотасы» дейтін себебіміз де сондықтан. Олай болса, әрбір тыныс белгісі – сөйлемнің мағынасын айқындаушы көрсеткіш.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) Р.Сыздық. «Қазақ тілінің анықтағышы». Астана, 2000.
- 2) Ф.Мұсабекова. «Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы». А., 1991.
- 3) М.Балақаев, Т.Қордабаев. «Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы». А., 1971.
- 4) К.Аханов. «Тіл білімінің негіздері». А., 2003.

Әшіркүл АХМЕТОВА,
Қарағанды қаласындағы
«№9 гимназия» КММ-ң
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СЫНАҚХАТТАР ЖҮРГІЗУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Оқушылардың жазба жұмыстарын сауатсыз жазуы, жазбаша болсын, ауызша болсын өз ойларын көркем жеткізе алмауы, алған теориялық білімдерін қажетті кезде өз дәрежесінде қолдана білмеуі туралы жиі сөз болып жүр. Мұның негізгі себептерінің бірі- талдау жұмыстарының әлі де болса жүргізілу сапасының төмендігі, тілдік талдаудың теориямен байланыссыз жүруі дер едік.

Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады». Мұғалімнің ізденісі, жан-жақтылығы кәсіпкерлік арқылы айқындалады. Кәсіпкерліктің мазмұны мынадай қызметтерді жүзеге асырумен анықталады: болжау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу, үйлестіру, сәйкестендіру, белсенділігін арттыру, зерттеу.

Оқыту формасында оқушының өз еркімен білім алуына, материалды ойлау қабілетіне бағыттауға, оқытуды жаттанды түрде емес, шығармашылықпен меңгертуге көңіл бөлу қажет.

Қай-қай тілдің болса да, бір-бірімен байланысты екі жағы болады.

Біріншісі – тілдің сөздік қоры, екіншісі-грамматикалық жағы. Тілдің осы екі жағының бірлігінен, тіл қатынас құралы міндетін өтейді. Сол себепті баланың қазақ тіліндегі сөз қорын дамытумен бірге жеке тұлғада тұрған сөздерді ауызша сөйлесуде жекеше, көпше септеп, жіктеп, тәуелдеп айта білуге сынақхат, тапсырмалар орындату арқылы меңгерту өте тиімді. Сынақхаттар сөйлемді дұрыс құрастырып, сөйлеу тілін жетілдіреді. Оқушы сөйлеу тілін жетілдірген кезде қойылған сұрақтарды түсініп, толығымен жауап бере алады, әңгімеге қатыса араласады.

Қазақ тілінің морфологиялық бөлімін оқытуда сынақхат жүргізу тиімді. Бұл сынақхат оқушылардың жалғаулардан алған білімдерін бекітіп қана қоймайды, оқушылар біліміндегі кемшіліктерді анық көрсетіп бере алады. Сынақхаттың негізгі шарты– мәтіндегі жалғауларды «күпиялау». Мысалы: «Бұл қаланың орнында 4-10 ғасырларда Шабғар деген үлкен қала болған» деген сөйлемді «күпиялап» оқу былай жүргізіледі:

Бұл қала + (Ілік септігі) орн + (Тәуелдік жалғау, III жақ, жекеше түрі) + (Жатыс септік) 4-10 ғасыр + (Көптік жалғау) + (Жатыс септігі) Шабғар деген үлкен қала болған.

Жақша ішіндегі жалғауларды оқушының өзі жалғайды, түбір сөздерге жалғап отырады. Сөйлемдер алдын-ала оқылмайды, мәтіндер бірден оқылады. Тек сөйлем аяқталғанын білдіру үшін нүктені айтып отыру керек.

Жазбаша жұмыстың бұл түрін орыс сыныптарында 5-сыныпта екінші жарты жылдықтан бастап жүргізген тиімді. Оқу жоспары бойынша оқушылар жалғауларды оқуға кіріседі. Алғаш сөздерден бастап, кейін сөйлем санын көбейте беруге болады. Тексеруді оқушылардың өздері арқылы жүргізу тиімді. Мәтіннің толық нұсқасы беріліп, қатар отырған оқушылар бір-бірінің не өз дәптерлерін тексереді. Тексеріп отырған оқушы қате жазылған жалғаулардың астын сызып отырады да, соңынан санап шығарады. Оқушы өзінің теориялық білімін тәжірибеде қаншалықты дұрыс қолдағанын біледі. Оқушының өзіндік әрекеті, сыныптастарына деген қарым-қатынасы қалыптасады, оқушы өзін-өзі бағалауға үйренеді. Оқушылар теориялық білімдерін сынақхаттарда қолдану үшін, бала өзі білу керек, сондықтан да үнемі оқуға деген сұраныс туады. Білім алуға деген қажеттілік үнемі болады.

Мен орыс сыныбындағы оқушылармен жұмыс жасағандықтан, жалғауларды ғана алып отырмын. Тек жалғауларды ғана емес, жұрнақтарды да «күпиялауға» болады. Қандай қосымшаларды «күпиялауға» болады?

- жалғаулар (жіктік, көптік, тәуелдік және септік);
- етіс жұрнақтары;
- есімше, көсемше жұрнақтары;
- реттік, жинақтық сан есімнің жұрнақтары;
- тұйық етістік;
- шартты рай, қалау рай, бұйрық рай.

Сынақхаттың үлгілері

Зат есімнің жалғауларына арналған сынақхат

Сөздердің оқытылатын нұсқасы

Қазақстан + (Жатыс септігі),

ана + (Тәуелдік жалғау, II жақ, жекеше түрі)+

(Ілік септігі),

мектеп + (Шығыс септігі),

кітап + (Тәуелдік жалғау, III жақ, жекеше түрі),

қазақ тіл + (Тәуелдік жалғау, III жақ, жекеше түрі)+

(Табыс септігі),

ел + (Тәуелдік жалғау, I жақ, көпше түрі)+

(Жатыс септігі),

көп ұлт + (Ілік септігі)

өкіл + (Көптік жалғау)+(Тәуелдік жалғау,

III жақ, жекеше түрі).

Сөздердің толық нұсқасы

Қазақстанда, анаңның, мектептен, кітабы, қазақ тілін, елімізде, көп ұлттың өкілдері. (10 сөз, теориялық анықтауға 8 сөз)

Сұрақтар:

1. Отырар қаласы қайда орналасқан?
2. Отырар қаласы қандай қала болған?
3. Отырар қаласының алғашқы аты.
4. Қалада нелер болған?

2. Сөйлем түрлерін анықтап, синтаксистік талдау жасаңыз.

1. Әке мен шеше ақылдасады да, үйленген ұлдарына енші бөледі.
2. Қазақ отбасында балалар әке-шешелері қартайған шағында қамқорлық жасауға міндетті.

Сонымен, сынақхаттар оқушының теориялық білімін жаттығу жұмысы арқылы практикамен ұштастырып, тереңдете түседі. Оқушылардың танымдық қызметтері жүзеге асады. Олар:

- 1) білу (оқушы есте сақтады, білді, қайталады);
- 2) түсіну (оқушы түсіндірді, көрсетті, жазды);
- 3) қолдану (оқушы меңгерілген материал бойынша өз білімін нақты жағдаяттарда және жаңа жағдайда қолдана білді: ойланды, талқылады, талдады);
- 4) бағалау (оқушы меңгерген объектінің мәні мен құндылығын анықтады).

Қазақ тілі сабақтарында танымдық қызметтерді қолдану оқушылар білімін жүйелеуге, білімді сапалы меңгеруге толық мүмкіндік береді. Теория мен практиканы біріктіріп, білімді терең ұғынады.

№1. 1. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Отырар қаласы

Отырар – ежелгі қала... ..(Көптік жалғау)...(Ілік септігі) бірі. Ол 6-8 ғасыр... ..(Көптік жалғау)...(Жатыс септігі) Сырдария өзен... ..(Тәуелдік жалғау, III жақ)...(Ілік септігі) орта тұсындағы ірі мемлекет.. (Ілік септігі) астанасы болған. 16-17 ғасыр... ..(Көптік жалғау)...(Жатыс септігі) Отырар саяси, шаруашылық және мәдени орталық болған. Отырар алғашқы кезде Фараб деп аталған. Отырар.. (Барыс септігі) медресе, мешіт, базар, монша, басқа да ғимарат...(Көптік жалғау) болған.

Гүлмира ҚАСЕНОВА,
Алматы қаласындағы
«І.Жансүгіров атындағы
№130 гимназия» КММ-нің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ОҚЫТУ МЕН ОҚУДАҒЫ ДИАЛОГТІК ӘДІСТІҢ ТИІМДІЛІГІ

Диалог дегеніміз бір топта екі немесе бірнеше адамның бір-бірімен өзара сөйлесуі болып табылады. Диалог кезінде балалардың қарым-қатынасы жақсарады, ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. Диалогтік оқыту кезінде оқушылар пәндік білімдерін бір-бірімен әңгімелесу арқылы жетілдіреді. Пікірталасқа қатысу арқылы жаңа идеялармен, жаңалықтармен бөліседі. Жаңалық ашу да ғажап емес. Диалог қысқа және ұзын, мазмұнды болады. Диалогта фразалар, қимыл, жест, мимиканы қолданады.

Мерсер мен Литлтон (2007) жылы диалог - сабақта оқушылардың өсу деңгейлеріне үлкен үлес қосады деп атап көрсеткен.

Л.С.Выготский оқушы диалог арқылы оқу деңгейі жеңілдеп, тақырыпты аша түсіп, білімдегі нәтижесіне жетеді деді.

Диалогтік оқыту – басқа адамдарға түрлі ойлар тастап, көмектеседі.

Диалогтік оқыту мұғалімдерге оқушылардың қай деңгейде екенін көрсетеді, оқушыларға өз ойларын дәлелдеуге көмектеседі.

Александр оқушылар диалог құру кезінде бар күштерін салады деді. Оқушылар ойларын бөлісу кезінде, диалог құру арқылы іске асырады.

Диалогтік әңгімеде мұғалім мен оқушының қоятын сұрақтары маңызды. Мұғалім оқушылардың жауабын, білім деңгейлерін тексеру үшін ғана емес, оларға өз ойларын анық жеткізуді дамытуға мүмкіндік береді.

Диалогтік оқыту – ең негізгі модульдердің бірі болып табылады және барлық модульдерді қамтиды.

Тіл, қарым-қатынас құралы, сондықтан біз бір-бірімізбен сөйлесу арқылы диалог құрамыз. Диалог арқылы сөйлеу қабілетімізді дамытамыз. Әрбір сабақта біз диалогтік оқытуды қолданамыз. Мерсер өз зерттеуінде диалогтың 3 түрін көрсетті. Олар: әңгіме-дебат, топтық әңгіме, зерттеушілік әңгіме. Зерттеушілік әңгімеде оқушының білім алуы, тыңдауы және сөйлеуі арасындағы байланыс анықталады. Зерттеушілік әңгіме – ұтымды әдіс деп санаймын. Осыған байланысты оқушылардың тіл байлықтары дамиды және сол тілде өз ойын жеткізуге үйренеді. Диалогтік оқытуды дамыту үшін кішігірім топтарда жұмыс жасау тиімді, өйткені ортақ мәселені шешеді, бір-бірімен санасып, пікір мен идея алмасуды, бір-бірін бағалауды үйренеді. Сол себепті осы әдіс практикалық жұмысымда ең басты қолданысым болды. Диалогтік оқытуды дамыту мақсатында оқушылардың деңгейіне қарай, төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтарды дұрыс қоя білу қажет.

Диалогтік оқытуды ынтымақтастық ахуал, сыни тұрғысы арқылы және т.б. модульдер арқылы дамытуға болады. Диалогтік оқытуды мен өз тізбектелген сабақтар топтамада кеңінен қолданамын.

«Дәрігерде» тақырыбында оқушылар сөзжұмбақты шешу арқылы тақырыпты ашады. Бірінші сұрағым сөзжұмбақтың басты сөзі қандай? Оқушылардың жауабы: Дәрігер. Екінші сұрағым: тақырыбымыз кім туралы? Оқушылардың жауабы: - Дәрігер туралы деп жауап берді. Осы арада мұғалім мен оқушы арасында оқыту мен оқудың жаңа әдісі сұрақ-жауап арқылы диалогтік оқыту болды. Тақырыпты ашқан соң үш топқа тақырып төңірегінде сұрақтар қойылды. Бірінші топқа дәрігер мамандығының қандай түрлері бар? Оқушылар: Дәрігер мамандығының хирург, тіс дәрігері, терапевт деген түрлері бар деп жауап берді. Екінші топтың сұрағы: - Дәрігер қандай болу керек? Оқушылар дәрігер мейірімді, сыйлы, сауатты, білімді, мәдениетті, дарынды, еңбекқор болу керек деп жауап берді. Үшінші топтың сұрағы дәрігер не істейді? Оқушылар дәрігер науқастың қал жағдайын сұрайды, қызуын өлшейді, ауруын анықтайды, емдейді деп жауап берді. Осы тапсырмадан кейін оқушылар «Дәрігерде» деген тақырыпта көрініс қояды. Осы көріністе дәрігер мен емделушінің арасында диалогтік оқыту болды.

Мәтінмен жұмыс кезінде топ басшылары елшілік жасау арқылы топтарға, мәтінге байланысты сұрақтар қояды. Адам ауырғанда қайда барады? Қандай дәрігер болады? Дәрігер қандай адам? Ол не істейді? Сұрақтарға жауап бере отырып, оқушылар «Дәрігер»

мамандығының қандай екенін жақсы түсінді. Әр топ тақырыпқа байланысты диалог құрды. Оқушылар тақырыпқа байланысты диалогтарын оқыған соң сабақты қорытып, тақырыпқа байланысты сұрақтар қойдым.

- Бүгін қандай мамандық түрін өттік?
- Дәрігер.
- Дәрігер қандай мамандық?
- Дәрігер – жауапты мамандық.
- Дәрігер мамандығының қандай түрлері бар?
- Дәрігер мамандығы тіс, хирург, балалар дәрігері, т.б. болып бөлінеді.
- Балалар дәрігеріне біздің сабағымызда кімдер барды? Олар өз рөлдерін қалай ойнады? Сабағымызда осындай оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерінің бірі диалогтік оқытуды, сұрақ-жауап арқылы, мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы болып атқардық.

«Азық-түлік» тақырыбында оқушыларды топқа бөлу кезінде азық-түліктің суреттерін таратып, сұрақтар қойдым. – Балалар, мен сендерді қандай суреттер беру арқылы топқа бөлдім? Оқушылар азық-түліктер деп жауап берді. Ондай болса бүгінгі біздің тақырыбымыз не туралы? Оқушылар ойланбастан азық-түліктер деп жауап берді. Бұл арада мұғалім мен оқушы арасында сұрақ-жауап арқылы қысқа диалог құрылды. Мәтінмен жұмыс кезінде оқушылар постерге азық-түліктің суреттерін үш топ бөліп салды, осы арада олар бір-бірлерімен сұрақ-жауап арқылы бірлесе жұмыс істеді. Оқушы мен оқушы арасындағы диалогтар құрылды. Мәтіннің сұрақтарына жауап беру арқылы оқушылар диалог құрды.

Еркін ШЕРИЯЗДАНОВ,
Астана қаласындағы
№1 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫ. «ЖАҚСЫ МЕН ЖАМАН АДАМНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ»

Сабақтың мақсаты: а) **білімділік** – оқушыларды Сүйінбай Аронұлы туралы айтып, оның «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» өлеңінің мазмұнын меңгерту, идеясы мен тақырыбын түсіндіру; ә) **дамытушылық** – оқушының өз ойын ашық білдіруге, пікірін қорғай білуге, шығармашылық ізденісін арттыруға дағдыландыру, тұлғалық қасиеттері қалыптасқан өнегелі жеке тұлға қалыптастыру; б) **тәрбиелік** – өлеңді негізге ала отырып, оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді қалыптастыруға, жаман қасиеттерден алшақ болуға, жақсы мен жаман қасиеттерді ажырата білуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: баяндау, сұрақ-жауап, талдау, мәнерлеп оқу. **Көрнекілігі:** ақынның портреті, интерактивті тақта, кеспе қағаздар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру:

Диалогтан кейін оқушылар «Азық-түлік дүкені» деген ойын ойнады. Ойында оқушылар сатушыдан қатесіз азық-түліктерді сатып алу керек. Бұл ойында оқушы мен оқушы арасында диалог болды.

«Киім дүкенінде» тақырыбында интербелсенді тактадан ерлер, әйелдер, балалар киімін көрсете отырып, оқушыларға сұрақтар қойылды. – Балалар, суретте қандай киімдерді көрдіңдер? Оқушылар ерлер, әйелдер, балалар киімдерін деп жауап берді.

- Осы киімдерді қайдан сатып аламыз? Дүкеннен. Балалар онда бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы «Киім дүкенінде» деп аталады деп, оқушы мен мұғалім арасында сұрақ-жауап арқылы диалог ұйымдастырылды. Мәтінмен таныса отырып, әр топ киім түрлерін бөліп постерге салды. Постермен жұмыс жасау барысында да оқушылар бір-біріне сұрақ-жауап арқылы жұмыс істеді, суреттерін аяқтаған соң постерді қорғау барысында қандай? сұрағына жауап берді. Жұптық жұмыс бойынша оқушылар «Дүкенде» тақырыбына диалог дайындап, жұптаса отырып тақтаға шығып, диалогтарын айтты. Сабақтың соңында оқушылар Сабағымызды қорыта келе кесте бойынша оқушылар интербелсенді тактада жазулы тұрған «Кім, қашан не киді?» деген сұраққа жауап берді. Әр сабақта сұрақ-жауап арқылы оқушылар тақырыптың мәнін түсінеді, топтық жұмыс кезінде де, мәтінмен жұмыс кезінде де, ойындар арасында да, постермен жұмыс кезінде де оқушылар сұрақ-жауап арқылы өз білімдерін шыңдай түсті. Сабақта диалогтік жұмыс істеу арқылы оқушылар көздеген мақсаттарына жетеді. Диалогтік әдіс үлкен жетістіктерге әкеледі.

- 1) оқушылармен амандасу;
- 2) оқушы зейінін сабаққа аудару;

II. Өткен сабақты еске түсіру:

Жыраулар поэзисы қай ғасырда пайда болды?

Қандай ақын-жырауларды білесіңдер?

Дулат Бабатайұлы туралы әңгімелеу.

III. Жаңа сабақ. Интерактивті тақта арқылы жақсы мен жаман қасиеттерді көрсету.

Флипчарт №1. Ой толғау. Оқушылар өз ойларын айтады.

Флипчарт №2 (Интерактивті тақтаға жаңа тақырып жазылады). Жақсы мен жаман адамның қасиеттері.

Мақсат айтылады: өлеңді талдаймыз, автор туралы мәлімет аламыз.

Оқушылар екі топқа бөлінеді. Спикер сайланады.

Әр топтың оқушылары адамның жақсы және жаман қасиеттері туралы қағазға жазады.

(3 сөз жақсы, 3 сөз жаман қасиетке қатысты жазылады)

Әр топ өз ойларын айтып, бір түйін шығарады.

1. Оқулықтарын ашқызып, өлеңді мәнерлеп оқу. Оқып отырып, «Түртіп алу» стратегиясы бойынша өздеріне таныс емес сөздерді қарындашпен белгілеп отырады. Тақтаға түсініксіз сөздер жазылады:

әмме – түгел, барлық, күллі;

парқы – бағасы;

ұңғы – балтаның сап салатын жері.

- Ақын бұл өлеңінде адам бойындағы мінез-құлықтарға үңіледі. Жақсы мен жаман қасиеттердің қоғам тіршілігінен және жеке адамның өмір ағымын-

дағы іс-әрекетінен туып отырғанын анық айтады. Ол өмірдің басты тұтқасы – адамның адамға жақсылық жасауы деп түсінеді. «Алысты жақын етер, елімнің ағасындай» жақсылар жарық дүниеге ізгілік үшін келеді деген ой түседі. Жақсылық пен жамандықты салыстыра отырып, жақсы істің артықшылығын, көпке әкелер пайдасын атаумен бірге, жаман істің енді жамандыққа ұрындыратынын, зиянды екенін көрсетеді. Бұл арқылы адам баласы қай жағынан алып қараса да, таза, адал, әрі иесі болу керек деген қорытындыға келеді (оқушылар өз ойларын айтады).

2. Өлеңнің ұйқасын табу. Көркемдегіш құралдарды табу:

Тенеу – ел-жұртының қамасындай, әмме жұрттың анасындай (ережесін айтқызу)

- Осы өлеңде ақын не айтқысы келді? Сендерге қалай әсер етті?

«Болжау» стратегиясы бойынша оқушыларға сұрақтар қойылады. Сұрақтар интерактивті тақтаға жазылады.

Сұрақтар. Оқушылардың жауабы.

- Қалай ойлайсыңдар, осы

өлеңнің авторы кім?

- Қай заманда өмір сүрген ақын?

- Автор қандай адам?

- Дұрыс айтасыңдар, балалар, бұл өлеңнің авторы – Сүйінбай Аронұлы.

- Қандай ақынның өлеңін оқығанда, осы ақын туралы сөз болды?

Айжан НУРМАҒАНБЕТОВА,
Абылай хан атындағы
№4 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Еңбекшіқазақ ауданы,
Есік қаласы.

- Жамбыл Жабаев. Оның «Менің пірім Сүйінбай» деген өлеңі бар. Ол Жамбылдың ұстазы болған.

- Дұрыс айтасындар.

Флипчарт №3. Слайд көрсетіледі.

Сүйінбай Аронұлы

Сүйінбай – XIX ғасырдағы Жетісудың ірі ақыны. Ол әділетсіздікке жаны қас, шындықты бетке айта алатын батыл, халықты тілімен қорғаған өткір сыншы. Айтыскерлігімен көрінген азамат ақын. Сүйінбай 1898 жылы қайтыс болды. Бірақ ақынның үлгілі, өнегелі шығармалары бүгінгі күнге дейін жас ұрпақтарды тәрбиелеп, дұрыс жолға бағыттайды.

3. Топпен жұмыс орындау. Сурет салу, өлең шығару.

I топ тапсырмасы: «**Жаныңда жүр жақсы адам**».

II топ тапсырмасы: «**Жирен жаман әдеттен**».

Оқушылар жұмыстарын қорғайды, қорытынды шығарады. Спикерлер топтарды бағалайды.

IV. Сабақты қорыту.

Не білем?	Не білдім?	Не білгім келеді?

V. Оқушыларды бағалау.

VI. Үйге тапсырма: «Жақсылық пен жамандық» тақырыбына шығарма жазу.

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИННИҢ «АЙТ КҮНДЕРІ» ӘҢГІМЕСІН ОҚЫТУ

(7-сынып)

Сабақ мақсаттары: Бейімбет Майлиннің өмірімен, шығармашылығымен таныстыру. **Міндеттері:** **білімділік** – айттың діни мереке екенін танымдық бағытта меңгерту; **дамытушылық** – оқушылардың өз бетінше қосымша және әдеби материалмен жұмыс істей алу және ізденушілік, зерттеушілік қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – әр ұлттың салт-дәстүріне құрмет сезімімен қарап, толеранттылық, қайырымдылық, бауырластық рухында тәрбиелеу; **танымдық** – Бейімбет Майлин өмір сүрген заманның тарихи шындығын және қазіргі заманның әлеуметтік мәселесін салыстыру, байланыстыру.

Типі: білімді жинақтау және тереңдету. **Түрі:** танымдық сабақ. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, тарих, дінтану. **Әдіс-тәсілдері:** проблемалық дамыта оқыту әдісі негізінде өз бетінше іздену, баяндау, талдау, жинақтау, интерактивті әдіс. **Көрнекі құралы:** интерактивті тақта, слайдтар, сызбалар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ.

1. Ұйымдастыру кезеңі:

а) сәлемдесу;

ә) психологиялық дайындық.

2. Ой жинақтау: Нені білуіміз керек? (Балалардың алдына мақсат-міндеттер қою)

- Жазушының өмірбаяны.
- Жазушының шығармашылығы.
- Жазушы шығармаларының тақырыбы.
- «Айт күндері» әңгімесі туралы.
- Айттың түрлері.
- Айтқа тән дәстүрлер.
- Отбасындағы діни мерекелер.

- Балалар, бүгінгі сабақ сендер үшін танымдық сабақ болмақ, сондықтан үнемі дәптермен жұмыс болады. Сабақ бойы бір-біріңді тыңдап қана қоймай, естіп отырған ақпараттың ішінен ең маңызды дегенін дәптерлеріне жазып отырыңдар. Сабақ соңында алған білімдерің тексеріледі, дайын болыңдар.

4. Портретпен жұмыс: Бейімбет Майлиннің бейнесі.

- Мынау кімнің бейнесі және ол туралы не білесіңдер?

Балалар жазушының өмірбаяны туралы, оқыған жерлері туралы айтып береді.

5. Әдеби сөздік диктант. Сабақ барысында қолданылатын термин сөздердің аудармасын білу: «поэт, писатель, сочинение, рассказ, стихи, литературный, художественный, содержание, случай, биография, творчество, религия, традиция, искусство».

6. Қосымша ақпарат. Екі оқушы дайындап әкелген хабарламаларын ортаға салады. Тақырыптары: «Бейімбеттің шығармашылығы» және «Бейімбет шығармаларының тақырыбы».

7. «Айт күндері» әңгімесі. Әңгіменің мазмұнын еске түсіру мақсатында бір оқушы қысқаша баяндап береді.

8. Оқулықпен жұмыс. Өткен сабақта шығармашылық деңгейдегі балаларға оқулықтың 62-бетіндегі мәселелік сипаттағы, өз бетінше ізденуді талап ететін «Отбасындағы

діни мерекелер» тақырыбы бойынша тапсырмалар жүктелген. Енді сол балаларға сөз берейік, білгендерін ортаға салсын. Қалғандарың тыңдап қана қоймай, алдарындағы «Инсерт» картасын толтырып отырыңдар. Тақырыпшалар: «Айттың түрлері», «Ораза айт», «Құрбан айт», «Айтқа тән дәстүрлер». Балалар тақтаға шығып өз презентацияларын қорғайды.

9. Рефлексия.

- Енді, балалар, Бейімбеттің «Айт күндері» әңгімесіне қайта оралсақ. Жазушы бұл әңгімесінде өз заманында айт күні болған жан шошытарлық ащы шындықты ашына отырып жазған. Сондағы оның түпкі арманы – осындай жан түршігерлік жауыздық пен мейірімсіздік болашақта адамдар арасында болмаса екен, адам баласы бір-біріне бай-кедей болып бөлінбей, мейіріммен қараса екен, бір-біріне қайырымды болса екен деген ойдан туындаған.

10. Тест-сұхбат.

Ал, енді, тақырып бойынша екі сабақ бойы алған білімдеріңді дәлелдейтін кез келді. Қазір төмендегі сұрақтарға тез әрі нақты жауап беру керек:

1. Бейімбет Майлин кім?
2. Бейімбет Майлиннің туған жері.
3. Бейімбет Майлиннің өмір жылдары.
4. Бейімбет Майлин қайда оқыды?
6. Бейімбеттің қанша прозасы бар?
7. Оның қандай шығармаларын білесің?
8. Бейімбет шығармаларының тақырыбы қандай?
9. «Айт күндері» әңгімесі не туралы?
10. Қандай діни мерекелерді білесің?
11. Айттың түрлері қандай?
12. Айтқа тән дәстүрлер қандай?

11. Қорытынды.

12. Үйге тапсырма беру.

Алмагүл СЕЙТАХМЕТОВА,
№2 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Мұғалжар ауданы,
Қандыағаш қаласы.

ҚЫС. ЗАТ ЕСІМ

(6-сынып)

Мақсаты: оқушыларға зат есім, оның түрлері туралы мағлұмат беру. **Міндеттері:** 1) грамматикалық ұғымдарды меңгерту; 2) оқушылардың ой-өрісін, сөздік қорын, логикалық ойлауын дамыту; 3) оқушыларға жаңа сабақты түсіндіру арқылы, қазақ тіліне, жеріне, табиғатына деген аялау көзқарасын қалыптастыру.

Әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап. **Көрнекі құралдар:** тірек-сызба, интерактивті тақта, слайдтар, сөйлемдер жазылған кесте, сандықша. **Сабақтың технологиясы:** дамыта оқыту технологиясы, СТО, интерактивті технология. **Психологиялық тренинг:** «Бір-бірімізді қайталамай, толықтырамыз, өзгертіп айтамыз, әрқайсымыз қатысуға ынталанамыз, бір-бірімізді тыңдаймыз, тақырыпқа байланысты еркін сөйлесеміз».

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Амандасу.

2. Сынып кезекшілігінің хабарламасын есепке алу.

3. Сабақтың мақсатын хабарлау.

II. Үй жұмысын тексеру. «Ой қозғау».

III. Жаңа сабақ. «Мағынаны таны».

Ақ матадай қары бар,

Аязы бар, әні бар,

Бұл қай кезде болады?

- Жұмбақтың шешуін дұрыс шештіңдер, ендеше бүгін біз сендермен қыс туралы әңгімелесеміз, сөйлемдер құрастырамыз.

- Оқушылар, табиғаттың осы әсем мезгілін талай ақын – жазушылар суреттеген, қазір Абай Құнанбайұлының «Қыс» өлеңін тыңдап көрейік.

- Көз алдарына қандай сурет елестейді? Ассоциация!

а) Оқулықпен жұмыс.

1) Жаңа сөздермен танысу. Сөздерді сөздікке жазып, дауыстап оқиды.

2) Аяз, сырғанады, қыстыгүні деген сөздермен сөйлем құрастырып, дәптерге жазамыз.

Мысалы: Қыстыгүні жиі-жиі қар жауады. Балалар шанамен сырғанады. Кеше қатты аяз болды. (Құраған сөйлемдерін өздері аударып, оқып шығады).

Мысалы: Қыс келді. Қалың қар жауды. Айналаны аппақ қар жапты. Қарға оранған қысқы дала әдемі көрінеді. Анда-санда боран да соғады. Осы сөйлемдердегі қыс, қар, аяз сөздері қандай сөз табы?


ә) Зат есім.

Тақтада ілініп тұрған тірек сызба арқылы грамматикалық тақырыпты түсіндіремін, түсіндіріп болған соң, дәптерлеріне жазғызамын. Қандай сөз табы екенін, қандай сұраққа жауап беретінін, жалқы және жалпы есім туралы мағлұмат беремін.

Қыс келді. Далада қар жауып тұр. Күн суыта түсті.

Осы сөйлемдерден зат есімдерді табыңдар. (Қыс, қар, күн).

Жаңа сабақты түсіндіріп болған соң, сызбамен жұмыс жүргіземін.



Қыс
Ойыншық
Жыл
Күндер

сөздерге морфологиялық талдау

Қыс – не? негізгі, дара, жалпы, бастауыш.

Ойыншық – не? туынды, дара, жалпы.


IV. Сабақты бекіту. «Толғаныс»

1) **Тіл дамыту.** 1-тапсырманы орындау. Мәтін бойынша «Даналық ағашы» ойыны.

Ойынның шарты: Оқушылар мәтінді жылдам, бірақ мұқият оқып шығады.

Содан кейін әрқайсысы мәтін бойынша бір сұрақ құрап, қағазға жазады. Жүргізушінің қолындағы сандықшаға оқушылар өз сұрақтарын кезекпен салады. Мәтінді тағы бір рет оқып шығады. Әр оқушы сандықшадан бір сұрақты алып оқиды да, оған жауап береді. Жауаптарының толық әрі дұрыс болуын өзім қадағалаймын. Ойынның соңында белсенді қатысқан әрі дұрыс жауап берген оқушыны атап өтемін.

б) Қыс мерзімінің жақсы, жаман жақтарын айту!
2) 2-тапсырма оқулықта берілген сызба бойынша қыс туралы әңгіме құрастыру.



3) **Өздік жұмыс.** Берілген сөйлемдерді көшіріп жазып, зат есімді табындар. Жалқы есімнің астын бір рет, жалпы есімнің астын екі рет сызындар.

1. Көрме қай жерде болып жатыр?
2. Жеңіл машина Ақтөбе қаласына жетіп қалды.
3. Балалар қардан аққала жасады.
4. Жанар, сен қайда кетіп бара жатырсың?
5. Әсет мысығымен ойнап отыр екен.
6. Әжем Сәтбаев көшесінде тұрады.

VI. Қорытынды. «Аукцион» ойыны.

VII. Бағалау. Сабаққа белсенді қатысқан оқушылардың білімін бағалау.

VIII. Үйге тапсырма: 1-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын айту. Ережені және жаңа сөздерді жаттау.

Сәуле БАЛЖАНОВА,
Ақмола облысының
Есіл қаласындағы
№2 орта мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

БАСПАСӨЗ – ӨМІР АЙНАСЫ

Мақсаты: «Баспасөз – өмір айнасы» мәтіні арқылы оқушыларға баспасөз жөнінде толық мағлұмат беру.

Міндеттері: білімділік – мәтіндегі негізгі ойды анықтау; **дамытушылық** – қосымша мәліметтер, ақпараттар арқылы білімдерін тереңдетіп, сөздік қорын байыту. Ойлау қабілетін дамыту, өздігінен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру. Газет-журналдар оқуға баулу; **тәрбиелік** – жан-жақты дамыған, парасатты, мәдениетті, оқыған, елдің бірлігін, ынтымағын қорғайтын азаматтар тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақты түсіндіру, іздендіру. **Әдісі:** сұрақ-жауап, сөйлесу, ойландыру. **Көрнекіліктер:** газет-журналдар көрмесі, компьютер, интерактивтік тақта, плакат, маркер, энциклопедия.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын пысықтау. Жай сөйлемнің түрлері. Енді біз сендермен «Венн диаграммасы» арқылы жалаң және жайылма сөйлемдерге сипаттама бере отырып, мысал келтірейік. Венн диаграммасы бойынша жұмыс істеу барысын сендер білесіңдер. Сол жақ дөңгелекке: жалаң сөйлемнің ерекшелігін, оң жақ дөңгелекке жайылма сөйлемнің ерекшелігін, ал қиылысып жатқан жеріне ортақ белгілерін жазамыз. Бұл әдіс салыстыру үшін қолданылады.

Венн диаграммасы (флипчарт).

Мысалдар: Мен оқып отырмын. Алма газет оқығанды жақсы көреді.

Газеттен мақала оқимыз. Уақыт жоқ.

Жаңа сабақ: ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры болып есептеледі. Бұл ғасыр білімді, дамыған адамдарды қажет етеді. Қоғамда болып жатқан өзгерістерді дұрыс қабылдау үшін біздің өмірімізде баспасөздің алатын орны ерекше.

Дәлел ретінде 2006 жылдың 1 наурыздағы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы» жайында газет-журнал беттерінен оқыған боларсындар. Оның іске асырылуы барысында елде болып жатқан өзгерістер де осы баспасөз беттерінен орын табады.

Ақпарат - істің жағдайы, қандай да болмасын оқиға немесе біреудің қызметі туралы хабарлау, мәлімет беру (слайд 3)

Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы Заңында былай делінген: «Қазақстан Республикасы баспа басылымдары мен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілдің, басқа да тілдердің қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қажетті тілдік ортаны жасау және мемлекеттік толыққанды қолданылуы мақсатында, олардың меншік нысанына қарамастан, телерадио арналары арқылы берілетін мемлекеттік тілдегі хабарлардың көлемі уақыт жағынан басқа тілдерді хабарлардың жиынтық көлемінен кем болмауы тиіс (4-слайд).

Жаңа сабағымызға көшпес бұрын біз сендермен «Баспа», «Баспасөз», «Баспахана» сөздерінің мағынасын түсініп алайық.

1. Баспа - кітап, газет-журналдарды басып шығаратын мекеме.

2. Баспасөз – баспаханадан күнделікті және дүркінді шығатын газет-журнал.

3. Баспахана – кітап, газет-журналдарды басып шығаратын өндіріс орны.

Қазақстандағы қазақ тіліндегі тұңғыш басылымдар «Түркістан уәлаятының газеті» (1870-1882), «Дала уәлаятының газеті» (1888-1902) болып есептеледі.

Қазақ баспасөзінің тұңғыш зерттеушісі

Бекхожин Қайыржан Нұрғожаұлы (1910-1979) – қазақ баспасөзін зерттеуші ғалым, тарих ғалымдарының докторы, профессор.

Бекхожин 60-тан астам ғылыми мақала мен «Қазақ баспасөзінің даму тарихы» атты монографиялық кітаптың авторы.

Бекхожиннің «Қазақ баспасөзі тарихының очеркі» деп аталатын екінші монографиялық еңбегі өзі қайтыс болып кеткеннен соң, 1981 жылы «Мектеп» баспасынан басылып шықты.

Баспахананадан шығатын газет-журналдар мерзімдік басылымдарға жатады. Мерзімдік басылымдар бұқаралық ақпарат құралдары деп аталады. Газет-журналдардың адам өмірінде алатын орны зор (интерактивтік тақтамен жұмыс – газет-журналдарды көрсетіп, сипаттама беру).

Ахмет Байтұрсынұлының газет туралы айтқан **4 қағидасы** бар.

Бірінші: газет – халықтың көзі, құлағы, тілі.

Екінші: газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе.

Үшінші: газет – халыққа білім таратушы.

Төртінші: газет – халықтың жоқтаушысы.

Газет – мерзімді, уақытша не бір рет қана шығатын басылым. Оның ағымдағы саяси, мәдени, экономикалық, спорттық, т.б. оқиғалар туралы шағын көлемді материалдары мен фотодеректері түптелмейтін әр түрлі қалыптағы парақтарға басылады.

Олардың түрлері өте көп. (10-слайд)

Газеттің түрлері.

Саяси көзқарасына қарай.	Меншіктігіне қарай.	Мерзіміне қарай.	Аймақтық принципке қарай.
1. Ресми. 2. Тәуелсіз.	1. Жекеменшік. 2. Мемлекеттік. 3. Қоғамдық. 4. Арнаулы. 5. Партиялық.	1. Күнделікті. 2. Апталық.	1. Республикалық. 2. Облыстық. 3. Қалалық. 4. Аудандық.

Осы ақпарат, газет-журналдарда шығатын мәліметтер не арқылы жиналады? (сөз арқылы).

Сөз туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

1. Жүйелі сөз – жүйесін табар,
Жүйесіз сөз – иесін табар.
2. Сауатсыздың сөзіне сүрініп құларсың.
3. Қаланың жаңалығын даладағы ел бұрын естиді.
4. Дерексіз сөз – нанымсыз.

Қазақтың

1. «Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын»,
2. «Көп сөйлеген я жолдасынан,
я құрдасынан айрылады»,
3. «Жақсы байқап сөйлейді, жаман шайқап сөйлейді»,
4. «Андамай сөйлеген- ауырмай өледі», т.б. мақалдарында сөйлеудің алуан түрлі сипаттары тамаша бейнеленген. Осы мақалдар қандай мағынаны білдіреді?

Абайлап сөйлеу – ақылдылық, инабаттылық белгісі.

Ал, енді жоғарыда айтылған ақпараттарға байланысты кітабымыздың 91-беттегі «Баспасөз – өмір айнасы» мәтінімен жұмыс жүргіземіз.

Алдымен жаңа сөздермен танысайық:

Баспасөз – пресса;

өмір айнасы – зеркало жизни;

мерзімдік басылым – периодическое издание;

бұқаралық ақпарат құралдары – средства массовой информации;

оқиға – событие;
 мақала – статья;
 мәлімет – сообщение;
 алатын орны – занимает место;
 жайлар – обстоятельства;
 хабардар болады – знают, осведомлённые;
 жасөспірімдер – подростки, юноши;
 айдар – рубрика;
 атақты адамдар жайында – об известных людях;
 көптеген газеттерде – во многих газетах.

Мәтінмен жұмыс. 91-бет. Баспасөз – өмір айнасы.

1. Сұрақтар қоямыз. 2. Мазмұнын айтамыз. Тірек-сызба арқылы әңгімелейміз.

Сұрақтарға жауап беру (жазбаша, 12-слайд)

1. Отбасың қандай мерзімдік басылымға жазылады?
2. Өзің тұратын өңірде қандай жергілікті газет басылып шығады? Оқып тұрасың ба?
3. Сенің сүйікті газетін қандай?
4. Газет бетіндегі сүйікті айдарың қандай?
5. Газет беттеріне мақала, әңгіме, ертегі жазасың ба?
6. Газет-журналда істейтін адамды кім деп атайды?
7. Республикамыздағы ең танымал қандай газет деп ойлайсың?

Енді мен сендерге орысша сөздерді айтамын, сендер қазақша баламасын маған айтып бересіңдер:

периодика – баспасөз;
 местный – жергілікті;
 интересный – қызықты;
 подросток – жасөспірім;
 массовый – бұқаралық;
 событие – оқиға;
 сведение – мәлімет;
 любимый – сүйікті.

Пресса – баспасөз, **журналист** – тілші, **пресс-конференция** – баспасөз конференциясы деген сөздермен

жайылма сөйлем құрастырамыз. (синтаксистік талдау жасаймыз).

Жайылма сөйлем деген не?

Тұрлаулы мүшелерімен бірге тұрлаусыз мүшелері де бар сөйлем жайылма сөйлем деп аталады. Мысылы: Уақыт факторы әрбір істе маңызды.

Қорытындылау: тірек-сызба арқылы.

Үйге тапсырма: «Баспасөз – өмір айнасы» тақырыбы аясында бүгінгі өткен жаңа сөздерді қолданып, сөйлемдер құрастырып, жазып келу.

Бағалау.



Раушан РЫСҚҰЛОВА,
 Алматы қаласындағы
 Халықаралық үздіксіз
 білім беру колледжінің
 қазақ тілі мен әдебиеті
 пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ- ДӘСТҮРЛЕРІ – ҰЛТТЫҚ МҰРАМЫЗ

(7-сынып)

Максаты:	Оқушылардың білімдерін ауызша тіл дамыту жұмыстары арқылы бекіту. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері – ұлттық мұрамыз» тақырыбы бойынша сөйлей білу.
Оқыту нәтижелері:	Тақырып бойынша алған білімдерін, өз түсініктерін бойына жеткізе біледі. Жаттығу жұмыстарын орындау барысында пайдалана алады.
Көрнекілігі:	Оқулық, карта, кеспе қағаздар, постерлер, стикерлер, интербелсенді тақта, сөзжұмбақ.

Түрі:	Қайталау сабағы.
Әдіс-тәсілдер:	Топтық жұмыс, жұптық жұмыс, диалогтік оқыту, СТО, түсіндіру, сұрақ-жауап.
Пәнаралық байланыс:	Әдебиет, тарих, география.
Эпиграфы:	Отан – отбасынан басталады.
Бағалау.	Өткен тақырыпты игеру. Жаттығу жұмыстарын орындай білу.
Рефлексия.	Бүгінгі сабақта не білдім? Не үйрендім? Нені білгім келеді? Бүгінгі сабақтан алған әсерім. Түйінді ойды стикерге жазу.

Сабақтың кезеңдері:	Мұғалімнің әрекеті:	Қолданатын әдістер:	Оқушының әрекеті:
Ұйымдастыру кезеңі:	Оқушылармен амандасу, оқу құралдарын түгелдеу, сынып оқушыларының көңіл-күйін сұрау, жақсы тілек тілеу. Бағалау өлшемдері бойынша бақылаушыға арналған топтық бағалау мен өзін-өзі бағалау парақтарын тарату, оқушыларды төрт топқа бөлу.	4-топқа бөлу. 1-топ – «Атамекен», 2-топ – «Туған жер», 3-топ – «Отбасы», 4-топ – «Салт-дәстүрлер».	Мұғаліммен амандасуды, бір-біріне сәттілік тілейді. Топтарға бөлінеді. Топ мүшелері есімдерін өзін-өзі бағалау қағазына жазады. Бақылаушылар топ мүшелерін жазып алады.
Білу, түсіну.	Өткен тақырыптар бойынша сұрақ-жауап алу.	Сұрақ-жауап әдісін қолдану. Атамекен, отбасы, салт-дәстүрлер туралы диалог құру. Өзін-өзі бағалау.	

		Сыни тұрғыдан ойлау. Дарынды оқушыларды бақылау. Топпен жұмыс.	
Қолдану.	*Сөздікпен жұмыс. Кәртiшке таратамын, балалар орыс тiлiне сөздердi аударады. Кәртiшкемен жұмыс iстеген балаларға қосымша сұрақтар қойылады.	Жазбаша және ауызша жұмыстар.	Оқушылар сөздікті еске түсіріп, аудармасын жазады, қосымша сұрақтарға жауап береді.
	*Отбасы мүшелері туралы сұрақ-жауап. -Отбасындағы әкенің орны қандай? -Кім әке туралы мақал немесе өлең жолдарын біледі?		
	- Ананың орны қандай? - Ана туралы қандай өлең жолдарын білесіңдер? - Ата мен әженің орны қандай? - Қыздың орны қандай? - Ұлдың орны қандай?	Топтау жұмыстарын жүргізу.	1. Ыбырай үш жасында әкесі қайтыс болып, атасы Балқожа бидің қолында тәрбиеленген. Атасы немересінің оқыған азамат болуын армандап, Орынборға оқуға жібереді. -Атаның қандай қасиеті айтылған?

	Әр отбасының өмірде орны бар. Біздің халқымызда бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Тәрбиенің бастауы бесіктен басталады.	Үлестірме кәртішкемен жұмыс. Сөйлемдердің түрін анықта.	2. Әже – қазақтың салт-дәстүрін, отбасының бірлігін сақтайтын ақылшысы. -Әжені бір сөзбен қалай айтсақ болады? -Әже – тәрбиеші.
	Ата-ана баласының болашағынан үміт күтіп жастайынан тәрбиелеп, халықтың салт-дәстүрін бойына сіңіріп, адал азамат болып өсуіне саналы өмірін арнайды.	Сөзжұмбақ шешу. Бекіту. 1. Отбасы осы сөзден басталады. 2. Әженің әкесі. 3. Отбасының қуанышы. 4. Сені өмірге әкелген адам. 5. Дүниеге жана келген сәби. 6. Әке үйінде қонақ.	
Талдау.	Мәтінмен жұмыс. 1. Мәтінді мәнерлеп оқу. 2. Мәтінді оқып, мазмұнын айту.	Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер. Топтастыру жұмысын жүргізу. Дарынды балаларды бақылау.	Мәтінді мәнерлеп оқиды, аударды. Түсінгендерін әңгімелейді. Топ болып тапсырманы орындайды. Топ мүшелері ақылдасып, берілген тапсырманы сабаққа белсенді қатыспайтын оқушыға қорғау керек.

			Оқушылар өз жұмыстарын мұғалімнің келтірген жауабымен салыстырып қателіктерін анықтайды. Тапсырманы топ болып орындайды. Постермен жұмыс. Талдау жасайды.
Жинақтау.	Мұғалім сұрақ-жауап арқылы әр топтың ой-пікірлерін тыңдайды. Өтілген тақырып бойынша мақал-мәтелдерді, сөздіктегі жаңа сөздерді талдатамын. Міне, бүгін біз біздің заманымызға дейін келіп жеткен қазақ халқының бірнеше салт-дәстүрімен таныстық, т.б.	Диалог.	
	Сонымен, балалар, біз бүгінгі сабақта не үйрендік?		
Бағалау.	Баға топ бақылаушыларының және өзін-өзі бағалау нәтижелерімен салыстыру.	Оқыту үшін және бағалау.	Балалар өздерін өздері бағалайды.
Рефлексия.	Бүгін сабақта нені білдім? Нені үйрендім? Бүгінгі сабақтан алған әсерім.		Өз ойларын стикерге жазады.

Бақыт ЕРЖАНОВА,
Орал қаласындағы
№7 жалпы орта
білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

КИИМДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ТҮЙЫМ СӨЗДЕР

Сабақ мақсаты: киімдерге қатысты тыйым сөздерді үйрету. Жаңа сөздерді игеру, сөйлем құрып үйрену. Тыйым сөздердің мағынасын түсіну.

Көрнекілігі: интерактивті такта, суреттер. **Әдісі:** СТО стратегиялары, әңгіме.

Мұғалім: - Шеңбер құрып тұрамыз. Бір-бірімізге жылы тілектерімізді білдіреміз. Топқа бөлініп отырамыз.

I. Қызығушылықты ояту:

Қазақ халқының ұлттық киімдерімен таныстық. Көшпелі қазақтардың ішкі-сыртқы киімдері жүріп-тұруға ыңғайлы етіп тігілген. Ұлттық киімдер қазақ халқының ұлттық белгісінің бірі болып табылады.

Интерактивті тактада қазақ халқының ұлттық киімдері.

Суреттер бойынша кім әңгімелейді?

Ер адамның сулық киімі.

Әйел адамның ұлттық киімі.

Қыз баланың ұлттық киімі.

Ер адамның сәндік ұлттық киімі.

II. Мағынаны тану.

Қазақ халқы тәрбиеге үлкен көңіл бөлген. Соның ішінде киімдерге қатысты тәрбиелік мәні бар сөздер бар. Оларды тыйым сөздер деп атаймыз. Тыйым сөздер адамды тәрбиелейді, адамгершілікке, тазалыққа, имандылыққа шақырады. Ұлттық салт-дәстүрлерге үйретеді.

Жаңа сөздер:

Жалаң бас – без головного убора;

іліп қою – вешать;

кимейді – не одевают;

айырбастамайды – не обменивают;

желбегей – внакидку;

тозбаған – не изношенную.

Функционалды-мазмұнды кестемен жұмыс.

Бас киімді ..., ..., ...	вешают, не бросают на землю, не обменивают	іліп қояды	Жерге тастамайды	Айырбастамайды
Киімнің ... баспайды.	на воротник	жағасын		
Киімді ... киеді, ... шешеді.	начиная с правой руки начиная с левой руки	Оң қолдан бастап сол қолдан бастап		
Киімді ... жамылуға болмайды.	внакидку	желбегей		
... киімді тастамайды.	не изношенную	тозбаған		
Аяқ киімді ... кимейді.	не правильно	теріс		
Аяқ киімді ... қоймайды.	перевернутым	төңкеріп		

Мәтінді оқу, аудару.

Бас киімге қатысты тыйымдар.

Сырт киімдерге қатысты тыйымдар.

Аяқ киімге қатысты тыйымдар.

Постер.

1-топ. Бас киімге қатысты тыйымдарды қорғайды.

2-топ. Сырт киімдерге қатысты тыйымдарды қорғайды.

Бас киімге байланысты тыйым сөздер.

1. Бас киімді іліп қояды, жерге тастамайды, астыға басып отырмайды. Лас болады, пішінін жоғалтады, кешірім сұрағанда ғана жерге тастайды.

2. Жалаң бас ас-су әзірлемейді, себебі қылшық түседі.

3. Бас киімді сатпайды, себебі бастан бақ таяды.

Киімге байланысты тыйым сөздер.

1. Киімнің жағасын басу, жамандық шақыру болып саналады.

2. Киімді оң қолдан бастап, оң аяқтан бастап киеді, сол қолдан, сол аяқтан бастап шешеді. Себебі оң сөзі дұрыс дегенді білдіреді.

3. Киімді желбегей жамылуға болмайды, аруақтар желбегей жамылады.

4. Тозбаған киімді тастамайды, себебі ескі киім – жаңа киімнің қорғаушысы.

Сергіту минуты.

Келісесіңдер ме, келіспейсіңдер ме?

Қазақ халқының ұлттық киімі өте әдемі, жарасымды.

Менің атам жазда тымақ киеді.

Шапан – ұлттық киім емес.

Азық-түлік дүкенінде аяқ киімдер сатылады.

Мектепке балалар ұлттық киім киеді.

Бас киімді сыйлыққа беруге болмайды.

Керекті септеулік шылауларды көп нүктенің орнына қой.

Тақтада сөйлемдер.

1. Үйіме ... автобуспен барамын.

2. Сабақтан ... кітапханаға барамыз.

3. Мен ұлттық киімдер ... кітап оқыдым.

4. Атам ... ұшқыш боламын.

5. Әкеммен ... Астана қаласына бармақпын.

Синквейн.

1-топ.

2-топ.

1. Тымақ.

1. Тақия.

2. Қысқы, жылы.

2. Әдемі, жеңіл.

3. Киеді, шешеді, іледі.

3. Шешеді, киеді, іледі.

4. Тымақты аң терісінен тігеді.

4. Қыздар жазда тақия киеді.

5. Бас киім.

5. Бас киім.

Кубикпен ойын.

Қандай? Не? Қашан? Неден? Кім киеді? Не істейді?

III. Толғаным. Өз ойларын ортаға салу.

1. Бас киімге байланысты қандай тыйымдар бар.

2. Киімге қатысты қандай тыйымдар бар?

3. Аяқ киімге қатысты қандай тыйымдар бар?

Үйге: 113-бет, 1-тапсырма. Тыйым сөздер бойынша өз ойларын жазып келу.



Тамара ТАШЕВА,
А.В.Селезнёв атындағы
Алматы хореография училищесінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің оқытушысы.

КӨКШЕТАУ Өңірі

(8-сынып)

Мақсаты:	Білімділік – еліміздің мақтан тұтар көркем жері Көкше өңірімен, табиғатымен танысу және оған өз пікірлерін қоса отырып, тақырыпты жан-жақты дамыта оқу, түсіну. Дамытушылық – өз жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, ойлау және есте сақтау қабілетін дамыту. Тәрбиелік – табиғатты бағалай білуге, қоршаған ортаны қорғау, аялауға тәрбиелеу.
----------	--

Міндеті:	- Оқушының сөйлеу тілін дамыту, мәнерлеп оқуға үйрету және мазмұнын түсіне оқуға баулу; - Туған жерді қастерлеуге, сүйе білуге тәрбиелеу; - Өз ойын жүйелі, нақты дәлелдермен жеткізе білуге дағдыландыру, өй-өрісін, шығармашылық қабілетін дамыту.	
Күтілетін нәтиже:	Түсіне оқу, өз ойын жүйелі түрде жеткізе білу, топта бірлесе жұмыс жасап, бірлесе шешім қабылдауға дағдыланады, және бір-біріне сұрақ қояды, пікірлеседі.	
Түрі:	Интеграцияланған.	
Типі:	Жаңа білім беру.	
Көрнекіліктер мен құрал-жабдықтар:	Оқулық, бейнетаспа, стикер, маркер, карта, «Бурабай өңірі» ұнтаспа, үлестірмелі кеспелер, смайликтер, бағалау парақшалары, «Кітап» сөздік қоржыны.	
Әдіс-тәсілдер:	Жеке, жұптық, топтық жұмыстар, деңгейлік тапсырмалар, сұрақ-жауап.	
Пәнаралық байланыс:	Әдебиет, география, бейнелеу өнері, тарих.	
	Сабақтың барысы	
1. Ұйымдас-тыру.	Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, топқа бөлу, жылы қарым-қатынас орната отырып, олардың оқу әрекетіне деген жақсы көңіл-күйінің қалыптасуына баса назар аудару.	
2. Үй тапсыр-масын сұрау.	1. Қазақстан облыстарының халқының саны тура-лы әңгімелеу. 2. Қазақстанда неше облыс бар? Қазақстан облыстарын, орталықтарын атап шығу. (қалаларын). (Картамен жұмыс)	
	1. Ұжымдық жұмыс	
Бөлімі:	Мұғалімнің әрекеті:	Оқушының әрекеті:
3. Өткен сабақпен байла-ныстыру.	Қазақстанның қалалары, олардың табиғаты, өнеркәсібі, тұрғын санымен таныстық.	Сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын қосады.
Жаңа сабақ. Миға шабуыл.	«Адасқан әріптер» ойынын ойнату.	Оқушылар сабақ тақырыбын, адасқан әріптердің шешуін ойланып табады.

4. Сабақтың тақырыбын, мақсатын айқындау.	1. Бүгін біз Көкшетау өңірімен таныса-мыз. Көкшетауды өз көздеріңмен көргендерің бар ма? Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын айту. (дәптерлеріне жаздыру) Картадан көрсете отырып айту.	Оқушылар мұқият тыңдайды. Жаңа сабақтың мақсатын айқындайды. Оқушы картадан көрсетеді.
	Қазақстанның солтүстігінде Астана мен Көкшетау қалаларының арасында таңғажайып аудан - Көкшетау бар. Бүгін сабағымыз осы табиғаты жан тебірентер аңызға бай «Көкшетау» туралы болмақшы. (көрнекілік пайдалану) 2. Бейнетаспадан үзінді көрсету. 3. Сұрақ-жауап. (сөз, сөз тіркестері, сөйлем құрату)	Бурабай табиғатын тамашалайды. Үзіндімен танысады. Сұрақтарға жауап береді.
5. Түсіну. Жаңа сабақты менгеру.	1. Оқушыларды топқа бөлемін, оқушыларды рет-ретімен отырғызамын. 2. Бағалау парақшаларын таратып, бағалау шартта-рын түсіндіремін. 3. Мәтінді мәнерлеп оқытамын, мазмұнын ашу. Топпен талдау.	Оқушылар жеребе тартады. Жеребе бойынша әркім өз орнына отырады. Бағалау парақшасымен танысады. Мәтінді мәнерлеп, түсініп оқиды, топта талқылайды, пікірлеседі.
6. Қолдану, талдау.	Дидактикалық материалды топтарға тарату. 1. Сөздік жұмысы (жазбаша) 2. Мәтін мазмұнына байланысты сұрақтар	Мәтінмен танысу, топтағы жұмысты жоспарлайды, топ ішінде тапсырмаларды бөліседі, жұмыстарды орындайды.

	дайындау (жазбаша). 3. Берілген мәтінге жо- спар құрып, әңгімелеу. 4. Әр топ жеке-же- ке орындайды. I топ оқушылары қиық сөздерден мәтінді жинайды.	Жеке жұмыстардың нәтижесін, негізгі тапсырманы топ ішінде талқылайды.
	II топ оқушылары мәтіннің мазмұнын сурет салу арқылы көрсетеді, әңгімелейді. 5. Топтық жұмыстың орындалуын тексеру.	Топ жетекшісі жұмыс нәтижесі туралы баяндайды.
7. Сабақты қорыту.	I. Сұрақ-жауап. «Кім жылдам?» ойыны. 1. Бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай? 2. Көкшетау өңірі қайда орналасқан? 3. Халық арасында Көкшетауды қалай деп атайды? 4. Бұрабай немен бай?	Екі топ кезектесіп, жылдам жауап береді.
	II. «Көкшетау» сөзін септету, сөйлем құру (ауызша). III. «Көкшетау» сөзіне ассоциация. IV. Оқушылардың осы тақырып бойынша сөздік қорын анықтау.	Оқушылар сөзді септеп, сөйлем құрайды. Оқушылар стикермен тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестерін жазып, тактаға іледі. Оқушылар есте қалған сөздерін постерге жазып, «кітапшаға» салады.
8. Бағалау.	Бағалау парағы. Мұғалім қорытынды бағасын қояды.	Сұрақ қойып, жауап беру арқылы өз ойын жинақтап, қорытады (өзін-өзі, топ басшысы топ жұмысын бағалайды).

9. Үй тапсыр- масы.	Көкшетау өңірі туралы аңыздар жинап келу.	Жан-жақты ізденеді, ойланады, шығармашылықпен жұмыс.
10. Рефлексия.	Оқушылар көңіл- күйлерін смайликтер арқылы көрсетеді.	Оқушылар смайликтер арқылы өздерінің көңіл- күйін көрсетеді.



Жаннагүл ЖҰЛҚАШЕВА,
А.С.Макаренко атындағы
№6 ЖОББМ-ң
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

ТІРКЕСТІ СӨЗДЕР

(8-сынып)

Мақсаты: Алматы қаласы туралы мәлімет беру.
Міндеттері: **білімділік** – екеуара сөйлесе білуге дағдыландыру, мәтінді түсініп оқып, негізгі ойды таба білуге үйрету; **дамытушылық** – біріккен, қос және қысқарған сөздерді қайталау, тіркесті сөздер туралы түсінік беру, оларды сөйлем ішінде дұрыс қолдана білуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – елін сүюге, құрметтеуге, Қазақстан тарихын білуге, бір-бірінің пікірін сыйлауға тәрбиелеу.

Түрі: қалыпты. **Әдісі:** әңгімелеу, топтастыру, сұрақ-жауап, жаттықтыру, баяндау, АКТ қолдану, Синквейн, түртіп көрсету, СТО элементтерін, ойын, диалогтік оқыту, деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын қолдану. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы, музыка. **Көрнекілігі:** грамматикалық кестелер, үлестірмелі кәртішкелер (деңгейлік тапсырмалар), Алматы қаласы туралы мәлімет (бейнеролик), суреттер.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру:

1. Аmandасу.

2. Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

«Шырмауық» психологиялық тренингін өткізу.

Миға шабуыл. «Кім жылдам?» ойыны. Төменде айтылған сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын анықтаңдар. Жауап тез және қысқа болуы қажет.

- «Орал қаласы» дара сөз. (жоқ, күрделі сөз)

- Дара сөз негізгі және туынды түбір сөзден тұрады. (дұрыс)

- «Білезік» кіріккен сөз. (дұрыс)

- Біз екінші ауысымда оқимыз. (жоқ, бірінші ауысымда)

- Кімге? Неге? Қайда? жатыс септік жалғаулары. (жоқ, барыс септік жалғаулары)

- «Менің Отаным-Қазақстан» сөз тіркесін ағылшын тіліне аударыңдар.

- Орыс тіліне аударыңдар: Қазақстан-тәуелсіз мемлекет.

- «Қазақстанның астанасы» сөз тіркесін ағылшын тіліне аударыңдар.

Үй тапсырмасын тексеру:

1. «Орынбор - тұңғыш астана» мәтінінің мазмұнын айту.

а) мәтінді мұғалімнің сұрақтарына жауап беру арқылы қайталау.

ә) өз бетімен қайталау.

б) әңгімелеу.

в) бір қатар оқушылары басқа қатар оқушыларына мәтін бойынша сұрақ қою арқылы қорытындылау.

2. Жаңа сөздерді жаттауын, олардың жазылуын есте сақтауын тексеру.

а) Балалар тақтаға аудармасын жазады, бір-бірінің қателерін өздері түзетеді.

б) Қиын сөздерді ауада жазып есте сақтайды.

в) Осы сөздермен сөз тіркестерін, сөйлемдер құрып қорытындылайды.

Жаңа сабақ: 1. Сабақтың мақсатын, барысын айту.

- Балалар, Қазақстанның астаналарын атаңдаршы.

Иә, дұрыс. Ал бүгін сабақта Алматы қаласы туралы сөз қозғаймыз. Алматы қаласы туралы мәлімет алып, білімдіремізді толықтырамыз және күрделі сөздердің төртінші түрі-тіркесті сөздермен танысамыз. Енді мына бейнероликті тамашалап, Алматы қаласы туралы қысқаша мәліметті тыңдап көрелік. Бұл қала туралы білетіндеріңді естеріңе түсіріп отырыңдар. Оқушылар білетін мәліметтерімен бөліседі.

2. Мұғалімнің баяндауы. Бейнероликті тамашалау.

Алматы - Алатау етегінде орналасқан әдемі, үлкен қалалардың бірі. Халқының саны-бір миллион жарым адам. Бұл қала-Орта Азияның қаржы, экономикалық

және мәдени орталығы. Алматы қазақ тілінен аударғанда «Яблоне́вый-Алмалы» деген мағынаны білдіреді. Дәл осы жерде әлемге танымал апорт алмасы өседі.

Кейбір деректерге сүйенсек, ескі заманда осы жерде, яғни, керуен жолы-Жібек жолында «Алматы» сауда мекені орналасқан. 1854 жылы бұл жерде Верный қаласы пайда болған. Кеңес Одағы жылдары қала атауы Алма-ата болып өзгертілді. 1929 жылдан 1997 жылға дейін Алма-ата Қазақстан астанасы болды. 1993 жылы тәуелсіздік туралы Ата заң қабылданған сәттен бастап, Алматы болып өзгертілді.

Алматы-Республикадағы ең сәулетті қалалардың бірі. Қалада Республика сарайы, Ұлттық кітапхана ғимараты, Қазақ драма театры, «Қазақстан», «Отырар», «Достық» қонақ үйлері, Спорт сарайы, Медеу спорт кешені, мұражайлар, тағы басқа мәдени, ғылыми ғимараттар бой көтерді.

3. Мәтінмен жұмыс. 97-бет.

1) Мәтінді дауыстап оқу.

2) Түртіп көрсету арқылы таныс емес сөздерді атау, олардың мағынасын ашу, аудармасын табу.

а) Жаңа сөздерді жеке, хормен қайталау.

ә) Сөз тіркесін, сөйлем құру.

б) Қандай сөз таптарына жататынын анықтау.

в) Берілген сөздерді дара, күрделі сөздерге бөлу.

3) Мәтінді оқып, негізгі ойды табу.

4) Әр қатар бір-біріне мәтін бойынша сұрақ құрып, жауап беріп, өзара сөйлеседі.

4. Диалогпен жұмыс 96-бет.

а) Диалогті оқып-танысу. Диалогті оқу барысында таныс емес сөздерді атап, талдау.

ә) Диалог бойынша өзара сөйлесу. Бір-біріне қосымша сұрақтар қою.

б) Диалог ішінен дара және күрделі сөздерді тауып атау.

5. Грамматикалық тақырыпқа көшу.

- Балалар, жаңа өздерің көрсеткендей сөздер дара және күрделі сөздерге бөлінеді. Оларға өздерің мысал келтіребілдіндер. Жарайсыңдар. Алосыкүрделісөздерге қандай сөздер жататынын естеріңе түсіріңдерші. Иә, біріккен сөздер, қос сөздер, қысқарған сөздер, тіркесті сөздер. Алдыңғы үш түрімен біз таныстық. Оларға мысал келтіріңдер. Ал бүгін төртінші түрі-тіркесті сөздермен танысамыз.

Тіркесті сөздер-екі не одан да көп сөздер тіркесіп келіп, бір ұғымды білдіретін сөздер. Бұлар мағынасы жағынан біріккен сөздер сияқты бір ұғымның атауы болып келеді, бірақ бір-бірінен бөлек жазылады. Мысалы: қара торы, ала жаздай, сөз таптары.

Тіркесті сөздер.

1. *Зат есімдер* – Ақтөбе қаласы, ауыл округі, мал шаруашылығы, драма театры, т.б.

2. *Сын есімдер* – қара торы, ақ жүзді, қыр мұрынды, қыпша белді, т.б.

3. *Сан есімдер* – он бес, мың тоғыз жүз отыз бір, т.б.

4. *Етістіктер* – келе жатыр, ойнап отыр, құлап қала жаздады, т.б.

5. *Үстеулер* – күн ұзаққа, күн ілгері, күні бүгін, кешке дейін, т.б.

6. Тапсырмаларды орындау.

1) Кесте бойынша дара, күрделі сөздерді қайталау.

2) Мәтін ішінен күрделі сөздерді табу, олардың түрлерін ажырату. Кестені толтыру.

Біріккен сөздер	Қос сөздер	Қысқарған сөздер	Тіркесті сөздер
...

3) Бұл сөздермен ауызша сөйлем құру.

4) «Алматы» сөзіне морфологиялық талдау жасау.

5) Тақырып бойынша бес жолды өлең құру.

1. қала.

2. әдемі, үлкен.

3. көрдім, бардым, келдім.

4. Мен Алматы қаласына бардым.

5. шаһар.

6) Деңгейлік тапсырмаларды орындандар.

I деңгей. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңдар.

Медеу мұз айдыны қаланың сыртында орналасқан.

Қалада мәдени, ғылыми ғимараттар бой көтерді.

II деңгей. «Алматы» сөзіне фонетикалық талдау жасаңдар.

III деңгей. Сөйлемдерді толықтырыңдар, мәтінге сүйеніңдер.

Алматы-(ненің?) орталығы. Алматыда (нелер?) бар. Медеу мұз айдыны (қайда?) жақын. Алматы қаласында (нелер?) жеткілікті.

Бекіту: - Алматы қаласы қай уақытта еліміздің астанасы болды?

- Ол бұрын қалай аталған?

- Алматы қандай қала?

- Алматыда нелер бар?

- Тіркесті сөздер деп қандай сөздерді айтамыз?

Мысал келтіріңдер.

- Тағы қандай күрделі сөздер түрлерін білесіңдер? Әрқайсысына мысал келтіріңдер.

Рефлексия. Оқушылар бүгінгі сабақтан алған әсерлерін, көңіл-күйлерін, сабақта немен айналысқандарын айтады. Сабақтың қаншалықты ұнағанын әр түрлі көңіл-күйдегі смайликтерді тақтаға жапсыру арқылы көрсетеді.

Үй тапсырмасы: III деңгей. Диалогті жаттау. II деңгей. Мәтіннің мазмұнын айту. I деңгей. Тақырып бойынша презентация дайындау.

Оқушылардың жауаптарын бағалау.



Тана АМАНЖОЛОВА,
«№42 орта мектеп» КММ-н
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Петропавл қаласы.

ТІЛ ҮЙРЕНУ – ӨМІР ТАЛАБЫ

Сабақтың мақсаты: білімділікке, құштарлыққа баулып, шығармашылық ізденіске бағыт беру.

Мақсаты:	Оқушыларға қазақ тілінің қоғамдық рөлі жайлы мәлімет бере отырып олардың ой-пікірін қалыптастыру. Топтық жұмыс арқылы ұйымшылдыққа, бірін-бірі тындай білуге тәрбиеленеді.
Күтілетін нәтижесі:	Өткен тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап бере біледі. Сан есім түрлерін ажырата алады. Тақырыптың өмірге қажеттілігін түсінеді.

Әдіс-тәсілдер:	АКТ, СТО, топтық жұмыс, бағалау.
Ресурстар:	интербелсенді тақта, таныстырылым, плакаттар, түрлі-түсті қағаздар, маркерлер, желім, стикер, құм сағат.

Іс-әрекет

Мақсат	Күтілетін нәтиже	Түрткі тапсырмалар	Оқушы әрекеті	Мұғалім	Өлшем	Бағалау
Кіріспе. Психологиялық ахуал.	Ынтымақтастық атмосферасын құру.	Балалар адамның ең жақсы қасиеті - басқа адамдарға жақсылық, сәттілік тілеу. Бүгінгі сабақта сендерге жақсы көңіл, сәттілік тілеймін! Көңілдерің гүлдей жайнай берсін.	Әрбір таңның арайын, Қарсы аламыз қуана Ақ тілектің сарайын, Ашамыз бар адамға. Оқушылар гүл түстеріне қарай топқа бөлінеді.	«Шагтық лебі!» Түрлі-түсті гүлдер таратамын.	Келісімге келді.	
Өткенді пысықтау. «Миға шабуыл» стратегиясы.	Өткенді еске түсіреді. Сұрақтарға дұрыс жауап бере біледі.	«Тоғызқұмалақ» ойыны. - ҚР мемлекеттік тілін ата. - Қай тілде сөйлей аласың? - Көп тілді білу пайдалы ма? - Сан есім дегеніміз не?	Ой қозғау арқылы өткенді еске түсіреді.	Оқушылардың сұраққа дұрыс жауап берулерін қадағалау.	Топ мүшелерінің белсенділерін анықтаймын.	Өте жақсы. Жақсы. Орташа.
Үй тапсырмасын тексеру.	Тіл туралы қанатты ойларды айта алады.	Тіл туралы үзінділер жаттау.	Оқушылар өленді мәнерлеп айтады.	Оқушылардың сөздерді дұрыс айтуы, мәнерлеп оқуы бақыланады.	Бір-бірінің оқу техникасы тыңдалады, оқушылар пікірі ескеріледі.	Өте жақсы. Жақсы. Орташа.

1. Блум жүйесі. Тыңдалым. Түсіну.	Мәтінді тыңдап, өздері білетін сөздерді белгілеу.	Мәтінмен жұмыс «Өмір талабы».	Оқушылар таныс сөздерді анықтайды.	Ынтамен тыңдау, тыныштықты сақтауға баулу.	Оқушы жауапкершілікке үйренеді.	Дұрыс. Дұрыс емес.
Сөздік жұмысы.	Жаңа сөздерді есте сақтайды.	Белгіленген сөздерді аударады.	Сөзжұмбақты шешеді.	Оқушы жауабы қадағаланады.	Оқушы белсенділігі артады.	Дұрыс. Дұрыс емес.
2. Білу.	Топпен жұмыс жасай алады.	Әр топ берілген тапсырма бойынша мәтінмен жұмыс істейді.	Мәтін бойынша негізгі ойды анықтайды, түйін сөздерді белгілейді.	Топ мүшелерінің жауабы тыңдалады.	Топта белсенді жұмыс жасады, құнды пікір айтты.	Өте жақсы. Жақсы. Орташа.
3. 1. Қолдану.	Грамматикалық минимуды меңгерген.	Берілген сан есімді сөздерден реттік сан есім жасау.	Реттік сан есім жұрнақтарын тіркестіріп жазады.	Алған білімді колдана білуге баулу.	Бір-бірінің пікірімен сана-сады.	Дұрыс. Дұрыс емес.
Сергіту кезеңі.	Қимыл арқылы бой сергіту, серпілу.	«Қаражорға» биін билеу.	Би қимылын жасайды.	Тұйық, ұяң балалардың қатысуын бақылаймын.		
3.2 Қосымша тапсырма.	Оқушылар диалогті қарым-қатынасқа түсе алады.	«Даналық ағашы» оқыта-үйрету ойыны.	Оқушылар бір-біріне сұрақтар қойып, жауап беруге дағдыланады.	Топ мүшелерінің жұмысын қадағалаймын.	Топ мүшелері сын тұрғыдан бағалай білуге үйренеді.	Өте жақсы. Жақсы. Орташа.
4. Талдау. Шығармашылық жұмыс.		«Ой толғау» «Қазақ тілінің қоғамдағы рөлі».	Оқушылар тірек сызба бойынша ой түйіндейді.	Топ мүшелерінің жұмысын қадағалаймын.	Бір-бірінің пікірімен сана-сады.	Өте жақсы. Жақсы. Орташа.
Қорытынды. Жинақтау.	Шешім қабылдай алады.	Кестемен жұмыс.	Қажетті сөздерді орнына қою.	Оқушылардың тақырып бойынша түсініктерін анықтаймын.		Дұрыс, бұрыс.

Топтағы оқушылар бірін-бірі бағалайды.	Әділ, сын тұрғыда бағалауға үйренеді.		Топ ішінде пікірлеседі. Шешім қабылдайды. Ойын жеткізеді	Оқушы пікірімен санасады.		
3 топ бір-бірінің жұмыстарын бағалайды. Топты бағалау						
Ұпай саны						
Топтағы ынтымақтастық (міндеттерді бөлу және оларды орындау)			10			
Тәртіп (басқа топтың жұмысына бөгет жасамау, тапсырманы орындауда енжар болмау)			10			
Тақырыптың, тапсырманың ашылуы			10			
Жазба жұмыстарының толық орындалуы			5			
Басқа топтардың жобаларын, пікірлерін тыңдау, сұрақ қоя алу қабілеттері			5			
Жалпы ұпай						
Өзін-өзі бағалау						
Маған не қызықты болды?		Маған не қиын болды?		Мен тағы не білгім келеді?		
Үй тапсырмасы	1. Тіл туралы мақал-мәтелдер, қанатты сөздер жаттау. 2. Мәтінді мазмұндау. 3. «Мемлекеттік тіл» тақырыбына шағын шығарма жазу.					

Тапсырмалар:

1) Сұрақтар:

- ҚР мемлекеттік тілді ата.
- Қай тілде сөйлей аласың?
- Көп тілді білу пайдалы ма?
- Сан есім дегеніміз не?
- Сан есім сұрақтарын ата.
- Сан есім неше түрге бөлінеді?
- Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін қай жылы алды?
- Қазақ тілінің негізін салушы кім?
- Тілдер мерекесі қай күні?

2) Мәтінмен жұмысы. Өмір талабы

Тіл әрбір адамға өмір бойы керек. Жер бетінде халық та, тіл де көп. Ғалымдар дүние жүзінде бес мыңдай тіл бар деп есептейді.

Қазіргі уақытта көп тіл білу – өмір талабы. Көп тіл білген адамды полиглот деп атайды.

Қазақтар: “Өнер алды – қызыл тіл”,- дейді. Өз ойын шешен тілмен жеткізе білгендерді ерекше бағалайды. Тіл тағдыры – ел тағдыры деп санайды.

Қазақ тілі – өте бай, көркем тіл. Қазақ тілі түркі тілдер тобына жатады. Сүйікті шәкірттер! Г.Гегельдің мына сөзін есте сақтаңдар: “Өз ана тілінді қадір тұтпасаң, ата-ананды, елінді сүйе алмайсың”.

3) Мәтін бойынша тапсырма: 1-топ. Түйін сөздерді көрсетіңдер. 2-топ. Қанатты сөздерді анықтаңдар. 3-топ. Тәрбиелік мәні бар сөйлемді белгілеңдер.

4) «Даналық ағаш» оқыта-үйрету ойыны.

Оқушылар мәтінді жылдам, мұқият оқиды. Енді әрқайсысы мәтін бойынша қиын сұрақ құрап, қағазға жазады. Жүргізушінің қолында сандықша болуы тиіс, соған оқушылар кезегімен өз сұрақтарын салады. Әр оқушы сандықшадан сұрақ жазылған қағаз алып, дауыстап, неғұрлым толық жауап беруі тиіс.

5) Қажетті сөздерді қойып, сөйлемді толықтырыңдар.

- Көп тілді білу – _____ талабы. қазақша
 Мен _____ сөйлеймін. қызыл тіл
 Өнер алды – _____ . заман
 Басқа пәле – _____ . халықтың
 Тіл – _____ жаны. тілден

Үй тапсырмасы:

1. Тіл туралы мақал-мәтелдер, қанатты сөздер жаттау.
2. Мәтінді мазмұндау.
3. «Мемлекеттік тіл» тақырыбына шағын шығарма жазу.

Майрагүл АЙТПАЕВА,
Сугатовка орта мектеп-балабақша
кешенінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Шемонаиха ауданы.

ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВТІҢ ТУЫНДЫЛАРЫ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушыларды қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрауға үйрету. **Міндеттері: білімділік** – мемлекеттік тілді меңгерту арқылы сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын молайту. Жаңа тақырыпты басқа пәндермен байланыстыра отырып жүргізу (сурет сабағымен). Мәтіндегі негізгі ойды анықтау; **дамытушылық** – халқымыздың өнері мен мұрасын оқушы бойына сіңіре отырып, суретке, әсемдікке баули отырып, айналаны тануға оқушылардың сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыруға ықпал ету; **тәрбиелік** – сурет өнерінің қыр-сырын терең түсіне білуге тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, топпен жұмыс, тест жұмыстары. **Көрнекіліктер:** Ә.Қастеевтің портреті, суретшінің туындыларынан шағын көрме, кәртiшкелер.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

1) әнұран айту;

2) психологиялық дайындық (амандасу);

Жақсы оқып сабақты, әдеп сақтау – сәніміз

Сәлем бердік сіздерге, басты иіп бәріміз.

3) түгелдеу;

4) кезекшімен сұхбат.

2. Үй тапсырмасын тексеру.

3. Жаңа тақырып.

- Ал, енді, балалар, бүгінгі сабағымыз – Әбілхан атамыздың туындылары. Әбілхан Қастеев – суретші деген сөздер бір-бірімен тұтасып, синоним болып кеткендей...

4. Бүгін біз сабағымызда Әбілхан Қастеевтің туындыларымен танысамыз. Мәтінді оқимыз, диалог құраймыз, әр түрлі грамматикалық тапсырмалар орындаймыз. №10, 11, 12, 13 жапсырма суреттермен сөйлем құраймыз.

5. Сабағымыздың ұраны: «Өнерлінің өрісі кең».

6. Сөздік жұмыс. Мәтінмен жұмыс жүргізер алдында жаңа сөздермен танысамыз.

Жаңа сөздер:

сан қырлы – многогранный;

кескіндемелік шығарма – графическое произведение;

бесжылдық құрылыс – стройка пятилетки;

қылқалам шебері – мастер кисти;

жеке жинақтамалар – индивидуальные сборники.

7. Мәтінмен жұмыс:

- мәтінді оқу;

- «түртіп алу» әдісі бойынша өздеріне қиын сөздерді белгілеп, сөздіктен іздейді;

- тізбектеп оқып, аудару;

- бір-біріне сұрақ қояды.

8. Диалог құру.

- Балалар, осы мәтін бойынша диалог құрастыру керек.

9. Оқулықпен жұмыс. Грамматикалық тапсырмалар орындау.

- Енді, балалар, дәптерлеріңді ашып, бүгінгі күнді жазыңдар. 2-тапсырманы орындаймыз. 98-бет.

- Мәтіннен туынды атаулары бар сөйлемдерді теріп жазып, синтаксистік талдау жасандар.

- Мәтіннен етістіктерді тауып, қалау райдың жұрнақтарын қосып дәптерге жазыңдар.

10. Топпен жұмыс. №10, 11, 12, 13 суреттердегі Ә.Қастеевтің туындыларымен танысып, сөйлем құраңдар. №10 «Абай жайлауда», №11 «Түркісіб», №12 «Жамбылдың портреті», №13 «Бүркітпен аң аулау».

11. Деңгейлік тапсырма. Кәргішкемен жұмыс.

- Енді деңгейлік тапсырмаларды орындаймыз.

3-деңгей: Әбілхан сөзін септейді.

2-деңгей: сурет, суретші сөздерімен тіркесе алатын сын есімдерді жалғап, сөз тіркесін құрайды.

3-деңгей: суреткер, көркемсурет, пейзаж сөздерімен сөйлем құрайды.

12. «Дұрыс, бұрыс» ойыны (балалар бонус жинайды)

№	Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
1	Әбілхан Қастеев суретші емес.		+
2	1967 жылы Ә.Қастеевке Ш.Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлық берілді.	+	
3	Жаркент қаласында Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайы бар.	+	
4	Суретшінің ауыл тақырыбына шығармалары жоқ.		+
5	Әбілхан –туған жердің табиғатын бедерлейтін суреткер емес.		+
6	Оның өнері бізге үлгі болады, бола бермек.	+	

13. Тест сұрақтары.

1. Ә.Қастеев қай ақынның портретін салды?

- а) М.Мақатаев; ә) А.Құнанбаев;
б) Ш.Қалдаяқов; в) С.Сейфуллин.

2. Мақалды аяқта. «Өнерлінің өрісі ...»

- а) тар; ә) ашық; б) кең; в) алыс.

3. Ә.Қастеев қай жерде туған?

- а) Талдықорған облысы;
ә) Көкшетау облысы;
б) Шығыс Қазақстан облысы;
в) Жамбыл облысы.

4. «Сан қырлы» сөзінің дұрыс аудармасын тап.

- а) число; ә) граненый;
б) художественный; в) многогранный.

5. «Сан қырлы» сөзінің синонимін тап.

- а) суретші; ә) өнерлі; б) ақылды; в) әнші.

6. Ә.Қастеевтің туындысы.

- а) «Тың туралы»; ә) «Кітап туралы»;
б) «Өзім туралы»; в) «Суретші туралы».

Кілті: 1 (ә), 2 (б), 3 (а), 4 (в), 5 (ә) 6 (а)

14. Тексеру.

15. Қорытындылау.

- Бүгінгі сабақта біз кім туралы мағлұмат алдық?

- Ә.Қастеев кім?

- Ол қай жерде, қай жылы туған?

- Қандай туындыларын білесіңдер?

- Суретшінің мемлекет көлемінде қандай атақтары бар?

- Балалар, бүгінгі сабақта сендер жақсы жұмыс істедіңдер.

16. Бағалау.

17. Үйге тапсырма. Ә.Қастеевтің халықтың қарапайым тұрмыс көрінісін бейнелейтін туындыларын атап, жазып келіңдер.

18. Рефлексия. «Мәуе ағашы». Өзіңді осы сабақта ағаштың қай жерінен көрдің? (жапырақтарға өз аттарын жазып, ағашқа жапсырады).

Мейрамгүл ЖАКЕНОВА,
Ақмола облысының
Ерейментау қаласындағы
«№2 орта мектеп-лицейі» КММ-ң
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АСТАНАЛАРЫ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушыларды астаналардың тарихымен таныстыру. Міндеттері: білімділік – сөздік қорын молайту, сөздерді дұрыс байланыстырып сөйлеуге үйрету, морфологиялық талдауды білу; **дамытушылық** – оқушылардың сөйлесу қабілеттерін дамыту, ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру, мәтіннің мазмұнын айтуға үйрету; **тәрбиелік** – Отанына, туған жеріне сүйіспеншіліктерін арттыру.

Түрі: интеграциялық сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, тірек сөздер арқылы мазмұндау, әңгімелеу, тіл дамыту. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, Қазақстан тарихы. **Көрнекілігі:** Қазақстан картасы, тірек сөздер, суреттер, постер, маркерлер, интербелсенді тақта, презентация.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлемдесу. Психологиялық дайындық: шаттық шеңбері.

- Бәріміз бір-бірімізге сәттілік тілейік. Топтастыру: оқушылар қағазда берілген мақал-мәтелдерді құрастырады, сол арқылы 4 топқа бөлінеді (қағаздарда астаналардың атаулары жазылған).

II. Сабақтың мақсатымен таныстыру.

Ой шақыру. Сұрақ-жауап, презентация (слайд) арқылы:

- Біз қайда тұрамыз?

- Қазақстан Республикасының астанасы қай қала?

Әр мемлекеттің өз астанасы болады. Сонымен, Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы. Бүгінгі сабақтың тақырыбы: «Қазақстанның астаналары».

Қазақ даласында астана міндетін атқарған қалаларды сендер тарих сабағынан білесіңдер.

Оқушылар жауап береді. Бүгін біз «Қазақстанның астана тарихын 1920-ы жылдан бастап қараймыз».

Қазақстанның алғашқы астанасы – Орынбор, кейін Қызылорда, Алматы және бүгінгі астанамыз Астана қаласы.

Мақсаты: ұжымдық түрде астаналардың тарихын білу үшін сөздікпен, мәтінмен жұмыс.

III. Жаңа сабақ:

1. Сөздікпен жұмыс: тақтада жазылып тұр. Сөздермен сөз тіркестер, сөйлемдер құрастыру.

Астана – столица;

Шаһар – город;

Хандығы – ханство;


Дәуір – эпоха;


Ресми – официальный;

Тұсаукесер – презентация;

Халықаралық – международный.

2. Тарих пәнінің мұғалімі К.А.Омарова Қазақстан астаналары туралы мәліметтермен таныстырады (слайд, карта).





IV. Мәтінмен жұмыс.

Әр топқа бір-бір мәтін беру: «Орынбор», «Қызылорда», «Алматы», «Астана».

А) Оқушылар мәтіндерді оқиды, жаңа сөздерді пайдаланып, мәтінді түсініп, сұрақтар құрастырады, топта бір-біріне сұрақ-жауап арқылы әңгімелеп береді. Әр топ постерде өзінің астанасы туралы сипаттама береді (сурет, сызба, сөйлем, кластер арқылы).

Б) Әр топтан 2 оқушы шығып сөйлеседі. Қалғандары тыңдап, басқа астана туралы мәлімет алады.

- Ал, енді, әр топтан бір оқушы шығып Орынбор, Қызылорда, Алматы, Астана туралы түсінгенін айтады.

V. Тапсырмаларды орындау (тапсырмалар интер-белсенді тақтада): Дәптерде орындайды, әр топтың 1 оқушысы тақтаға шығып орындайды.

1-тапсырма. Жақшаны ашып, сөйлемді дұрыс құрандар. Әр топ сөйлемді фишка арқылы таңдап алады.

1. Суяб – Батыс түрік қағанатының (столица).
2. Астана қаласы – (столица Республики Казахстан).
3. Орынбор, Қызылорда, Алматы – (столицы КазССР).

2-тапсырма. Сөздерге морфологиялық талдау жасау. Әр топ бірден үшке дейін сандарды айтып, сөздерді белгілеп алады.

Қаласының, көшелерінде, тұсаукесеріне.

VI. Сабақты бекіту. INSERT кестесі арқылы.

Кестені толтыру. Оқушылардың сұрақтарына тарих пәнінің мұғалімі К.А.Омарова жауап береді.

«Білемін»	«Үйрендім»	«Білгім келеді»

VII. Сабақты қорыту:

а) 3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, ат қойыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

XX ғасырда Қазақстанның астаналары болған қалалар: Орынбор, Ақмешіт, Алматы.

Орынбор 1920-1922 жылдары Қазақстанның алғашқы астанасы болды.

1922-1929 жылдары астана Қызылорда қаласына көшірілді. Ол Ақмешіт деп аталды. Астана болған жылдары Қызылорда көркейе бастады.

1929-1997 жылдары Алматы қаласы республикамыздың астанасы болды. Ол – өте әдемі және үлкен қала.

1997 жылы 10 желтоқсанда Ақмола ресми түрде республикамыздың астанасы болды.

1998 жылы 6 мамырда Елбасы Ақмола қаласын «Астана» деп атауға Жарлық шығарды.

1998 жылы 10 маусымда жаңа астананың халықаралық ресми тұсаукесері болды.

Сұрақтар: Кім бірінші қол көтереді, сол жауап береді.

1. Қандай қалалар XX ғасырда Қазақстанның астаналары болды?

2. Орынбор қаласы қай жылдары Қазақстанның астанасы болды?

3. Қызылорда қаласы астана болған кезде қалай аталды?

4. Алматы қаласы жөнінде не білесіңдер?

5. Ақмола қай жылы «Астана» деген атпен аталды?

6. Астананың ресми тұсаукесері қашан болды?

ә) **4-тапсырма.** «Қазақстан астаналары» тақырыбын қорыту үшін Венн диаграммасын жасаймыз. Осы қалалардың айырмашылығын, ұқсастығын белгілеу.

Орынбор 1920-1922 жылдары

Қызылорда 1922-1929 жылдары

Алматы 1929-1997 жылдары

Астана 1997 жылдан бастап

VIII. Рефлексия: кері байланыс орнату. Смайликтерді тарату. Көңіл-күйді білдіретін смайликтерді көрсету.

IX. Қорытынды: бағалау парақшаларын толтыру.

Оқушының аты-жөні	Жұлдызша саны	Топтың атауы	Бағасы

X. Үйге тапсырма: Мәтін бойынша диалог құру.

ЗАТ ЕСІМНІҢ ТӘУЕЛДЕНУІ

Сабақтың мақсаты: оқушының алған білімін толықтыру, Қазақстан Республикасы, Отанымыз, туған еліміз туралы әңгімелеу қабілеттерін арттыру; оқушылардың сөздік қорын байыту, ой-өрісін кеңейту, танымдық деңгейін көтеру, өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру, қазақ тілінде еркін сөйлей білу әрекеттерін жетілдіру; оқушылардың Отанға, өзінің туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру және тәрбиелі азамат болып қалыптасуына әсер ету.

Түрі: жаңа білімді игерту. **Оқыту формасы:** жеке, ұжымдық. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ой-қозғау, іздену. **Көрнекілігі:** үлестірмелі материалдар, ОТҚ, слайдтар, сөзжұмбақ.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Тренинг (ортаға шығып, қол алысып, бірге өлең айтады)

«Аспанға қарап ай көрдім,
Төменге қарап жер көрдім.
Оңға, солға бұрылып,
Егеменді ел көрдім!»

2. Оқушыларды түгелдеп, назарларын сабаққа аудару.

3. Асық үлестіріп, 4 топқа бөлу.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Жаңа сабақ (қызығушылықты ояту). Слайд.

Кіріспе: - Балалар, мына слайдтан қандай қалаларды көріп тұрсыңдар?

- Оқушылардың жауаптары.

- Иә, әрине, бұл Орал, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау қалалары. Қалай ойлайсыңдар, неліктен осы төрт қаланы сендерге көрсетіп тұрмын?

- Оқушылардың жауаптары.

- Иә, дұрыс, бұл төрт қала Қазақстанның батысында орналасқан, сондықтан біз бұл аймақтарды Батыс Қазақстан облысы дейміз. Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Зат есімнің тәуелденуі». Бүгін біз осы аймақ туралы көп мәліметтермен танысамыз.

1. Сөздік жұмысы:

аймақ – регион; шақырым – километр;
созылады – простирается; құрамы – состав;
көне – древний.

Жаңа сөздерді мұғалімнің оқуы.

Оқушыларға оқыту.

Сөз тіркестерін, сөйлемдер құру.

Сөздік дәптерлеріне жазғызу.

2. Мәтінмен жұмыс. (әр топқа мәтін үлестіріледі)

Батыс Қазақстан

Батыс Қазақстан құрамына Батыс Қазақстан облысы, Атырау, Маңғыстау және Ақтөбе облыстары кіреді. Батыс Қазақстан аймағы Республиканың батысында орналасқан. Ол оңтүстіктен солтүстікке 1200 шақырымға дейін, ал батыстан шығысқа 1300 шақырымға созылады. Үлкен өзендері – Жайық, Ембі. Үлкен көлдері – Индер, Аралсор, Шалқар.

Мәтінмен жүргізілетін жұмыстар:

А) I топ оқиды.

Ә) II топ аударады.

Б) III топ сұрақтар құрастырады.

В) IV топ мазмұнын айтады.

3. - Ал, балалар, зат есімнің тәуелденуі дегенді қалай түсінесіңдер?

- Оқушылардың жауаптары.

- Осы мәтіннен, балалар, тәуелдік жалғаулары бар зат есімдерді тауып, нешінші жақта тұрғанын көрсетіңіз.

IV. Бекіту.

4. Әр топқа үлестірілмеі материал беріледі.

Батыс Қазақстан облысы

БҚО 1932 жылы құрылды. Облыс орталығы – Орал қаласы. Орал қаласы Жайық өзенінің бойында орналасқан. Жайық өзені – Еуразия құрлығын екіге бөледі. Орал қаласы— көне қала.

Маңғыстау облысы

Маңғыстау облысы 1973 жылы құрылды. Облыс орталығы – Ақтау қаласы. Ақтау қаласы Каспий теңізінің жағасында орналасқан. Теңіз арқылы Иран, Әзірбайжан, Түрікменстан, Ресеймен шектеседі. Маңғыстау – мұнайлы аймақ.

Ақтөбе облысы

Ақтөбе облысы 1932 жылы құрылды. Облыс орталығы – Ақтөбе қаласы. Ақтөбе қаласы Елек өзенінің бойында орналасқан. Ақтөбе қаласы—ірі экономикалық орталығы.

Атырау облысы

Атырау облысы 1938 жылы құрылды. Облыс орталығы – Атырау қаласы. Атырау қаласы Жайық өзенінің бойында орналасқан. Атырау – газ, мұнай, балық орталығы.

(Әр топ өз облысы туралы мәліметтермен танысып, сұрақ-жауап арқылы білімдерін толықтырады)

Әр топ өздерінің дайындаған қосымша материалдарымен таныстырады:

А) I топ – Батыс Қазақстан облысы;

Ә) II топ – Маңғыстау облысы;

Б) III топ – Ақтөбе облысы;

В) IV топ – Атырау облысы.

6. «Ойлан, тап» ойыны.

Бір минутта берілген сөздің құрамындағы әріптерді қолданып, сөздер құрау («Қазақстан» сөзі)

7. Сергіту сәті. (Отан, туған жер туралы өлеңдер айту)


8. Семантикалық картаны толтыру.

	Зағ есім	жекеше түрі			көпше түрі		
		I жақ	II жақ	III жақ	I жақ	II жақ	III жақ
1.	облысымыз						
2.	қалам						
3.	теңізі						
4.	аймақта-рыңыз						
5.	өзені						
6.	орталығың						
7.	Отанымыз						
8.	мемлекетім						

IV. Қорытынды:

- Осы сабақтан алған білімдеріңді тексеріп көрейік.

9. Сөзжұмбақ шешу.



1. Қазақстанның көмір өндіретін қаласы.
2. Қызыл балық орталығы.
3. Қазақстан қандай ел?
4. Батыс Қазақстанның Еуропада ойнаған футбол командасы қай қаладан?
5. Каспий теңізінің бойындағы қала.
6. Біздің Отанымыз.
7. Астананың символы.
8. Туған қалам.
9. Қазақстанның бас қаласы.

- Сабақ сендерге ұнады ма? Қандай тапсырмалар ұнады? Осы сабақтан алған әсерлеріңізді смайликтер арқылы көрсетулеріңізге болады. (Смайликтер таратылады, әр оқушы смайлик арқылы көңіл-күйін көрсетеді).

V. Үйге тапсырма: «Батыс Қазақстан» мәтіні бойынша диалог құрастыру.

VI. Оқушыларды бағалау.



Айгүл ЖҮНІСОВА,
Астана қаласындағы
№31 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

КІМ КӨП БІЛЕДІ?

Сабақ мақсаты: өткен тақырыптардың негізгі идеясын ашу, тақырыпқа байланысты сөйлеу дағдыларын дамыту.
Міндеттері: білімділік – оқушылардың сабақтан алған білімдерін пысықтау, өткенді еске түсіру, сұрақтарға жауап беру, көрген, естіген, оқығандарын тәжірибеде қолдана білуге дағдыландыру; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту, шығармашылық жұмыс істеуге жұмылдыру, ой-өрістерін кеңейту; **тәрбиелік** – ортада өзін ұстауға, білім алуға ынталандыру, оқушыларды достасуға, құрдастарын қадір тұтуға, сабырлыққа, ұстамдылыққа тәрбиелеу.

Түрі: жарыс сабағы (интеллектуалдық сайыс). **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, түсіндіру, талдау, шығармашылық және репродуктивтік, топтастыру. **Материалдық-**

техникалық жабдықталуы: (компьютер, көрнекі құралдар, үлестірме материалдар, ұялы телефон, планшет).

Күтілетін нәтиже: сөздік қоры көбейеді; топта жұмыс жасай алады; сыни тұрғыдан ойлау арқылы өз ойын жеткізеді.

Сабақ барысы:

№	Сабақтың кезеңдері:	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:	Уақыт
1.	1. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық. Ынтымақтастық атмосферасын құру.	а) Оқушыларды түгелдеу. б) кезекшімен сұхбат жүргізу. Оқушыларды ортаға шығарып «Амандасу» тренингін өткізу. Бәріміз бір- біріміздің қолымыздан ұстайық та, сәттілік тілейік!	*Оқушылардың көңіл-күйлері көтеріледі. *Сабаққа деген ынтасы оянады.	2 минут
2.	Тұсаукесер.	Сыныпты топқа бөлу. <i>I топ - Білімділер.</i> <i>II топ - Алғырлар.</i> <i>III топ - Тапқырлар.</i>	ә. Мақалдарды құрастыру арқылы топқа бөлінеді.	3 минут
	Негізгі бөлім. Мұғалім бағыт-бағдар беріп отырады.	Сабақтың мақсатымен таныстыру. Құрметті оқушылар, бүгінгі сайысымыз 3 топтың арасында өтеді. Сайыс 6 бөлімнен тұрады. Ғылымның сырын ұғына, Шығындар білім шыңына.	Топ басшыларына бағалау парағы беріледі. Сол бойынша топ басшылары өз тобындағы балаларды	1 минут

		Ұқыптылық пен зеректік Жеткізер сіздей өренді Білімнің нәрлі сырына.	бағалап отырады.	
3.	Топпен жұмыс.	Миға шабуыл. 1. Білімді сына / шарты: сұраққа тез жауап беру/ а) халық ауыз әдебиеті қалай тараған? (ауыздан- ауызға ауызша тарап, біздің дәуірімізге дейін жеткен)	ә. Сұраққа жауап береді. б. Топпен жұмыс жасайды. *Сұраққа жауап берер алдында ортада жалпы пікір алысады, әр топ өз жауаптарын айтады.	15 минут
		ә) ауыз әдебиетінің қандай түрлері бар? б) «фольклор» сөзінің мағынасы қандай? в) қазақ ертегілері тақырыптарына, көтерген мәселелеріне, мазмұнына байланысты нешеге бөлінеді? (4) г) қиял-ғажайып ертегісінің неше саласы бар? (2) д) қиял-ғажайып ертегісінің кейіпкері: жеттырнақ, мыстан кемпір.		
		е) шыншыл ертегілердің кейіпкерлері: қарапайым адам. ж) әдеби ертегінің ерекшелігі қандай?(авторы бар) з) Толағай қандай ерлік істеді? (еліне жаңбыр әкелді) и) Ә.Тәжібаев кім? Қашан, қай жерде туды?		

		2. Мақал-мәтелдер сайысы. Мақал-мәтелдердің тақырыптары қандай? а) Отан, туған жер, атамекен туралы; ә) еңбек пен кәсіп туралы; б) батырлық, ерлік туралы; в) оқу, білім, ғылым туралы; г) тіл өнері, сөз туралы; д) тәлім-тәрбие, әдептілік туралы; е) достық пен жолдастық туралы; ж) адам туралы.		
		3. Жұмбақтар сайысы. Жұмбақтың тақырыптары қандай? Жұмбақ түрлері: а) ғарыш туралы; ә) жер, табиғат туралы; б) хайуанаттар мен жәндіктер туралы; в) құстар туралы; г) адам және оның мүшелері туралы; д) оқу құралдары туралы; е) өсімдіктер, жеміс-жидектер жайында.		
4.	Тренинг.	«Қуаныш шеңбері» тренингі. Сергіту сәтін көрсету.	Сергіту сәтін қайталайды.	2 минут
5.		4. Аңыз әңгімелер жайында сұрақтарға жауап беру сайысы. а) Аңыз әңгімелердің тақырыптары қандай? (елін қорғаған батырлар туралы) ә) Аңыз әңгімелердің ертегіден айырмашылығы қандай?	Әр топ бір-бірінің кемшілігін немесе жетістігін айтады.	15 минут

		(кейіпкерлері тарихта болған адамдар) б) Жиренше қандай адам болған? (шешен) в) Жиренше деген кім? (аңыз кейіпкері)		
		г) Қорқыт ата кім?(жырау, күйші) д) Қорқыт өмір сүрген ғасыр? (VIII ғасыр) е) «Қорқыт ата кітабы» қанша жырдан тұрады? (12) ж) Қорқыттың қарындасы кім? (Ақтамақ) з) Қорқыттың күйі: (Желмая)		
		5. XIX ғасыр әдебиеті ғылымға бастар жол екенін қалай түсінесіңдер? а) Шоқан кім? (ғалым) ә) Шоқан қандай оқу орнын бітірген? (Омбы кадет корпусы) б) Шоқанды кім «күйрықты жұлдыз» деп атаған? (Н.И. Веселовский) в) Шоканның шын аты кім? (Мұхаммед-ханафия) г) Шоқан қай жылы туып, қай жылы қайтыс болды?(1835-1865жж) д) Шоканның орыс достары кімдер?		
		6. Сайысымыздың алтыншы бөлімі «Тарихқа саяхат». / шарты: тарихи хронологиямен жұмыс./ 1. Қазақстан Республикасының		

		<p>тұңғыш президенті кім? 2. Қазақстан Республикасының тұңғыш президентін қай жылы сайладық? 3. Алматыдағы желтоқсан көтерілісі қай жылы болды? / 1986 жылы 17-18 желтоқсанда / 4. ҚР ұлттық валютасы қай жылы енгізілді? / 1993 жылы 15 қарашада 5. ҚР жаңа Ата Заңы қашан қабылданды? / 1995 жылы 30 тамызда /</p>		
6.	Үйге тапсырма.		Өздеріне ұнаған ертегілерге шағын шығарма жазып келу.	2 минут
7	Бағалау.	Формативті бағалау.	Өзін-өзі, топ басшысы және мұғалім бағалайды.	3 минут
8.	Кері байланыс.	Түрлі-түсті қағаздар таратады.	Кері байланыс парағына сабақ бойынша пікір, ұсыныстарын жазады, тақтаға жабыстырады.	2 минут

Роза БЕКЕШОВА,
Ақмола облысының
Көкшетау қаласындағы
№8 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Роза ОМАРОВА,
орыс тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СПОРТПЕН ӘУЕСТЕНУ

Сабақтың мақсаты: спорт туралы өткен тақырыптарды флипчарт арқылы пысықтау, слайд көру арқылы қай спорт түрімен шұғылдануын әңгімелеу. **Міндеттері: білімділік** – есімше, көсемше, шылауды қайталау, жазбаша жұмыстарды орындау; **дамытушылық** – сұрақ-жауап арқылы еркін сөйлеу, есте сақтау қабілетін дамыту, сөз қорын байыту. Слайд көру арқылы шағын мәтін құрастыру; **тәрбиелік** – спорт адамның денсаулығын жақсартып, ерік-жігерін арттыратынын ұғындыру.

Түрі: кіріктірілген сабақ (қазақ тілі мен орыс тілі).
Әдісі: сұрақ-жауап, интерактивтік тақтаны қолдану, сын тұрғысынан ойлау, топтық жұмыс. **Көрнекілігі:** оқулық, кәртiшке, стикер, интерактивтік тақта.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі (оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру).

II. Оқушылардың сабаққа белсенділігін арттыру.

Состоялся турнир по гольфу. Победитель получил огромный денежный приз. Счастливый мужчина собирался возвращаться домой. Но недалеко от клуба к нему подошла женщина, которая попросила у него хоть немного

выигранных денег. Она выглядела такой несчастной, что мужчина остановился и выслушал весь её рассказ. Оказалось, что её сын очень болен. Ему требуется сложная и дорогостоящая операция, а у неё совсем нет денег. Спортсмена тронула до глубины души её история и он отдал всё своё денежное вознаграждение на лечение мальчика. Через несколько дней он вернулся в свой гольф-клуб. И рассказал своим друзьям о встрече с несчастной женщиной.

О, как нам жаль! – заговорили они в один голос. – Ты тоже попался на уловки этой обманщицы. Она всё выдумала, чтобы завладеть твоими деньгами. К сожалению, она неоднократно уже так поступала. Прости, нам очень не приятно тебе это сообщать. Но мы твои друзья.

- Так никакого больного ребёнка нет? – переспросил чемпион.

- Нет!

- Слава Богу! Это самая хорошая новость за всю последнюю неделю!- заулыбался мужчина.

(Оқушылардың белсенділігін арттыру)

- Как вы понимаете следующую поговорку?

Сабақтың эпиграфы: I слайд

Быстро и ловко болезнь не догонит.

Денсаулық – зор байлық.

- Мақалдың басты тақырыбы қандай?

- Денсаулықты қалай нығайтамыз?

- Әр адам денсаулығын жақсарту үшін немен шұғылдану керек?

Сабақтың тақырыбы – Спортпен әуестену (II слайд). Спорт туралы өткен тақырыптарды пысықтау арқылы спорттың адамға пайдасы туралы еркін сөйлеп, әр түрлі жұмыстарды орындаймыз. Сабақта топтық жұмыс өткізіледі. Әр топта спортқа байланысты белгілер тұр, ол ненің белгісі екенін сабақта білеміз.

Ребята, как вы поняли, сегодня у нас необычный урок - урок, на котором мы будем повторять и углублять знания по самостоятельной части речи «Причастие», «Деепричастие», «Наречие», «Предлог», говорить, рассуждать о спорте, вы покажите свой интерес, проявите спортивный дух, дух соперничества при выполнении письменных и устных заданий, и урок наш будет проходить в виде спортивных соревнований. Урок, на котором вы покажете свои знания по казахскому и русскому языку. Я смотрю на ваши открытые лица, в добрые и умные глаза и надеюсь, что мы сумеем сегодня решить поставленные задачи. Согласны?

Тема нашего урока: Повторение и закрепление изученного материала по теме Причастие», «Деепричастие», «Наречие», «Предлог».

Как вы считаете какова должна быть цель нашего урока: (ответы детей)

Қазір «Бағдаршам» әдісін өткізейік (прием «Светофор»)

III слайд «Светофор»

(Учитель говорит тезисы. Учащиеся поднимают красную карточку, если не согласны с тезисом, зеленую – если согласны, желтую-если затрудняются ответить)

Грамматикалық тезистер:

1. Причастие и деепричастие-это самостоятельная часть речи.
2. Шылаудың септеулік, жалғаулық, демеулік түрлері бар.
3. Наречие обозначает признак действия, признак предмета, признак признака.
4. Есімшенің жұрнақтары ған/ген, ып/іп
5. Причастие и деепричастие с главными словами образуют причастные и деепричастные обороты.
6. Жазып отыр – күрделі етістік.

7. В наречиях на -о, -е пишется столько – НН-, сколько их в том слове, от которого образовано наречие.

8. Көсемшенің жұрнақтары а/е/й, ғалы/гелі, қалы/келі.

9. Непроизводные предлоги образовались от знаменательных частей речи(сущ, наречия).

10.Тұйық етістіктің жұрнақтары у/ю

(Екі тілдегі грамматикалық айырмашылықты оқушылар өздері тауып айтады).

III. Жаңа сөздермен жұмыс (4-5 слайд «Игра с препятствиями»)

Жеңімпаз, жүлдегер – победитель;

Жарыс, сайыс – соревнования;

жетістік – достижения;

олимпиадалық шығырық – олимпийские кольца;

құрлық – континент;

дүниежүзілік – мировой.

Синоним деген не?

Жеңімпаз, жүлдегер сөздерінде сөз тудырушы жұрнақ?
(-паз, -гер)

Жетістік қандай сөз табына жатады? (туынды зат есім)

Олимпиадалық шығырық қандай сөз (күрделі сөз)

Құрлық сөзінде неше буын бар? (бірыңғай бітеу буын)

Дүниежүзілік қандай сөз (күрделі, туынды сын есім)

Жаңа сөздермен сөз тіркес, сөйлем құрастыру.

Түсіндірмелі сөздікпен жұмыс, сөздердің мағынасын тауып, оқу.

Олимпиада, спорт, сайыс

- Дүниежүзіндегі спортшылар қайда өз жетістіктерін көрсете алады?

- Олимпиада қай уақытта өтеді? (төрт жылда бір рет)

- Олимпиаданың белгісі не?

- Олимпиадалық шығырықтар ненің белгісі?

- Олимпиада сөзімен кластер құру.

(Оқушылар тақтада жазады)

Олимпиада занимает важное место в жизни мирового сообщества. Каждое государство считает для себя большой честью проведение олимпийских игр. Совсем недавно проводилась зимняя олимпийская игра 2014 года в России в городе Сочи.

IV. Проведем «домашнюю» тренировку (акцентуализация знаний)

- Осы олимпиадалық ойындарға байланысты үй жұмысы берілген.

Спорт түрі туралы әңгімелеу

(флипчарт арқылы шағын әңгіме құрастырады)

- Спортпен кез келген адам шұғылданады. Сыныпта кім және қандай спорт түрімен шұғылданады?

Тіл дамыту «Әуестенетін спорт түрі»

(Шағын презентация құрып, ұнататын спорт түрін әңгімелеу)

- Спорттың адамға пайдасы бар ма? Адамды неге тәрбиелейді?

(Презентация бойынша қорытынды жасау)

Сергіту сәтін өткізу.

- На соревнованиях спортсмены берут тайм-аут. Мы также сделаем минуту отдыха. Физминутка на русском языке-1 мин.

(Снятие напряжения. Релаксация используется с целью помочь продуктивно усвоить учебный материал, активно и творчески работать)

ВОТ МЫ РУКИ РАЗВЕЛИ,

СЛОВНО УДИВИЛИСЬ,

И ДРУГ ДРУГУ ДО ЗЕМЛИ

В ПОЯС ПОКЛОНИЛИСЬ!

НАКЛОНИЛИСЬ, ВЫПРЯМИЛИСЬ,
НАКЛОНИЛИСЬ, ВЫПРЯМИЛИСЬ.
НИЖЕ, НИЖЕ, НЕ ЛЕНИСЬ, ПОКЛОНИСЬ И
УЛЫБНИСЬ

- Отдохнули? Возвращаемся на стадион.

V. Стадия синтеза и применения

Лингвоэстафета (задания раздаются каждой группе)

(На данном этапе дети учатся анализировать и синтезировать, сравнивать, обобщать, знание правил, развитие, умения формировать собственное мнение, аргументировать его, учиться слушать и слышать другого человека, уважать мнение собеседника.

Активизация деятельности учащихся. Формирование способности к анализу.

Сөйлемді талдау:

Барлық спорттық ойындар денсаулыққа пайдалы.

Сөз құрамына талдау:

Жол ашатын спорт, жеңіп алды, жаттығулар арқылы.

«Горячий стул» әдісі. Тіл дамыту «Спортпен әуестену»

5 мин.

(Сұрақ-жауап арқылы сабақта алған білімдерін қорыту.)

VII. Үй жұмысы: «Менің сүйікті спорт түрім» тақырыбына шығарма жазып келу.

Оценивание знаний учащихся. (Учащиеся самостоятельно выполняют задание и оценивают себя без помощи учителя. Формирование итогового самоконтроля. Актуализация полученных знаний, оформление их в устной речи. Развитие умения делать итоговые выводы. Критериальное оценивание)

Рефлексия. 2 мин. Стадия анализа. Упражнение «Комплимент» (Комплимент-похвала, комплимент деловым качествам, комплимент в чувствах).

Блиц-опрос.

Я прошу вас подумать несколько секунд и оценить самим итоги своей работы с помощью липкого листочка, лежащего у вас на парте. На доске написано: Я понял все и хочу узнать еще больше. Я понял все и могу объяснить другому. Я многое не понял.

Встаньте и прикрепите листочек к одному из указанных пунктов.

Учитель казахского и русского языка: Мы подошли к финишу. Чтобы быть готовыми к новым свершениям, надо постоянно совершенствоваться, ежедневно заботиться о своем здоровье, заниматься спортом. Сегодня на уроке мы много работали, тренировались умственно и физически. Ярких вам успехов и творческих побед в дальнейшем. Спасибо за урок!



Нүргүл ҚАЙДАРОВА,
«Лицей» оқу-тәрбие кешенінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Риддер қаласы.

МЕКТЕП АСХАНАСЫ

(5-сынып)

Жұмыс құралдары:	Түрлі түсті шарлар, бауырсақ, түрлі суреттер, презентация, әуендер, плакаттар, маркерлер, қайшы, желім.
Сабақ барысы:	

Максат:	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Түрткі тапсырма	Талаптары	Ұ. формасы	Күтілетін нәтиже	Бағалау
Ұйымдастыру кезеңі	А) Жайлы психологиялық орта қалыптастырады (оқушыларға сары, қызыл, жасыл шарлар таратады) - Балалар, Сіздерді келе жатқан Наурыз мейрамымен құттықтай отырып, сіздерге шарлар сыйлағым келеді. Мына шарларды алып, түсіне қарай үстелдерге орналасыңыздар. Ә) Оқушыларға өзара рөлдерді бөліп алу ұсынылады.	Қалаған шарын алады. Шар түсіне қарай топ-топқа бөлініп отырады. Оқушылар өзара көшбасшыны, таймерді, суретшіні, спикерді белгілейді.					
Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.	А) Мұғалім оқушылардың назарына бауырсақты ұсынады. -Балалар, мына табақтарға назар аударыңыздар! Нені көріп отырсыздар? -Сіздер тамақтардан нені жақсы көресіздер? -Тамақты қайда дайындайды? -Сонымен бүгінгі сабағымыздың тақырыбы ... Б) Иә, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Мектеп асханасы», біз бұл тақырып бойынша нені білеміз, нені білуіміз керек соны анықтап алайық. Мұғалім сабақтың мақсат-міндеттерін анықтайды.	Оқушылар мұғалімнің сұрақтарына жауап береді. «Мектеп асханасы» Оқушылар сабақтың мақсат-міндеттерін анықтайды.	Бауырсақ, жетелеу сұрақтары.	Сұрақтарға жауап беру арқылы сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын анықтау.	Жеке	Оқушылар мұғалімнің сұрақтарына жауап береді. Сабақ тақырыбы мен мақсатын анықтайды.	Өзін-өзі бағалау.
Білу. Суреттерді топтастыру арқылы сөздердің қазақша баламасын естеріне түсіру.	Мұғалім түрткі тапсырма береді -Мен әр топқа суреттер таратамын, сіздер бұл суреттерді топтастырыңыздар, бірінші топ орыс тағамдарын топтастырады, екінші топ қазақ тағамдарын топтастырады,	Суреттерді топтастырады. Ортаға шығып өз пікірлерін дәлелдейді.	Қазақ, орыс, өзбек халықтары тағамдарының суреттерін топтастыру,	5 минут ішінде суреттерді топтастыру, өз ойларын ортаға салу.	топтық	Оқушылар ұлттық тағамдар тақырыбы төңірегінде ойлана отырып,	Өзін-өзі бағалау.

Бірлесіп жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.	үшінші топ өзбек халқының тағамдарын топтастырады. Мерекелік тағамдарды да атап кету қажет. Мұғалім бақылайды, түрткі береді, оқушылардың жауаптарын тыңдайды. - Тағы қандай ұлттық тағамдарды атай аласыздар?						өз ойларын білдіреді, сөздердің қазақша баламасын еске түсіреді.	
<u>Түсіну</u> Ұлттық тағамдар жайлы білімдерін толықтыру арқылы түсіну дағдыларын қалыптастыру.	Мұғалім алдын ала тапсырма берген оқушыны ортаға шақырады. - Ал Ярославна қазақ халқының тағамдары тарихынан біраз ақпарат дайындап келді, мұқият тыңдап алайық. -Такой большой материал Ярославна попробовала перевести в нескольких предложениях. -Мәтінде бірмейтін сөздер бар ма? Сөздікпен жұмыс жасату. -Ярославна дайындаған материал пайдалы болды ма?	Ярославна ортаға шығып «Қазақ халқының ұлттық тағамдары тарихынан» мәлімет береді. Аударған 5 -6 сөйлемін оқиды. Білмейтін сөздерін аударып, сөздікке жазады.	Үздік оқитын оқушыға алдын ала берілген тапсырма.	Орысша қазақ халқының ұлттық тағамдары тарихынан мәлімет беру. 5-6 сөйлем қазақшаға аударып, жаңа сөздермен таныстыру.	жеке		Оқушылар қазақ халқының тағамдарының тарихымен танысады, сөздік қоры молая түседі.	Бірінбірі бағалау.
<u>Сергіту сәті</u>	- Балалар, шаршаған боларсыздар. Олай болса, барлығымыз орнымыздан тұрып, сергіту сәтін жасайық.	Теледидарға қарап, балалардың қимылдарын қайталайды.	«Қызыл өрік»					
<u>Қолдану</u> Зерттеушілік әңгіме арқылы ауызекі сөйлеу дағдыларын дамыту.	- Балалар, енді асханада не жайлы сөйлесетінімізді есімізге түсіріп, сұхбат құрып жіберейік. Қазір жұппен жұмыс жасайтын боламыз, осы тірек сөздерді пайдаланып, диалог құрып жіберіңіздер. -Асханада диалог кімдер арасында болуы мүмкін? -Иә, дұрыс, аспаз бен оқушы арасында, оқушы мен оқушы арасындағы әңгімені сахналандырыңыздар. 10 минут уақыт беремін.	Оқушылар шағын топтарда жұмыс жасайды. «Асханада» сұхбатын құрып, сахналандырады.	«Асханада» тақырыбына диалог құру.	7-8 сөйлемнен тұратын сұхбат құру, сахналандыру.	жұппен		Өз беттерінше ізденеді, сөздік пайдаланады, ортаға шығып сахналандырады	Бірінбірі бағалайды.

Раушан ЖАҚСЫҒҰЛОВА,
Батыс Қазақстан облысының
Орал қаласындағы
№ 21 жалпы орта білім беретін
мектебінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

РАДИОНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сабақтың мақсаты: ақпараттық – радио, сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері туралы түсінік беру; **коммуникативтік** – тақырып аясында оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру, өз ойларымен бөлісе білуге үйрету; **проблеманы шешу** – тақырып бойынша сыни көзқарастар қалыптастыру.

Типі: жаңа сабақ. **Қолданылатын педагогикалық технологиялар:** дамыта оқыту, диалогтік оқыту, сыни тұрғыдан оқыту, сыни бағалауды қолдану арқылы оқуды және оқу нәтижесін бағалау. **Әдістері:** ынтымақтастық және топтағы бірлескен жұмыс, әңгімелеу, сұрақ-жауап, компьютер, интернет.

Сабақ кезеңдері:	Мұғалім әрекеті:	Оқушы әрекеті:
Кіріспе	Ұйымдастыру. Сыныпты 2 топқа бөлу. Топқа бөлу негізі: сөйлемнің айтылу мақсатына қарай қандай түрлері болады? Хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, лепті сөйлем, бұйрықты сөйлем.	Стикерлерге жазылған сөйлемдердің түрлерін дұрыс анықтап, екі топқа бөлініп отыру. I топ. Хабарлы, сұраулы сөйлем. II топ. Лепті, бұйрықты сөйлем.

Талдау. Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру, білімдерін толықтыру, зерделеу және талқылау мақсатында басқа оқушылардың жұмыстарын бағалау.	- Қазір бір-біріміздің жұмысымызды бағалаймыз. Сіздерге сыныптастарыңыздың сахналық көріністері ұнаған болса, қызыл жұлдызша, ұсыныстарыңыз бен тілектеріңіз болса, көк жұлдызша беру арқылы бағаланыздар.	Сыныптастарының диалогтарын талдайды, пікір білдіреді	Сахналық көріністі талдау арқылы бірін-бірі бағалау.	Сыныптастарының жұмысы бойынша ой-пікірлерін білдіру.	топтық	Сыныптастарына талап қою арқылы өздігінен ізденуді, қалай оқуды үйренеді.	Түзетулерді орындау.
Жинақтау. Түркі тапсырма арқылы ойларын жинақтау, ауызекі сөйлеу тілін дамыту.	Түркі тапсырма берелі. Балалар, енді «Мектеп асханасы» тақырыбына топпен бірлесіп кластер жасап жіберіңіздер. 10 минут уақыт беремін. Оқушыларды, топтарды бақылайды, жетелеу сұрақтарын қояды.	Бөлінген рөлдері бойынша топпен бірлесіп кластер жасайды, оны тақтаға шығып қорғайды.	«Мектеп асханасы» кластерін жасау.	10 минут ішінде «Асхана» тақырыбына кластер жасау, қорғау.	топтық	Өз беттерінше сөздікпен пайдаланып, сөйлемдер құрайды, кластер жасайды, өз ойларын ортаға салады.	Бірін-бірі бағалау.
Бағалау. Өзін-өзі және әріптесін бағалай білуге баулу.	Мұғалім өзін-өзі бағалау парағын тарағалды: -Мен сіздерге өзін-өзі бағалау парағын беремін, соны толтырып жіберіңіздер. -Көктем белгісі не? -Мына далада көктем болу үшін не жетпейді? -Иә, қызғалдақтар жетпейді. -Ендеше, балалар, әдемі гүл ғана емес, әдемі тілектерімізді айтып, әдемі дала жасайық! -Алдарыңызда жатқан қызғалдақтарға не ұнады, нені білгендеріңіз жөнінде жазып, көктемді гүлге толтырайық.	Өзін-өзі бағалау парағын толтырады. Оқушылар сабаққа қатысты өздерінің ой-пікірлерін жазады, оқиды. Көктем пейзажын гүлге толтырады	Өзін-өзі бағалау парағы.	Түсінгендерін, ұқпандарын, ұсыныстарын жазады, сабаққа қатысты өз ойларын білдіреді. «Екі жұлдыз, бір тілек»	жеке	Кері байланыс жасалады.	Өзін-өзі бағалау.

Тұсау кесер	Жетелеу сұрақтары: «Ақпарат» сөзі қай тілден шыққан? Ақпарат деген не? Ақпаратты жеткізу, қабылдау және сақтаудың мәселелерімен қандай теория айналысады? Етіс дегеніміз не? Оның қандай түрлері бар? Сөздерден етіс жасаңдар, оларды қатыстырып, бірнеше сөйлем құраңдар.	Сұрақтарға жауап беру. Сөздерден етіс түрлерін жасап, оларды қатыстырып, сөйлем құрастыру.
	Сынақтан өткізу сұрақтары: Сөйлем дегеніміз не? Сөйлем айтылу мақсатына қарай нешеге және қандай түрге бөлінеді? Олар қалай жасалады? Мысал келтіру. Жаңа сөздермен жұмыстану.	Сұрақтарға толық жауап беру. Мысалдар келтіре алу. Сөз тіркестері мен сөйлем құру. I топ. Мәтіндегі берілген сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге айналдыру. II топ. Жаңа сөздермен лепті, бұйрықты сөйлемдер құрастыру.
<u>Сергіту сәгі.</u>	Радиотолқындарды анықтай білу.	
Негізгі бөлім	«Радио» мәтінінің мазмұнын ұғыну. Қайта бағыттау сұрақтары. Радио деген не? Радио деген сөз қайдан шыққан? Радиобайланыстың қасиеті неде? Радионың негізгі жанрлары қандай?	Сұрақтарға толық жауап беру. Сұрақтарды дұрыс құру. Мәтінді толық мазмұндау. I топ. Диалогті толықтыру. II топ. Мазмұндау.
	Радионың адам өміріндегі маңыздылығы. Ой бөлісу. Қайта бағыттау сұрақтары. Радионың адам өмірінде қандай маңызы бар?	Сөйлем түрлерін пайдалана отырып, радионың адам өміріндегі маңыздылығы туралы ойларын жазу. I топ. Айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін қолдана отырып, радионың адам

		өміріндегі маңыздылығы туралы айту. II топ. Радиосұхбат дайындау.
	Айтылу мақсатына қарай сөйлемдерді пайдалана отырып, радиобағдарламаларының міндеттері мен мақсаттарын айқындау. Қайта бағыттау сұрақтары. Радиобағдарламаның қандай түрлерін білесіңдер? Сіздің сүйікті радиобағдарламаңыз қандай? Сіз радиобағдарламаны үзбей тыңдайсыз ба? Радиобағдарламаның міндеттері мен мақсаттары қандай?	Екі топқа ортақ тапсырма. Радионың заманауи технология қатарында ақпарат құралы ретінде алатын орны.
Үйге тапсырма:	Радио туралы монолог дайындау.	
Қорытындылау.	Бағалау түрлерін қорытындылау.	Рефлексия жазу. Алған білімдерінің құндылығын бағалау.



Ұмсынай ҚАЙЫРЖАНҚЫЗЫ,
Астана қаласындағы №1 мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

БӘЙТЕРЕК – АСТАНАНЫҢ СИМВОЛЫ

Сабақтың мақсаты: оқушылардың тақырып бойынша қазақша сөйлеу білімдері мен дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері: 1) мәтіннен негізгі мәліметті ала білуге

үйрету, оны дұрыс қолдана білуге үйрету; 2) ой-өрісін, шығармашылық қабілеттерін дамыту; 3) өз еліне, Отанына патриоттық сезім, сүйіспеншілік қасиеттерін тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, сызба.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі:

а) Амандасу;

Ә) Оқушы санын түгелдеу;

Б) Оқушы назарын сабаққа аудару;

В) Психологиялық ахуал орнату.

II. Үй жұмысын тексеру.

III. Жаңа сабақ.

1. Кіріспе сөз. Өмір ағашының суреті.

Астананың символы не? Ол қайда орналасқан? Бәйтерек туралы қандай аңызды білесіңдер? Бәйтерек ағашы мен Бәйтерек символының қандай байланысы бар екені туралы әңгімелесеміз.

2. Сөздік жұмысы. Сөз тіркесін, сөйлем құрастыру.

Киелі құс – священная птица;

Ұмтылады – стремится;

Сәулет туындысы – произведение архитектуры;

Аңыз – легенда;

Тамыр – корень;

Өмір ағашы – дерево жизни;

Тереңдік – глубина;

Нышан – символ.

3. Алып бәйтерек. Мәтінмен жұмыс. Топтық жұмыс.

1-топ – аңыз туралы.

Есіл өзенінің сол жағалауында бой көтерген тоқсан жеті метрлік сәулет өнерінің бірегей туындысы – Бәйтерек. Бәйтерек монументі – Елорданың ең көрнекті ғимараттарының бірі.

Аңыз бойынша, киелі құс Самұрық өмір ағашына ұмтылады, өмір ағашы – Бәйтерек. Самұрық ағаштың алтын ұшар басында алтын жұмыртқаны тастау үшін қорғанады. Алтын ұрық – ол өмір және үміт беретін Күн. Сол күнді аш Айдаһар түбінде аңдып отырады. Бұл – жақсылық пен жамандықтың мәңгілік күресінің бейнесі. Ағып жатқан Бейбітшілік өзенінің бойында тұрған Бәйтерек аспанды тіреп тұрғандай көрінеді.

Бүгінгі таңда «Бәйтерек» – қазіргі Қазақстанның нышаны.

2-топ – Монументтің сыртқы құрылысы туралы.

Бәйтерек – Астана қаласында 2001 жылы салынған мәдениет және сәулет туындысы. Ол Астана қаласының жаңа орталығының орта тұсында орналасқан. Ғимараттың биіктігі 97 метр болып белгіленген. Бұл жылы Қазақстан Республикасының астанасы Ақмолаға көшірілді. Әсемдеп жасалған темір конструкциялардың жоғары жағында жұмыртқа бейнесіндегі шар орналастырылған. Бұл аңыз бойынша самұрықтың жұмыртқасы. Жұмыртқа байлықты, дәулетті, тыныштықты білдіреді. Қазіргі кезде Бәйтерек Астана қонақтарының міндетті түрде баратын мәдени орнына айналды.

3-топ – Монументтің ішкі құрылысы туралы.

Бәйтеректің панорамалық зал ортасында 17 жапырақтан тұратын, 17 әр түрлі әлем діндерінің уәкілдерінің қолы қойылған ағаш глобусы орналасқан. Ал қасында монументті жасау ойы туындаған Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаев алақанының ізі бар. Егер алақанға қолды қойып, арман-тілек тілесе, орындалады деп айтылады.

4. Әр топ өз жобаларын қорғайды.

5. Венн диаграммасын толтыру.

Инсерт құрастыру:

1. Бәйтерек.

2. Алып, биік.
3. Білдіреді, көрінеді, айналды.
4. «Астана – Бәйтерек» -өмірдің, халықтың, бейбітшіліктің нышаны.

5. Монумент.

VII. Сабақты қорыту.

VIII. Үй тапсырмасы: «Астана – Бәйтерек» диалог.

Слайд-презентация жасау.



Роза АЙЗАХМЕТОВА,
№1 Қосшы орта мектебінің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.
Ақмола облысы,
Целиноград ауданы.

ОТЫРАРЛЫҚ ҒАЛЫМ

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: Әл-Фараби өмірімен таныстыру.
Міндеттері: білімділік – тақырып мазмұнын меңгерту, сөздік қорын молайту. Зат есімнің тәуелді септелуін меңгерту; дамытушылық – оқушылардың қойылған сұрақтарды түсіну, дұрыс жауап беріп, талдай білуге, қазақ тілінде өз ойларын жеткізуге білу дағдыларын қалыптастыру; **тәрбиелік** – Әл-Фараби өмірінің өнегелік жақтарын көрсете білу. Оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыру. Адамгершілік пен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұйымшылдыққа, ізденімпаздыққа, іскерлікке үйрету. **Түрі:** аралас сабақ. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, тарих, информатика, орыс тілі сабағы. **Әдістер:** шығармашылық

ізденіс, сын тұрғысынан ойлау әдістерінің элементтері, баяндау, сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** интерактивтік тақта, суреттер, портрет, оқулық, сөздік, кесте, слайд.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Амандасу;

Әнұранды орындау.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Жаңа сабақ.

1) Кіріспе сөз.

2) Сөздік жұмысы:

Бар саласын – жан-жақты;

Аттанарда – кетерде;

Сапн еттім – жұмсадым;

Қызмет еттім – айналыстым;

Кейінгі заман берер – болашақ ұрпақ берер;

Ақылы жеткен жеріне – ғылымдағы жетістіктері;

Белгі қалдыру – кітап жазу.

«Ғылым жолында» мәтінді оқу, аудару.

Мәтінді екі бөлімге бөлу.

I бөлімнің тақырыбы: Әл-Фарабидің алдына қойған мақсаты.

II бөлімнің тақырыбы: Әл-Фарабидің ғылымға қосқан үлесі.

5) Сұрақтарға мәтін бойынша жауап беру.

1. Әл-Фараби ғылым, білім жолына қай жерден аттанды?

2. Әл-Фараби ғылым жолында неше жыл уақыт өткізді?

3. Әл-Фараби кімдер үшін қызмет етті?

4. Әл-Фараби қандай ғылымға еңбек етті?

5. Әл-Фараби ғылым жолында қандай белгі қалдырды?

IV. Әл-Фараби еңбектері:

(Өлеңдері, әңгімелері)

Күнсұлу МУРНИКОВА,
«М.Айтхожин атындағы
№1 жалпы білім беретін
инновациялық орта мектеп» КММ-ң
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Петропавл қаласы.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА

(3-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – өткен сөздер мен сөз тіркестерін қайталап, сөйлемді дұрыс құрастыруды үйрету; **дамытушылық** – тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу әрекеттерін дамыту; **тәрбиелік** – қазақ тіліне деген ынталарын көтеріп, патриоттық сезімдерін туғызу, сыпайылыққа дағдыландыру.

Түрі: өткенді қайталап, пысықтау. **Типі:** интеграциялық сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, ойындар, сұрақ-жауап, тыңдау, сөйлесу. **Сабақтың құралдары:** оқулық, кеспе сурет-кәртішкелер, тақтаға жазу, сызбалар, қолдан жасалған жүлделер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Амандасу. Оқушыларды түгелдеу, дайындықтарын тексеру.

II. Үй жұмысын тексеру.

- Қоңырау соғылды, кітап – оқулықтарыңды тексеріңдер.
- Күнделік, дәптерлерің бар ма? (иә, бар)

Венн диаграммасы.

V. Грамматика. Жай септеу және тәуелді септеу.

1. Таблица (слайд)
2. Сөздерді септеу (тақтамен жұмыс)
3. 6-тапсырма (көп нүктенің орнына мәтіннен тиісті сөз тіркестерін тауып жазу.

Әл-Фараби ... аттанарда бір ғана мақсат қойды. Оған алпыс жылдан астам Оның мақсаты ... бар саласын меңгеру. Бүкіл адам баласының ... атсалысу еді. Бар өмірімді ... сарп еттім. ... кейінгі заман берер. Ғылым жолында ... белгі қалдыруы керек.

VI. Сабақты қорытындылай келе тест сұрақтарына жауап береміз:

1. Отырар қаласы қай облыста орналасқан?
2. Қазақ фольклорын кім зерттеген?
3. Отырарды арабтар қалай атаған?
4. Тәуелсіздік күні қашан?
5. Шешесінің әкесі кім?
6. Ұлы жүздің биі кім?
7. Шахмат қай елде пайда болды?
8. Түркістан қалай аталды?
9. Мұсылман мәдениетінің орталығы?
10. Айша бибі кесенесі қай қалада?
11. В.В.Радлов кім?
12. Екінші Аристотель атанған ғалым?
13. Арыстанбаб кімнің ұстазы?


VII. Бағалау.

VIII. Үй тапсырмасы: мәтінді оқу, мазмұндау; *мақсат*, *өмір* сөздерін жай, тәуелді түрде септеу.


- Қалам, қарындаштарың түгел ме? (түгел)

III. Өткенді сайыс ойыны түрінде өткізу.

- Балалар, бүгінгі сабақтың тақырыбы: Дарынды математиктер. Ал сабақтың мақсаты: өткенді қайталау, пысықтау. Сол үшін біз 2 топқа бөлінеміз. 1-топ – «Қызғалдақтар», 2-топ – «Сарғалдақтар». Осы гүлдер біздің Қазақстан жерімізде өседі. Сендер де гүлдерсіңдер, сондықтан топтарымыз солай аталады. Әр дұрыс айтылған жауапқа фишка беріледі. Енді, бірінші тапсырма. Сендер қандай сызықтарды білесіңдер? Тақтаға шығып схема бойынша жазыңдар.



I тапсырма. - Сендер қандай бұрыштарды білесіңдер?



II тапсырма. - Балалар, дәптерлеріңді ашыңдар, бүгінгі күнді жазыңдар. Мен сөздерді оқимын, ал 1-топ жуан сөздерді, 2-топ жіңішке сөздерді теріп жазады.

жуан сөздер жіңішке сөздер

Сөздер: сұрау, бет, күнделік, қағаз, мектеп, дәптер, қалам, такта, оқулық, сызғыш, өшіргіш, терезе.

III тапсырма. Схема бойынша фонетикалық талдау жасаңдар (I – үшбұрыш; II – төртбұрыш).

IV тапсырма. Кім «Дымбілмеске» көмектеседі? Мына сөздерде көп нүктенің орнына керекті дыбыстарды жазыңыздар (сөздер екі парақта жазылған)

V тапсырма. Тест жұмысы.

VI тапсырма. «Қызғалдақ» тобы «Дүкенде» деген жағдаятты көрсетеді. «Сарғалдақ» тобы «Мектепте» деген жағдаятты көрсетеді.

VII тапсырма. Кім дұрыс аударады? (қазақшадан – орысшаға)

VIII тапсырма. Тең белгілерін қойыңдар (сандар екі парақта жазылған). Ал енді, балалар, фишкаларды санаймыз. Сабақтың қорытындысы: бағалау, ең белсінділерді мақтау. Жұлделерін тарату.

- Балалар, қандай мейрам келе жатыр? (дұрыс).

Балаларды «Наурыз» мейрамымен құттықтап, «шашу» тарату. Сабақты әнмен аяқтау.



Гүлнұр ҚАЙЫПОВА,
Алматы қаласындағы
М.Мәметова атындағы
№28 лицейдің мұғалімі.

ҚАЛАЛАР

(3-сынып)

Сабақтың мақсаты: Қазақстан қалалары туралы әңгімелей білуге үйрету. **Міндеттері: білімділік** – Қазақстан қалалары туралы жалпы мәлімет беру. Көптік жалғауларын пысықтай отырып, сөздерге дұрыс жалғап, сөйлемдерді айтуда қолдана білуге дағдыландыру. Оқушыларды топпен

жұмыс істеуге үйрету; **дамытушылық** – сөздік қорын байыту. Менгерген сөздерді ауызекі сөйлесуде қолдана білуге үйрету; **тәрбиелік** – Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Әдісі: түсіндіру, сөйлесу, сурет, слайд, сұрақ-жауап, топтық жұмыс. **Көрнекілігі:** суреттер, тірек сөздер, Қазақстанның картасы, слайд, жіп, градусник. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, география.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Оқушылармен амандасу, түгелдеу.

Оқушыларды топқа бөлу.

2. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

3. Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

4. Бүгінгі сабақтың мақсатымен таныстыру, фишкалармен бағаланатынын айту.

5. Сөйлесу.

- Қазір қай мезгіл?

- Қыста неше ай бар?

- Бүгін желтоқсанның нешесі?

- Аптаның қай күні?

II. Үй тапсырмасын сұрау.

3-тапсырма. 71-бет

III. Білімдерін жан-жақты тексеру.

1. Қазақстан қандай мемлекет?

2. Қазақстан табиғаты қандай?

3. Қазақстанда нелер көп?

4. Сен қайда тұрасың?

IV. Жаңа сабақ.

Бүгінгі біздің өтетін сабағымыздың тақырыбы: Қалалар.

1-слайд.

Қазақстан қалалары. Қазақстанда үлкен, кішкентай қалалар көп. Үлкен қалалар: Астана, Алматы. Кішкентай

қалалар: Қарағанды, Атырау, Шымкент, Талдықорған, т.б. Біз сабақта Алматы мен Астана қалаларының әдемі жерлерін және онда нелер бар екенін білетін боламыз. Жаңа сөздермен танысайық.

Сөздікпен жұмыс. 2-слайд.

мұражай – музей;

ғимарат – здание;

қонақүй – гостиница.

Сөздерді сөздік дәптерге қатесіз жазғызып, оқыту.

Жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрату.

Сергіту.

3-слайд арқылы қалалар туралы әңгімелеу.

Кітаптағы 1-тапсырма, 2-тапсырма, 3-тапсырма. Топтық жұмыс

Дәптермен жұмыс.

4-слайд. Тірек сөздер: Алматы, бар, өзен, тау, ғимарат, үй, мұражай, Астана, көше, ағаш, гүл, қонақүй, әдемі, үлкен, кең, тұрамын, қала.

Алматы тобы. Алматы туралы сурет салады, сөйлемдер құрастырады.

Астана тобы. Астана туралы сурет салады, сөйлемдер құрастырады, қорғайды.

Тақтадағы сөздерге көптік жалғауларын жалғандар. Екі топтан екі оқушы шығады.

5-слайд. Көптік жалғауларды тексеру. Үш шапалақ.

IV. Түсінгенін тексеру.

Қазақстан қалаларын стикермен картаға жапсыру. Сөйлемдер құрау.

V. Білімдерін бекіту.

«Өрмекшінің ұясы» ойынымен сөйлемдер құрап айтқызу.

VI. Үйге тапсырма: 4-тапсырма. Әңгімелеу. 74-бет. Жаңа сөздерді жаттау.

VII. Бағалау. Сабақта оқушылардың жинаған фишкаларын санай отырып, түстеріне қарай бағалау.

Сабақтың нәтижесі, рефлексия.

- Балалар, бүгін сабақ бойынша мына градусникке сабақтың қалай өткендігі туралы өз ойларыңды белгілеулеріңді сұраймын.

Қызықты							
Қызықсыз							



Зера ШЛДЕБАЕВА,
Павлодар қаласындағы
№21 ЖОМ-нің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ЕРТІС ӨЗЕНІ

(3-сынып)

Мақсаты: тақырып бойынша сөздік қорларын толықтыру, оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым әрекеттерін жүйелі түрде қолданып, тілдесім әрекетіне жетелеу. Күтілетін нәтиже: Қазақстанның табиғаты туралы білімдерін толықтырады; 2. Оқушылар өзара диалогтік қарым-қатынасқа түседі; 3. Ынтымақтастық орнап, өзгені де өзін де бағалай алады.

Түрі: жаңа білім беру сабағы. **Әдістер:** ЖИГСО, СТО, диалогтік оқыту, АКТ, ОуБОВ, ТжДО, ОЖЕСО. **Құрал-жабдықтар:** интербелсенді тақта, плакат, үлестірмелі материалдар, электронды мультимедиялық кешен, бағалау парағы.

Ойлау деңгейі (Блум таксономиясы)	Уақыт	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:	Ресурстар:	Қолданылатын модуль:
	2 мин.	1. «Сәлемдесу» ойыны: Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір-біріңмен тез-тез амандасасыңдар. Әр адаммен әр түрлі амандасасыңдар. Сонымен, көзбен... қолмен... иықпен... құлақпен... тіземен... иекпен... өкшемен... арқамен. 2. Топқа бөледі.	1. Шеңбер құрып, әр адаммен әр түрлі амандасады. 2. Журналдағы тізім бойынша топқа бөлінеді.	Шаттық шеңбері, оқушылардың тізімі.	ЖИГСО, ОЖЕСО
Білу	3 мин.	3. «Тақырыптық түйінді сөздер». Слайд арқылы тақырыпқа қатысты сөздерді еске түсіру.	3. Тақырыпқа қатысты сөздерді теріп жазады, сөздер банкісінен	Интерактивті тақта, слайд.	СТОу, АКТ, ОуБОВ (бір-бірін бағалау)

			керекті сөздерді негізгі сөздерге ауыстырады.		
Түсіну	4 мин.	Негізгі сөздер: табиғат, теңіз, астана, көлдер, ауыл, тау, қала, өзен, Отаным. Сөйлем құрастыр. 4. Слайд ұсынады, сұрақтар қояды: Бұл не? Көл ме? Теңіз бе? Әлде өзен бе? Ертіс өзені туралы не білесіңдер?	4. Әр топ 3 сөйлемнен құрастырады.	Қазақстанның жері, қалалары, табиғаты бейнеленген суреттер	СТОУ, ОМОЖТ (диалогтік оқыту), ОҰБОБ Шапалақ соғу. АКТ
Қолдану	5 мин.	5. Сөздікпен таныстырады: (қ, і дыбыстарына тоқталу) 7. Деңгейлік тапсырма: I деңгей: Сөз тіркестер; II д. Сөйлем құраст. III д: Сурет бойынша сөйлем құрастыру. 8. Мәтінмен жұмыс: «Көршіңмен сөйлес» стр.	5. Слайд бойынша мұғалімнің сұрағына жауап беріп, тақырыпқа шығады: Ертіс өзені – Қазақстандағы ең үлкен өзен. Ертісте «Ертіс-Қарағанды» каналы бар.	«Ертіс» өзені. Слайд.	СТОУ, АКТ.

	6 мин.	Ертіс Қазақстанның ірі өзені – Ертіс. Ол Алтай тауынан басталады. Өзен Павлодар облысын екіге бөледі. Өзен алқабы өте бай. Ертіс балыққа бай. Павлодар өлкесінде барлығы бар: жазық дала, аққайың, тоғайлар, қарағай орман, таулар. Дала жазықтары облысымыздың көп жерін алып отыр.	6. Мұғалімнің соңынан жаңа сөздерді қайталайды: Ірі – крупный; Бөледі – разделяет; Алқабы – пойма; Жазық дала – ровная степь; Аққайың-тоғай – березовая роща; Қарағай-орман – сосновый лес.	Жаңа сөздер, суреттер.	ОЖЕСО ОМОЖТ ОҰБОБ (бір бірін)
			8. Мәтінмен жұмыс: А) Мәтінді түсініп оқиды; Ә) Сұрақ-жауап арқылы сұхбаттасады. Ертіс қандай өзен?	Бағалау парағы	

Талдау	8 мин.	9. «Сөйлемді толықтыру» стр. Қазақстанның ең ірі өзені - қаласы Ертіс өзенінің жағасында орналасқан. 10. «Ойландыру» стр. Сөйлемді дұрыс құрастыр.	10. Сөйлемдерді толықтырып жазады: Қазақстанның ең ірі өзені - <u>Ертіс</u> . <u>Павлодар</u> қаласы Ертіс өзенінің жағасында орналасқан. 1. Тұрамын, облысында, мен, Павлодар. 2. Мен, көремін, жақсы, туған, жерді. 3. Басталады, Алтай тауынан, Ертіс.	Жауап парағы, бағдаршамның түстері.	Диалогтік оқыту, СТОУ, ОуБООБ Бағдаршам әдісі)
Сергіту сәті:	2 мин.	«Кім, нені жақсы көреді?» жаттығуы. Барлығы орындықтарға отырады. Кім, нені жақсы көреді солар орындарынан тұрады. Мысалы: Кім балмұздақты жақсы көреді,	Барлығы орындықтарға отырады. Кім, нені жақсы көреді солар орындарынан тұрады.		ОЖЕСО

		сол орнынан тұрсын... Кім өзін батырмын деп есептейді?... Кім Ертіс суына шомылды?			
Жинақтау	5 мин.	Өзіңізді тексеріңіз: Бұл мәлімет ШЫНДЫҚ па немесе ЖАЛҒАН ба? Стр.	Тақырып бойынша 2 сөйлем (Шындық, жалған)		СТОУ ОмОЖТ ОуБООБ басбармақ)
Бағалау	7 мин.	ТжДО: «Синквейн» стр.	ТжДО: Ертіс өзені тақыр. Бес жолды өлең құрастырады.	Дөптер, керекті сөздер жазылған плакат. Толқиды, ағады, сарқырайды.	СТОУ ОмОЖТ ОуБООБ (Өзара бір-бірін бағалау)
Үй тапсырмасы	2 мин.	Сөздік, 4 сөйлем құрастыру.	Күнделікке жазады.		ОЖЕСО

Бағалау парағы

Оқушылардың аты жөні	Үй тапсырмасы (Білу)	Түсіну	Қолдану	Талдау	Жинақтау	Бағалау	Мұғалімнің қорытынды бағасы

Мереке ИБРАИМОВА,
Ғабит Мүсірепов атындағы
№43 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
 Солтүстік Қазақстан облысы,
 Петропавл қаласы.

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ

(4-сынып)

Сабақтың мақсаты: үй жануарларының түрлерімен таныстыру және олардың адамға тигізер пайдасын ұғындыру.

Міндеттері: білімділік – үй жануарлары жайлы білімін толықтыру. Үй жануарларының адамға тигізер пайдасы жайлы айту. Тәуелдік жалғауларын қайталау; **дамытушылық** – оқушылардың сөздік қорларын молайту, ой-өрістерін, дүниетанымын кеңейту, тіл байлығын молайту; **тәрбиелік** – төрт түлік малды қорғауға және қастерлеуге баулу.

Әдіс-тәсілдері: тренинг, топқа бөлу, миға шабуыл, ой шақыру, демонстрациялау. **Кіріктірілген модульдер:** оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, сын тұрғыдан ойлау, АКТ. **Көрнекілігі:** интерактивтік тақта, слайдтар, кесте, смайликтер, мәуелі ағаш, А3 қағазы, маркерлер, стикерлер.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңдері:	Уақыты:	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушылардың іс-әрекеті:
Кіріспе	2 мин.	а) Сәлемдесу. Амансың ба, алтын Күн! Амансың ба, көк Аспан!	Бір-біріне тілектер жазып, айтады.

		Амансың ба, жер – ана! Амансың ба, достарым! Сіздерді көрсем қуанам! - Балалар, бүгінгі көңіл- күйлерің қандай? Тамаша, балалар, ендеше қазір «Сәттілік» тренингін өткізейік. Мына бейнекөріністі көріп отырып, алдарындағы стикерлерге бір-біріңе тілек білдіріңдер.	
Топқа бөліну	1 мин.	Ал енді, стикерлердің түстері бойынша топқа бөліне қойыңдар.	Топқа бөлінеді
Үй жұмысын тексеру.	4 мин.	Балалар, үй тапсырмасын «Ғажайып қоржын» ойыны арқылы тексереміз. Қоржыннан сұрақтар жасырылған сандарды алып, соларға жауап береді. Әр топтан оқушылар шығу керек. Мақсаты: өткен сабақты қайталап, үй тапсырмасын тексеру.	Сұрақтарға толық жауап беруге тырысады. Балалар бір-бірін «шапалақ соғу» арқылы формативті бағалайды.
Тұсаукесер	5 мин.	Мұғалім жаңа тақырыппен байланыстыру үшін жұмбақтар жасырады. Жұмбақтарды шешу. Басында екі таяғы бар Төрт аяғы бар Адам деуге болмайды Бірақ сақалы бар (ешкі) Кезекті бір жануар Үстінде екі тауы бар. (түйе)	Оқушылар кестені толтырады.

		Кішкене ғана бойы бар Айналдырып киген тоны бар (кой) Дұрыс жауап берсе, жауабы интерактивтік тақтада шығады. Балалар, қалай ойлайсындар, бүгін біз сендермен не туралы сөз қозғаймыз? Балалар жұмбақтың шешуі арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын айтады.	
		- Яғни, балалар, біздің бүгінгі сабағымыздың мақсаты – үй жануарлары және олардың адамға тигізер пайдасымен танысу. Ал, ендеше, балалар, осы тақырыпта «не білемін?», «нені білгім келеді?» кестесін толтыра қойындар.	
Негізгі бөлім. Мағынаны тану.	14 мин.	Тапсырма: «Үй жануарлары» мәтінімен жұмыс. 1-топ: мәтінді оқиды, мазмұндайды. 2-топ: мәтінді аударды. 3-топ: мәтінге сұрақтар жазады. Сөздік жұмысы: -оқу, аудару; - сөз тіркесін, сөйлем құрастыру.	Топпен жұмыс
		қызмет етеді – служат; пайда әкеледі – приносят пользу; жүн – шерсть; тері – шкура; шұбат – напиток из верблюжьего молока;	Оқушылар дәптерге жазып, оқиды. Смайликтер арқылы бағалау.

		қымыз - напиток из кобыльего молока; береді - даёт. Мәтінде қарамен белгіленген сөздерді тауып, жекеше түрде тәуелдеу.	
	2 мин. 8 мин.	Сергіту сәті. Тапсырмалар: 1-топ: постер құрастыру. 2-топ: бес жол өлең. 3-топ: венн диаграммасы.	Бойларын жазып, демалады. Шығармашылық жұмыс жасайды. Бағалау: Мақтау, мадақтау (формативті бағалау).
Қорытынды	5 мин.	«Дұрыс па, бұрыс па?» ойынын ойнау. Оқушылардан бүгінгі сабақта үй жануарларының адамға тигізер қандай пайдасын білгендерін сұрау. Ал ендеше кестенің «нені білдім?» бағанын толтырайық.	Оқушылар тақтада жұмыс жасайды. Кестенің «нені білдім?» бағанын толтырады.
Үй тапсырмасы:	1 мин.	«Үй жануарлары» тақырыбына тұсаукесер әзірлеу.	
Рефлексия.	2 мин.	Шығармашылық есеп ағашы.	Мәуелі ағашқа сабақтан алған әсерлерін іледі.
Бағалау.	1 мин.	Жиынтық бағаны қою.	

Айғаным АЙШИКОВА,
А.С.Макаренко атындағы
№6 ЖОББМ-нің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН 8-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН НӘТИЖЕ САБАҚ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1-МОДУЛЬ. Отбасы сыйластығы.

Деңгейлік тапсырмаларды орындандар.

Ең алдымен, жас бала үлкендердің сөзіне кимелеп араласпауы керек. Үлкендер өзі «сен айт» деп бұйырғанда ғана, тиісті сөзді айтып беруі керек. Үлкендер сөйлесіп отырғанда, жөнді-жөнсіз сөзге араласа берген баланы ешкім ұнатпайды. Бұл жөнінде «Әке тұрып ұл сөйлегеннен без, шеше тұрып қыз сөйлегеннен без» дейтін тұжырымды қатал ескерту бар. Бұл – көпке ортақ қағида.

ІІІ деңгей.

1. *Араласпайды, ұнатпайды, болмайды* сөздерінен мәтіннің мазмұны бойынша салалас құрмалас сөйлем құраңдар.

2. Сұрақтарға жауап беріндер.
 - 1) Қандай баланы ешкім ұнатпайды?
 - 2) Қалай ойлайсыңдар, неге?
 - 3) Үлкендер арасында балалар қашан сөйлей алады?

ІІ деңгей.

1. «Әке тұрып ұл сөйлегеннен без, шеше тұрып қыз сөйлегеннен без» дегенді қалай түсінесіңдер? Өз пікірлеріңді айтыңдар. Сендер отбасыларыңда үлкендер сөйлескенде араласасыңдар ма?

2. Мәтіндегі қарамен жазылған сөйлемдерді теріп, тұрлаулы мүшелерін табыңдар. Құрмалас сөйлемдердің түрлерін анықтаңдар (салалас құрмалас немесе сабақтас құрмалас).

І деңгей. Жас балалардың үлкендер арасында өзін-өзі ұстауына қатысы қандай ережелерді ұсынар едіңдер?

Сезімталдық

Адамның жан дүниесі ғажайып сырға толы. Көшпелі қоғамдағы ата-ана өз баласының бойындағы сезімталдық қасиетті жетілдіріп, дамытып отыруға көңіл бөліп келген. Сезімталдық дегеніміз не? Бұл – ең алдымен, адам болмысының алтын кілті, моральдық бейнесі, махаббат пен бауырмалдықтың, жанашырлық пен ізгіліктің негізі.

«Сезімталын қарашы» деген сүйсінудің қарама-қарсы баламасына «сезімі жоқ, қара тас қой!» деп түңілуді көреміз.

III деңгей.

1. Мәтіннің мазмұнын сақтап, қысқаша жазыңдар.
2. Мәтін бойынша бірнеше сұрақ құрап, өзара сөйлесіңдер.

II деңгей.

1. «Сезімталдық» ұғымына сипаттама беріңдер.
2. Мәтіннің мазмұны бойынша бір сабақтас, бір салалас құрмалас сөйлем құрап, бастауыш, баяндауышын табыңдар.

I деңгей.

«Сезімталдық» ұғымының мағынасын түсіндірме сөздікті пайдалана отырып, айтып беріңдер. Сендердің отбасыларыңда ата-аналарың осы қасиетті қалай дамытады?

2-МОДУЛЬ. Асханадан тамақтану.

Тағамдар.

Қазақ халқы үшін дастарқаннан үлкен, дәмнен жоғары нәрсе жоқ. «Ас – адамның арқауы», «Жаман ауруға – жақсы ас» деп халық тегін айтпаған.

Қазақтың ұлттық тағамдары негізінен ет пен сүттен дайындалған. Бұл халқымыздың мал шаруашылығымен айналысып, соның өнімдерін ұқсатқанына байланысты болса керек. Айран, қымыз, шұбат, қатық, сары май, құрт, ірімшік, т.б. сүт өнімдері мен қазақша ет, қуырдақтың неше түрі, көмбелер, қазы, қарта, жал, жая, құйрық – бауыр, т.б. ет өнімдері – осы сөзіміздің айғағы. Бірақ «Ас атасы – нан» деп халық нанның да оңайлықпен келмейтінін білген. Келе-келе отырықшылыққа көше бастаған халқымыз бидай, тары, жүгері, т.б. дақылдар егіп, егіншілікпен

де айналысқаны белгілі. Тіпті тарыда дайындаған ұлттық тағамдар (жент, жанышпа, майсөк, т.б.) күні бүгінге дейін келіп жеткен.

Ал теңіз жағалаулары мен өзендерді қуалай мекен еткен елдер балықтан да неше түрлі тағам дайындаған.

I деңгей. Мәтінді орыс тіліне аударып, мазмұнын айтыңыз.

II деңгей. Ойтүрткі. Танымдық сұрақтар.

1. А) «Ас – адамның арқауы» деген мақалдың мағынасы қандай?

Ә) Еттен қандай тағамдар дайындалады?

Б) Сүттен дайындалатын тағамдарды білесіз бе?

В) «Ас атасы – нан» деген сөздің мәні неде?

2. Мәтіннен етістіктің бұрынғы өткен шағында тұрған сөздерді тауып, көшіріп жазыңыз.

III деңгей.

Мәтіннен ұлттық тағамның атауларын тауып, еттен дайындалатын тағамдарды бір қатарға, сүттен жасалатын тағамдарды екінші қатарға жазыңыз.

Мектеп асханасы.

Мәтінді оқып, төмендегі үш деңгейлі тапсырмаларды орындаңдар.

Біздің мектепте үлкен асхана бар. Мұнда салқын тағамдар, ыстық тағамдар, сүт тағамдары және түрлі сусындар сатады.

Біз екі мезгіл осы асханада тамақтанамыз. Таңертеңгі асқа жеңіл тағамдардан ботқа, шай немесе сүт, май және нан аламыз.

Түскі асқа біріншіге сорпа немесе борщ, екіншіге қуырдақ немесе палау, үшіншіге шай немесе кофе, кейде сүт, айран аламыз.

Дастарқан мәзірін көрген соң, даяшыға тапсырыс береміз. Бірақ тапсырыс алған соң, асханада әркім өзіне-өзі қызмет етеді. Пышақ, қасық, шанышқыны бос үстелге қойып, тамақты өзіміз аламыз.

Бұл асханада оқушылармен қатар, мектеп қызметкерлері және мұғалімдер де тамақтанады.

Асхананың іші таза, жарық, кең. Асхана қызметкерлері де сыпайылықпен қызмет етеді.

III деңгей.

1. Берілген тағам түрлеріне сипаттама беріңдер, әрқайсысына мысал келтіріңдер.

Салқын тағамдар, ыстық тағамдар, сүт тағамдары, түрлі сусындар.

2. Мәтін бойынша бірнеше сұрақ дайындаңдар.

II деңгей.

1. Сөздерге фонетикалық талдау жасаңдар.

Асхана, қызметкер, сыпайылық.

2. Сөздерді пайдаланып, сөйлемдер құрандар.

Даяшы, мәзір, тапсырыс, мектеп, қасық, шанышқы, асхана.

I деңгей.

Мектептегі асханаларың туралы шағын әңгіме құрандар.

3-МОДУЛЬ. Асхана.

Қазақ дастарқаны.

Қазақ халқы үшін дәмнен, дастарқаннан үлкен нәрсе жоқ. Дастарқан қашаннан бай әрі тартымды болған. Оның ертеден келе жатқан бай тарихы, қонақ күтуде қалыптасқан тамаша дәстүрлері бар.

Ежелгі дәстүрлер бойынша ас ішер алдында және ас ішіліп болғаннан кейін қонақтардың қолдарына су құйылады. Дастарқанға ең бірінші болып нан қойылады. Дастарқан қазақ халқының дәм-тұз, ас деген киелі ұғымға балайтын барлық тағамдардың мәзірін қамтиды. Дастарқан кімнің құрметіне жасалса, төрде, яғни, дастарқан басында сол адам отырады. Бата жасау, ас қайыру сияқты жораларды сол сыйлы адамнан күтеді. Дастарқан киелі болғандықтан, халқымызда сол сыйлы адамнан күтеді. Дастарқан киелі болғандықтан, халқымызда арнайы дастарқан басындағы ырым-тыйымдар, салт-дәстүрлер бар.

III деңгей.

1. Қазақ дастарқаны туралы қосымша білетінде-ріңді әңгімелеп беріңдер.

2. Жоғарыдағы мәтіннен шылауларды тауып, түрлерін ажыратыңдар.

II деңгей.

1. Сөйлемді сөйлем мүшелеріне талдаңдар.

Дастарқанға ең бірінші нан қойылады.

2. Сөздерді септендер: *дастарқан, дәм, ырым, дәстүр.*

I деңгей.

Дастарқан басындағы ырым – тыйымды түсініп оқып, әңгімелеп беріңдер.

Ас ішіп болған соң, «тойдым» деуге болмайды, «қанағат» деу керек.

Асханада отбасыммен тамақтану

Кей күні біз отбасымызбен асханаға тапсырыс беріп, кешкі асты сол жерде ішуді жоспарлаймыз. Бүгін жұма. Ертең ата-анама демалыс. Сондықтан

ана кешкі асқа көше басындағы асханаға тапсырыс беріп қойған. Әкем, анам, мен және інім – бәріміз барып, отбасымызбен тамақтандық.

Ыстық тамаққа кәуап алдық және шие шырынын іштік. Десертке балмұздаққа тапсырыс бердік. Сөйтіп кешті отбасымызбен өткізіп қайттық.

III деңгей.

1. Мәтінге бірнеше сұрақ дайындаңдар.

2. Жоспар бойынша мәтіннің мазмұнын әңгімелеңдер.

II деңгей.

1. Сөйлемге синтаксистік талдау жасаңдар.

Ыстық тамаққа кәуап алдық және шие шырынын іштік.

2. Сөздерді септеңдер.

Отбасы, кешкі ас, тапсырыс.

I деңгей.

«Асханада отбасыммен тамақтанамын» деген тақырыпқа шағын шығарма жазыңдар.

4-МОДУЛЬ. Қазақстанның ірі қалалары.

Қазақ елінің бас қалалары.

Қазақ елінің мемлекеттілігінің белгісі – ежелден елді бір жерден басқаратын бас қалалары мен орталықтарының болуы. Бұл қалалардың саяси – экономикалық, әскери – шаруашылық, сауда, ең бастысы, ел басқаруда маңызы зор.

Қазақ халқын осылай бір орталықтан басқару мыңдаған жалдар бойы жүргізілді. Қазақ жеріндегі ең алғашқы мемлекет, көне түріктер қағандығының ту көтерген жері – Алтай, Түрік, Түргеш және Қарлұқ

қағандығының астанасы Суябтың іргетасы 5 ғасырда қаланған. Кейін Баласағұн Орталық Азиядағы ірі қалалар қатарына жатқан.

Исфиджаб (Сайрам) және Отырар (Фараб) 8-9 ғасырларда көне түріктердің бас шаһарлары болған. Жанкент (Янгикент) – оғыздардың, Ертіс бойындағы Қимақ мемлекетінің, Сығанақ – Дешті Қыпшақтың орталығы, содан кейін қазақ хандығының астанасы болды.

Кеңес дәуіріндегі Қазақстан астаналары Орынбор, Қызылорда, Алматы қалалары болды. Ал 1997 жылы 20 қазанда Астана Ақмола қаласына көшірілді.

III деңгей.

1. Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар дайындаңдар.

2. Мәтін ретімен қазақ елінің бас қалаларын атап шығыңдар.

II деңгей.

1. Сөздерге фонетикалық талдау жасаңдар.

Ежелгі, Астана, ғасыр, дәуір.

2. Мәтіндегі әр абзацқа жоспар құрып, әңгімелеңдер.

Жоспар:

Қазақ елі мемлекеттігінің белгісі.

Орта ғасырдағы бас қалалар.

Кеңес дәуіріндегі бас қалалар.

I деңгей.

Мәтін бойынша сөйлем құраңдар.

1. Басқару үшін

2. Алғашқы мемлекет.....

3. Ірі қалалар.....
4. Суяб
5. Отырар
6. Түркістан
7. Орынбор
8. Қызылорда
9. Алматы
10. Ақмола

Астана қаласы – жаңа Астана.

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен 1997 жылдың 10 желтоқсанынан бастап Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының жаңа астанасы болып жарияланды. Ал Президенттің 1998 жылдың 6 мамырдағы жарлығымен Ақмола қаласының аты Астана болып өзгертілді. Қазақстан Республикасының өмірінде бұл – төртінші Астана. Алғашқы астана Орынбор қаласында болып отыр. Астана қаласының тұсаукесер тойы 1998 жылдың 10 маусымында салтанатты түрде аталып өтілді. Бұл той құрметіне 20 теңгелік металл ақша шығарылды. Той күндері «Бас қала – Астана балалар көзімен» деген тақырыпта асфальтқа сурет салу сайысы, «Таңғажайып әлем» атты балалар мерекесі, балалар көркемөнерпаздарының концерті өткізілді.

Республика Президенті Н.Назарбаев «Жаңа Астана – тарихи оқиға. Бұл – елдің өз тәуелсіздігін алып, көк байрағын көтергенмен бірдей қуаныш» - дейді.

III деңгей.

1. Мәтінді оқып, аударыңыз.
2. Сан есім қандай сұрақтарға жауап береді? Мәтіннен теріп жазыңыз.

3. Мәтінге сұрақтар құрастырыңыз.

II деңгей.

1. Мәтінді оқып, мазмұнын айтыңыз.
2. Сан есім туралы айтыңыз. Мәтіннен тауып, сөйлем құрастырыңыз.
3. Астана туралы диалог құрастырыңыз.

I деңгей.

1. Астана қаласы туралы не білесіз? Әңгімелеп беріңіз.
2. Мәтіннен сан есімді тауып, түрлерін анықтаңыз. Сөйлем құрастырыңыз.
3. «Астана – тәуелсіздіктің алтын бесігі» деген сөйлемге ой-пікіріңізді жазып келіңіз.

5-МОДУЛЬ. Қазақстан балалар жазушылары.

«Өз басым ауыз әдебиетімен тілім шыға таныстым деуіме болады. Менің анам Зейнеп халық өлеңдерін құлағыма ерте кұйды. Солардың пайдасын мен күні бүгінге дейін көріп жүрмін. Мысалы, өтірік өлеңдерді, жұмбақ-жаңылтпаштарды халықтық нұсқалардан үйрене отырып жаздым... Шығармашылықтың енді бір қайнар көзі – халық арасындағы аңыз-әңгімелер, әзіл-оспақтар, ертегі, хикаялар... Бірсыпыра шығармаларым халықтың ертегі,

аңыздарынан алынған. Мәселен, «Мейман» деген кішкентай поэма. Осы қатарда «Жақсыбай батыр мен Елпекбай», «Сараң», «Көк сиыр көтерген келіншек», «Бүркіт пен жапалақ» сияқты туындыларды атауыма болады. Халық шығармашылығына еліктеп, өзім де аңыздар ойлап тауып, өлеңге түсіріп жүрген жайым бар. Мәселен: «Шөже мен Алшынбай», «Еріншектер елінің Ертеңбайы», «Қос керуен», «Күлдіргілер», «Кім ұтылды, кім ұтты? т.б.».

III деңгей.

1. Мәтінді көшіріп, жалқы есімдерді бас әріппен жазыңдар.

2. Аударма сөздікті пайдаланып, шығармалардың атауын ауызша аударыңдар.

II деңгей.

1. Сұрақтарға дәлелді жауап беріңдер.

1) Ақынның айтуы бойынша, оның халық өлеңдеріне деген сүйіспеншілігін туғызған кім?

2) Ақын өтірік өлеңдер мен жұмбақ-жаңылтпаштарды нелерге сүйеніп жазған?

2. Мәтіннен етістіктерді теріп алып, тұйық етістік формасын жасаңдар. Жасалу жолдарын түсіндіріңдер.

I деңгей.

М.Әлімбаевтың «Мейман» деген поэмасының мазмұнын әңгімелендер.

(Жалғасы бар).

Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА,
№1 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Ақмола облысы,
Бурабай ауданы,
Щучинск қаласы.

ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР

(8-сынып)

III. Отбасымызда тілдер үйренеміз

I деңгей.

1. Мәтінді аударып, сұрақ- жауап құрастыру.

2. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Көп тіл білу ненің талабы?

2. Полиглот деген кім?

3. Қандай шет тілдерін білесіңдер?

II деңгей.

1. Төмендегі сөздерді пайдаланып, сабақтас құрмалас сөйлемдер жазыңдар.

Көптеген, терең, бай, ежелгі, пайдалы.

2. Сөз тіркестерін аударып, сөйлемдер құрастыр.

Прийти к взаимопониманию, найти общий язык, язык отнялся, много говорить;

III деңгей.

1. Тест тапсырмасын орындау.

1. Жер бетіндегі адамдар неше тілде сөйлейді?

А) екі жүз;

Ә) бес мыңдай;

Б) оң мыңдай.

2. Талғаулы салалас құрмалас сөйлемнің ерекшелігі неде?

А) жай сөйлемдер жалғаулықсыз байланысады;

Ә) *я, немесе* жалғаулықтары арқылы байланысады;

Б) *бірақ, сонда да* жалғаулықтары арқылы байланысады.

3. Жалғаулығы жоқ салалас түрін табындар.

А) ыңғайлас салалас;

Ә) талғаулы салалас;

Б) түсіндірмелі салалас.

4. Жай сөйлемдер не арқылы құрмаласып тұр?

Атағың көпке кетіп жатыр және соны күндейтін де кісі көп.

А) шылау арқылы;

Ә) жалғаулық арқылы;

Б) мағынасына қарай.

5. Берілген құрмалас сөйлем құрмаластың қай түрі?

Бәйбіше қымыз сапырып, алдын Төлеге ұсынып, екінші тостағанды балаға берді.

А) салалас құрмалас сөйлем;

Ә) сабақтас құрмалас;

Б) аралас құрмалас.

IV деңгей.

«Ана тілі» тақырыбына ойтолғау жазу.

IV. Қазақстанның ірі қалалары

I деңгей.

1. «Қазақстан» өлеңін мәнерлеп оқу, жаттап алу.

2. Өлеңдегі қазақ тіліне тән дыбыстар кездесетін сөздерді теріп жазу.

II деңгей.

1. Өлеңдегі тірек сөздерді тауып, көшіріп жазу.

2. «Қазақстан қалалары» тақырыбына диалог құрастыру.

3. Төмендегі сөздердің синонимдерін жазу.

Ұлан-байтақ жер –

Көркем қала –

Елорда –

Зәулім үйлер –

III деңгей.

1. Өлеңнің мазмұнын қазақ тілінде жеткізіңдер.

Карта Казахстана

Взгляните на карту, на наш Казахстан.

Там снежные пики, степной океан,

И реки, что свет посылают в аулы,

И горы, где дышит в ущельях туман.

2. Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндір.

Ырыс алды- ынтымақ.

Бірлік бар жерде тірлік бар.

IV деңгей.

1. «Менің қалам» тақырыбына шығарма жаз.

V. Қазақстан балалар жазушылары

I деңгей.

1. «Балалар әдебиеті» тақырыбына диалог құрастыру.

2. Мәтіндегі жалқы есімдерді анықтау.

II деңгей.

1. «Балалар әдебиеті» мәтінін мазмұндау.

2. Кестені толықтыру.

Шығармалары	Не туралы? Авторы кім?
«Шоқан асулары»	
«Бала Шоқан»	
«Бала мерген», «Сәтжан», «Көксегеннің көргендері»	
«Жас бұтақ», «Хат», «Мектеп бағында»	

III деңгей

1. Тест тапсырмасын орындау.

«Туынды зат есімдер мен жалқы есімдер»

1. Төмендегі туынды зат есімдер қандай жұрнақтар арқылы жасалып тұрғанын көрсетіңдер:

- а) қырғыш;
- ә) үйшік;
- б) келешек.

2. Есім сөздерден жаалған туынды зат есімді анықтандар:

- а) батпақ;
- ә) шуыл;
- б) адамдық.

3. Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтарды табыңдар:

- а) -ым, -ім;
- ә) -лық, -лік;
- б) -қор, -қой.

4. Қай қатарда туынды зат есімдер жазылғанын табыңдар:

- а) жер, қала, әлем;
- ә) айтыс, білім, басты;
- б) әке, апа, бала.

5. Құрама зат есімдерді табыңдар:

- а) атамекен, атажұрт, алтыбақан;
- ә) аяқкіім, бал дәурен, ауа райы;
- б) қайын ата, қайнаға, білезік.

2. Мына сөздердің мағынасын түсіндіріңдер, 3-4 сөйлем құрастыр.

Ұшып тұрам –

Аяғының ұшымен жорғалайды –

Құтты болсын –

IV деңгей.

1. «Менің сүйікті жазушым» тақырыбына шығарма жазу.

2. Құрбыларыңмен туған күн туралы пікірлес. «Туған күн» тақырыбына ойтолғау жазу.

VI. Табиғатты қорғайық

I деңгей.

1. «Табиғат – анамыз» мәтінін аударып, сұрақ-жауап құрастыру.

2. Мәтіннен тірек сөздерді тауып, әңгімелеу.

II деңгей.

1. Өлеңнің мағынасын қазақ тілінде бер.

Что может быть милей

Бесценного родного края?

Там солнце кажется светлей,

Там радостней весна золотая.

2. Табиғат туралы диалог құрастыр.

III деңгей.

1. Көп нүктенің орнына баяндауыштың дұрыс нұсқасын жазыңдар.

1. Табиғат адамдардан қамқорлық ...
 - а) күтеді;
 - ә) талап етпейді;
 - б) қажет етпейді.
 2. Бір гектер жерді алып жатқан қарағай жыл сайын он тонна оттек...
 - а) жұтады;
 - ә) қажет етеді;
 - б) шығарады екен.
 3. Корея мемлекеті қоршаған органы қорғауға ерекше мән береді.
 - а) көрсетеді;
 - ә) қосады;
 - б) береді.
 4. Біз республикамыздың табиғатын ...
 - а) болып отыр;
 - ә) айта береді;
 - б) сақтауымыз керек.
2. Берілген сөздердің түбірлерін анықтандар.
Өндіріс, елдерде, тіршілігінен, дамыған, құстар, табиғатын, күнде, байлығын.
- IV деңгей
1. «Табиғат – біздің панамыз» тақырыбына шығарма жазу.
 2. «Табиғат» тақырыбына байланысты тест құрастыру.

Асемгуль АСАЙБЕКОВА,
учитель казахского
языка и литературы
Наталья НАТКЕ,
заместитель директора по
воспитательной работе.
Северо-Казахстанская область,
Акжарский район,
Казанская средняя школа.

ЖЕМЧУЖИНА СЕВЕРА

*(К 180-летию со дня рождения великого казахского акына,
композитора Биржан сала Кожажулулы)*

Действующие лица учащиеся 9 – 11 классов:

Биржан, Мать Биржана, Отец Биржана, Естай,
Девушка Алтынай, Сара, Жиенкул, Жанбота, Серик.

Оформление зала: (кереге) имитация юрты, портрет Биржан сала, на сцене праздничный дастархан, сопровождающая музыка, высказывания известных людей о Биржан сале.

Цель: познакомить учащихся с творчеством великого казахского акына, композитора Биржан сал Кожажулулы; воспитывать в учащихся нравственность.

Жүргізуші:

- Қайырлы кеш, құрметті қонақтар! Қазақ халқының ұлы акыны, композиторы Біржан сал Қожағұлұлының 180 жыл толуына арналған әдеби кешімізге қош келдіңіздер!

Ведущие:

- Дорогие друзья! Мы начинаем праздник, посвященный 180-летию со дня рождения великого казахского акына, композитора Биржан сала Кожагулулы. (музыка продолжается, ведущие читают биографию акына)

Жүргізуші:

- Бүгінде акын ортамызда болмағанымен алып акынның өзінің көзінде көретін мөлдір де сырлы өлеңдері мен әндерін халқынан қалтқысыз бағасын алып, келер ғасырға керуен көшін сенімді түрде ұзатып барады.

Ведущие:

- В последнее время мы все чаще обращаемся к забытому нами духовному наследию. К нам возвращаются имена, преданные забвенью. Мы, кажется, только сейчас начинаем понимать, что создать новую культуру невозможно без знания прошлой, и возвращаем свои духовные ценности, учимся уважать человека, мыслящего нестандартно, не так, как все, не так как мы, пытаемся найти что-то полезное для себя в его образе мыслей. И открываем новое, заставляющее нас совершенно иначе посмотреть на мир, на те или иные явления.

(Музыкальный номер: песня «Қазақ осы»).

Первое действие.

Ярмарочное гулянье в казахском селении Куянды. Традиционные народные увеселения — борьба силачей, игра в кости, качели. Радостную весть

приносит крестьянам юноша Естай: приближается его друг, всеобщий любимец, народный певец и поэт Биржан. Больше всех взволнована этим сообщением девушка Алтынай, влюбленная в молодого певца. Она пытается узнать у Естая, вспоминал ли о ней Биржан в дни своих странствий. Естай пробует отшутиться и не ответить прямо на вопрос. Но девушке все же удается выведать, что мыслями Биржана завладела прекрасная Сара — вдохновенная народная певица. Она также должна прибыть на празднество — собравшиеся будут свидетелями творческого состязания Биржана и Сары, двух прославленных мастеров народного пения. Издалека звучит песня Биржана, прославляющего родной край. Радостно приветствует народ своего любимца. Но праздник омрачается появлением бая Жиенкула, всевластного богача. Его сопровождают большая свита, стражники и слуги. Среди них и подлый, лживый Серик, телохранитель царского сатрапа, местного правителя Жанботы. Да и сам правитель не замедлил явиться на гуляние. Появление прекрасной Сары не ускользает от взора Жиенкула, пораженного ее красотой. Мысли Сары устремлены к одному лишь Биржану, а молодой певец думает только о любимой Саре. Приветствуя друг друга, народные певцы заводят спор о том, какая песня лучше. Сара прославляет песни радости и веселья, Биржан — песни гнева и борьбы. Соревнование певцов прерывается приказом бая привести к нему Сару — она будет четвертой женой Жиенкула. Девушка решительно отказывается повиноваться. Биржан обращается к

баю и правителю Жанботе с резкой обличительной речью, а на угрозы правителя отвечает остроумной песней, высмеивающей Жанботу. Правитель приказывает стражникам схватить Биржана, но народ защищает любимого певца и вынуждает Жанботу и его приближенных удалиться с ярмарки.

(Музыкальный номер: песня «Алтын бесік»)

Второе действие.

Биржан, сидя у своей юрты, раскинутой на берегу озера, воспевает в страстной песне возлюбленную Сару. Старая мать Биржана не спокойна за сына. Еще больше встревожен его трусливый, забитый нуждой отец, которого муллы предостерегают от опасности столкновения с властями. Но Биржана не страшат богатеи и царские прислужники. Певец не одинок, за него народ. Биржан охотно рассказывает друзьям о своих дальних странствиях, о встречах с замечательным поэтом и борцом за свободу Абаем, он поет им чудесные песни Абая. Среди молодежи, пришедшей повидаться с Биржаном, — и его возлюбленная Сара. Здесь же и ее соперница — Алтынай. С трудом удается верному другу певца Естаю отвлечь ревнивую девушку. Оставшись на короткое время одни, Биржан и Сара клянутся друг другу в вечной любви и верности. Но опасность уже подстерегает влюбленных. Жанбота и его стражники силой вырывают у Биржана Сару и увозят в дом Жиенкула.

(Музыкальный номер: песня «Қазақ елі»)

Третье действие.

Богато и пышно празднует свою свадьбу бай Жиенкул. Песни, пляски, игры. Естай, чтобы помочь своему другу Биржану и спасти несчастную Сару, решает напугать бая и его гостей. Оставшись наедине с Сарой, Биржан предлагает бежать в далекие края, где им помогут русские друзья. Но движимая слепой ревностью Алтынай приводит стражников, чтобы разлучить Биржана и Сару. Отважный певец преисполнен решимости защищаться — перед его кинжалом отступают враги. Однако хитрый Серик, подкравшись сзади, набрасывает на юношу петлю аркана. Биржан заточен в тюрьму.

(Музыкальный номер: танец исполняет группа «Шұғыла»)

Жүргізуші:

- Махаббат пен сүйіспеншілік тақырыбына соқпай кеткен ақын жоқ, өйткені махаббат мәселесі- бұл мәңгілік тақырып. Әр ақын өз сезімін, өзінің ішкі жан дүниесін әрқалай шығарады. Ақынның сезімінде жасандылық жоқ. Махаббат бір қуаныш, бір үміт, бір күдік болатындығы жасырын емес.

Ведущий:

- Утром темным,
днем холодным тихо пойду,
Отведу лучом покорным от тебя беду,
Друг мой сердечный.
Ты поверь мне, я не стану солнцем для других,
На твоём плече оставлю свет своей руки -
Свет всей вселенной...

Гүлсім БАЙМҰХАМБЕТОВА,
Алматы қаласындағы
№5 мектеп-гимназияның
мұғалімі.

Четвертое действие.

Охраняющий вход в тюрьму, где томится несчастный Биржан, часовой Серик уснул. Тайком от стражи Сара пробирается в ущелье, но следившая за ней Алтынай поднимает тревогу. Приходят Жанботы и муллы, чтобы вынести приговор: нарушитель закона останется в ущелье до смерти. Вбегают друзья Биржана, его мать, но уже поздно. Поэта нельзя спасти, он прощается с жизнью и умирает. Сара берет в руки его домбру, чтобы продолжить дело любимого, нести людям добро и свет своим искусством.

Жүргізуші: - Біржан сал – ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы сал-серілерінің ең басында тұратын есім. Ол ақындық, сазгерлік пен әншілікті ұштастыра отырып, қазақ өнерінің үш бірдей саласын жаңа биікке шығарып, ерекше даңққа бөленді.

Жүргізуші: - Біржанды өз құлағымен тыңдаған данышпан Абай:

Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең - менше сүй, -

деген мәңгілікке жетерлік сөз қалдырған.

Ведущий:

- Люди смертны

Жизнь проходит,

А бессмертен лишь народ,

С ним и песня не умрет!

Музыкальный номер: песня «Туған жер».

ӨЗГЕ ТІЛДІҢ БӘРІН БІЛ, ӨЗ ТІЛІҢДІ ҚҰРМЕТТЕ

Мақсаты: түркі тілдес халықтардың тіл тарихымен, түркі тілін зерттеуші ғалымдардың жұмысымен танысу, ежелгі астанамыз Түркістан туралы әңгімелеу. Тілді, елді құрметтеуге тәрбиелеу, тілдер апталығының маңызын жеткізу.

Жүргізуші:

- Құрметті қонақтар! Бүгін біздің елімізде үлкен мереке, Қазақстан халықтарының тілдер апталығы басталды. Мен Сіздерді осы мейраммен құттықтаймын. Сіздерге әрқашан табыс тілеймін. Достығымыз нығая берсін.

Мектебімізде әрбір сыныпта тілдер апталығына арналған ана тілі туралы әңгіме болды. Жатжазу жаздық, өлең айтылды, ән шырқалды. Ал қазір 9-11-сынып оқушыларына арнап халықаралық ғылыми конференция өткіземіз. Конференцияның аты: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!». Конференцияға басқа елдерден қонақтар келіп отыр. Танысыңыздар: 1) АҚШ-тан профессор Вечаслав Захаров. 2) Германиядан келген белгілі шығыстанушы ғалым, профессор Зиятова Амира ханыммен

танысыңыздар. 3) Ресейден атақты лингвист академик Маргарита Владимировна Иванова ханым келіп отыр. 4) Ал қазақстандық ғалым профессор Назерке ханымды бәріңіз білесіздер.

Сонымен, халықаралық ғылыми конференцияны бастайық. Біз ғалымдардың түркі тілдері туралы өз пікірлерімен танысамыз.

Алғашқы сөз қазақстандық ғалым профессор Томпақоваға беріледі.

Қазақ ғалымының сөзі: - Құрметті ұстаздар мен оқушылар. Сіздерді республикамызда басталған Тілдер апталығымен құттықтаймыз. Өз тілдеріңізді сүйіп, басқа тілдерді құрметтеп, оларға қызығып жүрулеріңізге тілектеспін.

Қазақ халқының тілі – әрі бай, әрі көркем. Қазақ тілі – қазақ халқының тарихымен бірге жасап келеді. Сондықтан, қазақ тілі – ұрпақтан ұрпаққа қатынас құралы ретінде қызмет етіп келеді. 1989 жылдан бастап мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Қазақ тілі – түркі тілдері тобына жатады. Мына сызбамен танысайық (Тіл тарихы плакатымен жұмыс).

Міне, менің ана тілім – қазақ тілінің тарихымен қысқаша таныстыңыздар. Әлемде түркі тілдес халықтар саны – 80 мың. 30-дан астам түркі тілдерінің біреуін білсең басқа түркі халықтарын ұғасың.

Американ ғалымының сөзі: - Мен сіздерді мерекелеріңізбен құттықтаймын және әрқашан да, қандай іс болса да табыс тілеймін.

Мен өз елімнің ғалым-түркологтары туралы айтқым келеді. Олар сіздердің елдеріңіздің тарихын, халықтың тілін зерттеп жүр.

АҚШ-тың Нью-Йорк штатындағы Хамильтон қаласындағы университеттің оқытушысы, доктор, саясат ғылымының профессоры Марта Олкаш 90-жылдардың басында «Қазақтар» деген кітап жазған. Бұл кітап: «Қазақ хандығының орнауы мен құлдырауы», Қазақстандағы отаршылдық билік; «Кеңестік Қазақстан» деген 3 тараудан тұрады. Онда қазақ зиялыларының саяси даму тарихы баяндалады.

Индияна штатындағы университет профессоры Цильям Фриман қазақ баспасөзімен жұмыс істегенді жақсы көреді. Өйткені ол ағылшын халықтарының мәдениеті мен тілін зерттеу Орталығын басқарады. Қазір Фриман мырза қазақ тілін жақсы біледі. Қазақстанға келіп, керек материалдарды жинап әкетеді. Біздің елде түркологтар аз. Лингвистика саласында Роберт Фельдман деген ғалым бар. Ол қазақ тілін үйреніп, қазақ лирикасын зерттеумен шұғылданып жүр. Міне басқа елдің өкілдері қазақша білгенде сіздер әрине өз мемлекеттік тілдеріңізді білулеріңіз керек.

Неміс ғалымының сөзі: - Мен сіздерге неміс ғалымдарының сәлемін жеткізгім келеді. Түркология ғылымының бір дәуірін зерттеген неміс Радлов туралы айтқым келеді. Фридрих Вильгельм (орысша – Василий Васильевич) Радлов 1837 жылы 5 қаңтарда Берлинде офицер отбасында дүниеге келді.

Ол Берлин университетінің философия факультетін бітірген. Ол еврей, араб, парсы, түрік тілдерін қатар үйренеді. Студент кезінде ол «Якуб тілінің грамматикасы» атты еңбегімен өзіне таныс Петербор университетінің Шығыс факультетіне түсуді алдына мақсат етеді. Ол орыс тілін үйренеді. 1858 жылы Петерборға келеді. Тіл үйренудің тамаша мектебі ел арасына бару екендігін жақсы түсінген ол Барнаулда неміс тілі мен латын тілінің мұғалімі болады. 1862-1968 жылдары Қазақстанға келіп, тіл жөнінде сөздік құрастырып, тұңғыш түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасын жазады, көне түркі жазбаларын зерттеп, басып шығарады.

Орыс ғалымының сөзі: -Здравствуйте, уважаемые учителя, учащиеся. Я приветствую вас от имени российских ученых и лингвистов.

Сегодня в вашей стране празднуют начало большого праздника – недели языков народов Казахстана. ваша страна многонациональна и проведение этого праздника должно еще более укрепить нашу дружбу. Если взглянуть в глубь истории наших языков, то мы увидим их взаимопроникновение. Сегодня на научной конференции мы рассматриваем историю тюркских языков. При подготовке к конференции я обнаружила в русском языке много тюркских слов. Все вы читали роман М.Ю.Лермонтова «Герой нашего времени» помните слова «Карагоз, кунаки, аул». А знаете ли вы что означает: Беркут – бүркіт, буран – боран – метель, қарындаш – қара тас – черный камень, богатырь – батыр – герой, деньги – теңге – монета.

Недавно мне довелось встретиться с книгой Николая Александровича Баскова. Русские фамилии тюркского происхождения. В ней описано 300 фамилий. Эти статьи привлекают внимание своей научной обоснованностью, фактической доказательностью. Например, он рассматривает фамилии Тургенев, Карамзин. Тургенев от турген – горячий, скорый, беспокойный. Карамзин – қара мырза – черный господин.

Вообще, это очень интересная работа – исследование происхождений тех или иных заимствованных слов. В ходе работы я читала книгу вашего известного поэта Олжаса Сулейменова «Азия», Мурата Агджи «Полынь половецкого поля», Льва Гумилева «Древняя Русь и Великая степь». Ребята, я рекомендую вам прочитать эти книги.

Я согласна с моим коллегой, с профессором Назерке Мейрамовной, что зная прекрасно один из тюркских языков, можно понять и узнать другие. В вашей стране вы изучаете один из тюркских языков – казахский, который является государственным. Зная казахский язык, вы можете добиться больших успехов в лингвистике. Желаю вам успехов, удач.

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді. **Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж Қуәлігі** берілген.

Басуға 07.04.2015 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 835. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№4, 2015 ж., 144 бет, Алматы.